



БАЯННЫҢ БАТЕР ҰЛДАРЫ



Қамкен Жәнбеков жұбайы Күлшатпен

Ұшқыш Балтабай Түсіпбаев –
әріптестері арасында



Ағайынды Салық,
Садық Сапабековтер



Мұқаш Ысқақбеков

Қамкен



Мағаз қыстаудың
Мағаз Бірімжановқа
арналған белгітас

Күйрекшілік қайнау

Калыңайдағы болғар адамнан үзіл Назар. Көктемде
кесі зең пәндердегінде дәүннен түркін. Үйден бір седән
бөлді. Ол – қызын зеңнен 4 күндердегінде
сағында жарылғанды, баласында тиңең көрді.

Мен, 2006 жылдарда: ғалымдардың шебіндегі
көзін, отаргердің көзіндең 2006 жылдан бері
назардан көзінде жағынан (дүкен 306)
шешін, ғалымдардың езін 3000 тонна
ордуалардан көзіндең түбін көзінде
бекітіп айттым. Мен, деңгелінде
көзін сұрсаң, сіз ғранческінде Абделла
Карим көзіндең көзіндең көзіндең
жасаңда көз сөз көрдіндең көзіндең
жасаңдың айттым.

Соғыстан кейін Қамкен Жәнбековке келген хаттардың бірі

Мол
апар

Шакый қаласындағы Шәктай Машрапов
жерленген бауырластар зираты



Ақмұқан Сыздықбеков



Қамкен Жәнбеков жұбайы Құлшат,
немесі Айнүрмен



13-ші жеке атты артиллерия
дивизионының құпия құжаты



Молша Шағалиннің Мәскеуге
апарған «Баян» атты аты



Шәктай Машрапов есімі жазылған белгітас

Қадырова Жанаргұл



**БАЯННЫЦ
БАТЫР ҰЛДАРЫ**

Павлодар, 2025

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Каз)

Қ14

Автор жобаны жүзеге асыру барысында қолдау көрсеткен «Екібастұз дауысы – ақпараттық орталығы» ЖШС және оның құрамындағы «Отарқа» газетінің редакциясына, материалдар жинауга үлес қосқан жерлестер Сұңғатбек Сапабековке, еңбекті тарихи фотолармен толықтырылған Бақытжан Сәрсенбаевқа, кітаптың жарық көруіне қаржылай қолдау көрсеткен Күркелі тұмасы – меценат Ерлан Каналимовқа және майдангерлер үрпақтарына алғыс білдіреді.

Қадырова Ж.
Қ14 **Баянның батыр ұллары.** – Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, 2025. – 144 б.

ISBN 978-601-373-194-0

Бұл кітап тарихқа «Ұлы Отан соғысы» деген атпен жазылған II дүниежүзілік соғыска қатысан сарбаздар өмірінен сыр шергетін деректерден құралған. Мұнда автордың журналистік ізденісі негізінде әр жылдары баста беттерінде жарияланған макалалары топтастырылған. Материалдар Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған және майданға осы жерден аттанған жауынгерлер өмірін камтиды.

Кітап калың көшілікке арналған. Мектеп окушыларына патриоттық тәрбие беруде колдануға әбден лайық.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Каз)

ISBN 978-601-373-194-0

© Қадырова Ж., 2025

АЛҒЫСӨЗ

II дүниежүзілік соғыстағы Женістің 80 жылдығына орай қолда-рыңызға тиіп отырған бұл кітапты отансүйгіштіктің, ерліктің дастаны деуге болады. Кітаптың шығуына әр жылдары соғыс ардагерлері туралы жазған макалаларым түрткі болды.

2015 жылы «Отарқа» газетінің сол кездегі редакторы Жассерік Сәдуақас лездемеде: «Жанарғұл, Женістің 70 жылдығына қатысты материалдарды саған жүктейін», – деді. Содан бастап өзімше ізденіп, газет бетінде алуан тақырыптағы материалдар беріп отырдым. Көптеген материалдардың жазылуына мені арнайы іздей келіп, мәліметтер мен фотосуреттер әкеп берген адамдар себеп болды, олардың көбі – майдангерлердің ұрпактары. Макалаларды әзірлеуде негізінен Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі орталық архивінің электронды базасына жүгіндім, өйткені кей адамдар ұсынған материалдарда жаңсақтықтар кездесіп жатты.

Қаламымнан шыққан туындылардың бір бөлігін тұған ауылымнан (Күркелі ауылдық округінің Жұмат Шанин ауылы) түлеп ұшқан майдангерлердің өмір жолы құрайтындықтан, ауыл ардагерлерінің майдан жолын бір бөлек кітап ету туралы ой аракідік пайда болатын. Өкінішке қарай, хабарландыру жасағынымен, майдангерлердің өмірбаян, құжаттарын ұсынған адам аз болды. Аталарының өмір жолын мұлдем білмейтіндер, тіпті қызығушылық танытпайтындар кездесті.

... Біз мектепте оқығанда ардагерлер қатары қалың еді, сондықтан оларды танып-біліп өстік. Бірақ жас болғандықтан, өмір жолдарына жіті үңілу ойға келмепті. Ал қазір көпшілігінің есімдері ұмытылып барады, өзім туып-өсken Күркелі ауылынан шыққан соғыс ардагерлері бір базада, құжатта яки кітапта жеке-дара жүйеленіп, жинақталмаған («Женімпаздар» кітабын айтпағанда). Бұл кітапты осы олқылықты толтыруға жасалған бір қадам деуге болады.

Кітапқа Ұлы Отан соғысына қатысқан ауыл ардагерлерінің бәрін қамту мүмкін болмады, оның себебін жоғарыда атадық.

Сонымен катар, Жұмат Шанин ауылынан бөлек, Баянауыл ауда-
нында туған, соғысқа осы жерден аттанған, ғұмыры Баянауыл то-
пышрағымен байланысты өрілген бірқатар майдангерлер баяны ен-
гізілді. Жинакта тұтас өмірбаяндық деректерді тізбелеп шығуды
мақсат тұтқан жоқпыз, негізінен журналистік жазбалар топтасты-
рылып, оған қоса жерлестеріміз ұсынған деректермен толықты-
рылды.

9 мамырда әркім әлеуметтік желілер арқылы майдангер ата-
сын насиҳаттап жатады, бірақ бір ауылдың сарбаздары бір еңбекке
шоғырлануы тіпті тамаша әрі қашанда кітапханалардан табылады
емес пе.

Осы шағын еңбегіміз Отан үшін қан төгіп, бізге бейбіт өмір
сыйлаған аталарымыздың есімін ұмыттырмай, жас ұрпақ үшін
отансүйгіштік пен ерлік алауын маздатарлық құрал болады деп се-
неміз.

*Жанарғұл ҚАДЫРОВА,
Қазақстан жазушылар одагының мүшесі,
кітап авторы*

Біздің Шанин ауылдының қарттары

Біздің Шанин ауылдының қарттары –
Қарт тарихта қалған мәнгі даңқтары.
Бір кітапқа лайық шіркін еңбегі,
Ардакты ғой әрбірінің аттары.

Біздің Шанин ауылдының қарттары
Ел сенімін қай кезде де ақтады.
Көз алдымда жайнамазға бас иіп,
Бүйірғанға шүкір еткен шактары.

Біздің Шанин ауылдының қарттары
Ешқашан да үйде тыныш жатпады.
Жас құнінде Отан үшін өрт кешкен
От бозбала еді олар саптағы.

Біздің Шанин ауылдының қарттары –
Елден асқан ерек көңіл, мәрт-тағы.
Бірі, бәлкім, қалды білем мақталмай,
Бірі лайық медалін де тақпады.

Біздің Шанин ауылдының қарттары –
Бәйтерек қой тамыр жайған бақтағы.
Солар салған соқпақ бізді жетелеп,
Атқан алдан әз бақыттың ақ таңы.

Біздің Шанин ауылдының қарттары –
Шеттерінен дегдар, дана, саф – бәрі.
Өзге жүрттың мінін іздел сабылмай,
Үрпағының ошақ оты – жаққаны.

Біздің Шанин ауылдының қарттары
Абыройын әр заманда сактады.
Рамазанда жаулықтары желбіреп,
Немересі – бар байлық пен баққаны.

Біздің Шанин ауылдының қарттары
Бәлкім, бейнет болды өмірден тапқаны.

Әркайсысы бір-бір патша екен ғой,
Қарай қалсан, мұрасына арттағы.

Біздің Шанин ауылының карттары
Шежіренің бай сандығы бол қалды.
Есімдерің өр кеудемнің төрінде,
От жүрегім – сіздер шығар тақ мәңгі.
Басымды ием, жасай бергін, қарттарым!

2024 жыл

Боздақтар

Токсан үш жаста өмірден озған Орынтай әжем үнемі,
Тұнғышы жайлы айтатын сыздап жүрегі.
19 жаста хабарсыз кеткен қыршының
Ең құрығанда «өлді» деп есту – тілегі.
Қырық екінің күзінде қайран ұлының
Жат жерде қаза тапқанын әжем білмеді.
«... Бір жерде жүр ме?» деген бір үміт өлмеші
Жайлаған болар аналық аbzал қеудесін.
Қаралы қағаз ұстамаған соң қолына,
Өлді деп дүға оқырын тағы білмесін.
Әжеме менің осылай тағдыр – қатігез
Өлгенше айтпай қасарды анық бір кесім.
Әкеміз оның кенжесі еді – қазантұп,
Сағынышына інлік қоңыр саз артып,
Ағасын ол да күтпеді аңсап дейсің бе,
Деуменен «келед үйімді қашан базар қып?».
Оған да тағдыр жазыпты бірақ пәниден
Ағасы жайлы бір хабар білмей озар қып.
... Мен болсам жылда тоғызы күні мамырдың
Аспаннан аппак көгершін іздең сабылдым.
Кептерлер жақсы жаңалық ала келердей,
От болып жанды бота көңілде шағыл мұн.
Ардагерлерге гүл беріп жатса балалар,
Женістің жырын жаттап ап, ән бол ағылдым.

«Менің де атам болса ғой қазір» деуменен,
Жеңістің құнын түсіндім ерте: елменен
Жүздесе қалса Қамкен ата ауылдас,
Жас алмай көзге, жайланып сөйлеп көрмеген.
Жауынгер ата қанқұйлы майдан жайында
Әңгіме шертсе, қайғы мен шері селдеген...
Балалық күндер атамды күткен ғажайып,
Келмеске кетті, ардагер саны азайып.
Көгілдір байрак қып-қызыл туды құлатты,
Қария тарих сілкінген шакта тазарып.
«Боздактар» деген бозарған кітап кешіге
Боздактан үйге хабарды келді өзі алып.
Жат жерде жатыр елі үшін шейіт есілдер,
Бейтаныс тілде қашалған тасқа есімдер...
«Туған жерінен бір уыс салсам топырақ» –
Осы бір арман түйіні қашан шешілер...
Алақан жайып, ұмытпай дүға етіндер...

2010 жыл

КҮРКЕЛІ САРБАЗДАРЫ

«Соғыстан қайтқан солдаттар...»

Құжат: Южный ауылдық округі (қазіргі Күркелі ауылдық округі – Ж.Қ.) аумағында тұрып жатқан Ұлы Отан соғысына қатысушылардың
1986 жылғы 1 сәуірге ұсынылған тізімі

Соғыс мүгедектері:

1. Эбілқасов Бәйкен – II топ;
2. Жанәділов Қабылтай – II топ;
3. Сәдіғазин Қабыкеш – III топ;
4. Сарбасов Ыдырыс – II топ;
5. Теңкіманов Әбди – II топ;
6. Шахметов Төлепберген – II топ.

Соғысқа қатысқандар:

1. Әлменбаев Қабиден
2. Әблешов Хамит
3. Дүйсекеев Жұмабай
4. Жәнбеков Қамкен
5. Жалбыров Тұрсынбек
6. Жұнісбеков Айтбай
7. Қамашев Әлібек
8. Қамашев Қожагелді
9. Қоқымбаев Жантұрсын
10. Құмісбеков Сейфолла
11. Қыпшақбаев Ғалымжан
12. Қалиев Қаби
13. Сейітов Нәжмиден

14. Сламбеков Мұхтар
15. Саудагеров Қани
16. Төленбеков Серікбай
17. Шуакбаев Нұрмамбет
18. Верещак Дмитрий
19. Динабеков Ораз (Ауған соғысының ардагері – кітап авторының тұсініктемесі)
20. Дрозд Сергей (ұстінен сиямен сзыылған – кітап авторының тұсініктемесі)
21. Рұстембеков Солтан (ұстінен сиямен сзыылған – кітап авторының тұсініктемесі).

Құжатқа согыс ардагерлері кеңесінің төрагасы

К. Жұмаділов қол қойған.

Құжаттың кітапқа ұсынған: Сембай Жанәділов

«Ленинград тұбінде Ақмұқан аяқ баспаған бөлім жоқ...»

Григорий Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінде соғыс жылдары Ленинградта шығып тұрған «Отанды қорғауда» газетінің бірнеше саны ілүлі. Оны мұражайға осы газет тілшілерінің бірі – Ақмұқан Сыздықбековтің отбасы табыстаған. Ақмұқан ағаның қызы Бақыттың қолынан «Отанды қорғауда» газеті тілшілерінің суретін көрдік. Ендігі әңгімені Ленинград құрсауындағы қазак газеті және онда қызмет жасаған жерлесіміз Ақмұқан Сыздықбекұлы жайлы өрбітелік.

1942 жылдың орта тұсында Ленинград майданындағы өзге ұлт өкілдері ішінде қазактар басым болды. Осы жайтты ескерген Совет армиясының Бас саяси басқармасы Ленинград майданында қазақ тілінде газет ашу туралы шешімге келеді.

Газет қызметіне 55-ші Армиядан арнайы шақырылған Ақмұқан Сыздықбеков Бисен Жұмағалиев, Тұймебай Әшімбаев-пен бірге жұмысқа кіріседі. Алғашқы саны 1942 жылғы 7 қарашада жарық көрген қазақ тіліндегі газет жайлы хабар майдан даласына жылдам тараиды.

Жаңа жыл қарсаңында редакцияға бастық болып аға політрук – 40 жасар Абдолла Мадалиев келеді. Алматы обкомының жауапты қызметкері, Ленинградтағы жоғары партия мектебінде білім алған адам. Ал Тұймебай Әшімбаев басылымда аудармашы, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарады.

«Алғашында мақалаларымыз орысшадан аударылып, тек қана Ақмұқан жазған жауынгерлердің ерлік хроникалары сол күйінде жарияланып отырды. Бірак оны редакторға көрсету үшін Тұймебай орысшага аударады.

Ақмұқан бұрын колхозда есепші болған. Соғыстың басынан майданда ысылған жауынгер, мерген, кажырлы да ыждағатты еді. Алғы шепке баруды ұнататын. Өзіне жеке берілген, оптикасы бар атаулы мергендік винтовкасын ала кететін. Алғы шеп алыс емес, ол көбінесе жаяу жүретін. Ленинград тұбінде Ақмұқан аяқ баспаған әскери бөлім жоқ десек, қателеспейміз. Ақжарқын, қара-

пайым Ақмұқан майдандағы қазақ жауынгерлерінің ерлігіне қуанатын, біздің ағайындар туралы командирлерден, комиссарлардан, басқа ұлт өкілдерінен жылы сөзден басқа естімегеніне мәз-мейрам болатын», – дейді сол күндер жайлы естелігінде майдангер-журналист Бисен Жұмағалиев («Ленинград майданындағы қазақ газеті», «Егемен Қазақстан», 8.05.2014).

1943 жылдың ортасынан бастап газет бетінде тек ресми материалдар ғана орысшадан аударылып, қалған материал қазақша шыға бастайды. Тілшілер аударма машақтынан құтылады. «Осының бәріне Түймебайдың еңбеккорлығы мен іскерлігі, жоғары лауазымды адамдар алдында өз пікірін тайсалмай айтатыны, білгілігі себеп болғаны анық», – деп баға береді Бисен аға әріптесіне «Қазақтар Ленинград майданында» атты кітабында.

...Бұдан кейін газет «Тұған Қазақстанда» деген айдар ашып, ел жаңалығының жаршысына айналады. Қазақ ақындарының өлеңдерін, «Ән үйренейік» айдарымен халық әндерін жариялады.

1944 жылы Абдолла Мадалиев кері шақырылып алынады да, оның міндетін атқару Т. Әшімбаевка жүктеледі. Кейіннен редакция тағы бір журналиспен – Қостанай облысының тумасы Асылхан Тұрғановпен толықты. 1944 жылдың қарашасында майор Кәрім Османов редакцияның жана басшысы болды. Ол бұған дейін «Отан үшін» (1942-1943) атты майдандық газеттің редакторы болған екен. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Жұбан Молдагалиев пен Сағынғали Сейітов осы газеттің майдандық тілшілері болғанын айта кету керек.

Жалпы, соғыс уақытында тоғыз майданда қазақ тілінде әскери газеттер шығып тұрды. Солардың бәрі 1943 жылдың көктемінде қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне хатын жариялады. «Отанды қорғауда» газеті болса басылым бетінде майданнан жауап хат жариялад, оған алғы шептегі жауынгерлерге кол қойғызып, елге сәлем жолдайды. Сол жылдары «Социалистік Қазақстан» газеті «Отанды қорғауда» газетіне шолу беріп, «Қаламының желі, сөздерінің уыты, ыстық лебізі бар Т. Әшімбаев, Б. Жұмағалиев, А. Сыздықбеков сияқты қызметкерлері бар» деп жазды. Майданның әскери кеңесі де енбегін жоғары бағалап, үш тілші бірдей «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Соғыс бітүге таяу уақытта редакцияға тағы бір тілші жұмысқа қабылданады. Сол кезде газеттің бірінші бетіне Саяси Бюроның мүшесі А.Андреевтің 50 жасқа толуына байланысты БК(б)П Орталық Комитетінің құттықтауы беріліп, «Андреев» деген сөзде екі әріптің орны ауысып кетеді. Бұл саяси қате деп саналып, редактордың орынбасары Кәрім Османов, жауапты хатшы Тұймебай Әшімбаев, тілші Асылхан Тұрғанов түрмеге жабылады. Кейін жаңа тілшінің газет ұжымына «редакцияда қазак ұлтшылдарының ұйымы құрылған, оны басқарушы үштік бар» деген сезікпен жіберілгені белгілі болады.

Осылайша, 1945 жылдың аяғында Ленинградта үш жыл шығып тұрған қазак газеті жабылып, арыстай үш жігіт әскери трибуналмен жеті жылға сотталып кете барды. Кенес Одағының батыры Сұлтан Баймағамбетовтің ерлігін тұңғыш газет бетіне түсірген майдангер-журналист Тұймебай Әшімбаев 1957 жылы ақталып шықты. Ал лагерь азабына шыдай алмаған Кәрім мен Асылхан айдауда жүріп қаза болыпты.

Әскер қатарына 1938 жылы алынған кеңес офицері Ақмұқан Сыздықбеков өніріне «Қызыл Жұлдыз» орденін, «Ленинградты корғағаны үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарын тағып, туған жері – Баянауылға қайтты. Бикеш апамен отбасын құрып, «Южный» кеншарында ғұмыр кешкен Ақмұқан аға 1982 жылы көз жұмды. Ақмұқан атаның кызы Бақыт апай бүгінгі таңда Екібастұз қаласында тұрады.

Ақмұқан атаның інісі Ерғали Сыздықбековтің айтуынша, Ақмұқан ата майданда орыс қызына үйленіп, екі қыз бала дүниеге келеді. Үлкені женіс жылғы мамыр айында дүниеге келіп, есімін Мая қояды. Кейін еліне оралғанда әкесі орыс отбасын әкелуге рұксат бермейді. Осылайша, Ақмұқан ата Бикеш апамен отасады.

Оның «Отанды корғауда» басылымы беттерінде қалған жазбаларын ерліктің мәнгі өшпес шежіресі деп білеміз. Есте сақтайтын жайт, жерлесіміз Ақмұқан Сыздықбеков жайлы М.Гордонның «Невский – 2» кітабында да жазылған.

2015 жыл

PS. Ақын Аспанбек Шұғатай 2025 жылы жарық көрген «Із» атты кітабына Ақмұқан ата туралы тәмендегі шумакты енгізді:

Сыздықбектің ак жүрек Ақмұқаны
Сөйлесе ғұн – қаламы, сақ – кітабы.
Бір өзі жүз немістің көзін жойып,
Ленинградтың төрінде атты таны.

Үш жұлдызды ұшқыш – подполковник Тұсіпбаев

Балтабай нағашымды (анамның ағасы) бір-ак рет, 1985 жылы, 63 жасында көргенмін. Есімде қалғаны – бізге, балаларға «басқатырғыш» (головоломка) ойыншық сыйлағаны және туған-туысты көп-көп суретке түсіргені. Ол кезде мен Кисловодскіден ат арытып келген нағашымның Баянауылдан шығып, Берлин аспанында атой салған қыран, 1-класты ұшқыш болғанына бас қатыратын жаста емес, небәрі 9-да болатынмын...

Мен ес білгелі оның кеудесінде 3 бірдей «Қызыл Жұлдыз» ордені жарқырап, медальдары көз тұндыратын портреті үйіміздің төрінен түсінен емес-ті. Өсе келе нағашым жайлы ересектерден сұрастырысам, ешкім мардымды мәлімет біліп жарытпады. Ол өзі тұрған Кисловодскіде 2001 жылы қайтыс болған, одан бері артында қалған жалғыз қызы мен жиендерімен де қатынасымыз үзіліп қалған.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Жди меня» телебағдарламасынан Наталья Иванова атты эйелмен ғаламтор арқылы достасқан едім. Сол кісі маған нағашымның қызы Наталья Терещенконың (Тұсіпбаева) қазіргі мекенжайы мен телефонын тауып берді. Қызына хабарласып, нағашымға қатысты барлық әскери күжаттардың көшірмелерін алғыздым. Сонымен қатар, архивке сұрау салып, бірқатар қызықты деректерге қол жеткіздім.

Балтабай Тұсіпбаев 12-ші авиациялық транспорттық дивизиясының (18-ші Әуе әскері 3-ші Гвардиялық бомбалашы авиациялық корпусы құрамындағы) 338-ші Рижск бомбалашы авиация полкінің ұшқышы болыпты.

Ол 1921 жылғы 10 наурызда Павлодар облысы Баянауыл ауданының №1 ауылында туып, 1940 жылы 8 класс бітіреді. Қызыл Армия қатарына 1941 жылғы қыркүйек айында Павлодар облыстық әскери комиссариаты арқылы алынған.

Құжаттарды сөйлесек: 1941 ж. қыркүйек – 1942 ж. мамыр аралығында Онтүстік Орал әскери округі Селищенск әскери-авиациялық механиктер мектебінде курсант; 1942 ж. мамыр – 1943 ж. қарашада Хакас АССР-і Абакан қаласында ГАФ 9-шы оку эскадрильясы курсанты; 1943 ж. қараша – 1944 ж. мамырда Батыс-Сібір әскери округі Новосібір әскери-авиациялық ұшқыштар мектебінде оқыпты.

Балтабай Тұсіпбаев соғысқа 1944 жылғы маусымда кіреді. Осы уақыттан 1946 жылғы қарашага дейін Балтық бойы, Белоруссия, Орталық майдандарында ұшқыш, 12-ші авиациялық транспорттық бомбалauшы дивизия 338-ші жеке транспорттық авиация полкінің корабль командирі болады.

Нағашым 1945 жылғы 24 мамырда 12-ші авиациялық транспорттық дивизияның №044/4 бүйріғына сәйкес «Қызыл Жұлдыз» орденімен бірінші рет, КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумы Жарлығымен 1955 жылғы 4 маусымда екінші рет, 1956 жылғы 30 желтоқсанда үшінші рет наградталған.

Сондай-ақ, оның өнірінде II дәрежелі «Отан соғысы» ордені (11.03.1985 ж.), «Жауынгерлік еңбегі үшін» (19.11.1951 ж.), «Кенигсбергті алғаны үшін» (9.06.1945 ж.), «Берлинді алғаны үшін» (9.06.1945 ж.), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (9.05.1945 ж.), «Кенес Одағының маршалы Г.К. Жуков атындағы», 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 25, 30, 40, 50 жылдығы, «Совет Армиясы мен флотына – 30 жыл» (1948 ж.), Карулы Күштерге – 40, 50, 60, 70 жыл толуына арналған, В.И.Лениннің 100 жылдығы медальдары жарқырады.

«Қызыл Жұлдыз» орденіне алғаш кіші лейтенант шенінде ұсынылған нағашым майданды осы шенде аяқтаған көрінеді. Оның РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінде сакталған марапат парагында мынадай жазба бар: «Полкке 1944 жылғы маусым айында келді. 27 рет әскери тұнгі ұшуларға, соның ішінде 23 рет дұшпан жактағы нысандарды суретке түсіруге шықты. 21 ұшу сапары жау жағының әскери-өндірістік нысанында өтті:

Инстербург – 1944 ж. 27 шілде; Тильзит – 1944 ж. 3 және 9 қазан; Мемель – 1944 ж. 13, 14, 15 қазан; Шталлупенен – 1944 ж. 16 қазан; Гольдан – 1944 ж. 7 қазан; Даркемен – 1944 ж. 23 қазан; Кенигсбург – 1945 ж. 21 ақпан – екі рет; 1945 ж. 5, 9, 11 наурыз; Пиллау – 1945 ж. 13 наурыз, 9 сәуір; Фюрстенвальде – 1945 ж. 17 сәуір; Гдыня – 1945 ж. 7 наурыз; Грос-Хандекруг – 1945 ж. 8 сәуір; Берлин – 1945 ж. 20 сәуір. Мына экипаж құрамында ұшты: корабль командирі – лейтенант Старостин, штурман – лейтенант Авраменко, борттехник, аға техник – лейтенант Глотов, атқыш-радист – аға сержант Баландин, әуе атқышы – аға сержант Митрофанов».

Оның соғыстан соңғы өмірі де аспан әлемімен байланыста өрілді: Ленинград әскери округі 281-ші Новгород әскери-транспорттық авиация дивизиясына қарасты 566-шы әскери-транспорттық авиация полкінде корабль командирі, звено және отряд командирі; Воронеж әскери округі 281-ші Новгород әскери-транспорттық авиация дивизиясына қарасты 566-шы әскери-транспорттық авиация полкі эскадрилья командирінің орынбасары қызметтерінде болды.

Қызыл Армия қатарында жас буын жауынгерлерді тәрбиелеу ісіне үлес қоскан Балтабай Тұсіпбайұлы шебер шахматшы да болса керек. Оған айғақ – Калинин облысы Выползово селосында орналасқан №64233 әскери бөлімде қызмет еткен кезінде (1958 жылы) командалық ойында 1-орын алуды. Ал 1957 жылы мергендер сайысында 25 метр қашықтыққа тапаншадан атудан 100 мүмкіндіктен 77 ұпай жинап, жеке есепте 1-орынға ие болыпты.

Әскери қызметі кезінде «Сталинский сокол», «Советская авиация» газеттерінде тілші, фототілші болған. Тіпті 1960 жылғы сәуір айында әскери қызметі аяқталған соң да ол фотографтық курста білім алғып, суретке түсіру ісімен айналысыпты.

Балтабай Тұсіпбаевқа РФ Президенті В.Путиннің 2000 жылғы 27 сәуірдегі №1 Жарлығымен подполковник шені берілді.

Өкінішке карай, аспан әлеміне құштарлық, әскери өмір, заман ағымы нағашыма топыракты жат жерден бұйыртты. Егде тартқан шағында елге кайтсам деген арманы асқақтағанымен, Кенес өкіметі құлап, шет елдермен байланыс қындалап кетті. Арманын орындау мүмкін болмады.

Жас күнінде хатты өлеңмен жолдайды екен. Қартайғанда ол дағдысы ұмыт болса да, амандық хабарын казакша жазудан жаңылған емес. Баянауылдан Кисловодск санаторийлеріне барған талай адам нағашымның шаңырағында болып, дәмін татып, сәлемін айта келетін еді...

Тұысқандары сағынғанда оның соңғы хатын қолға алады. Ал мен оны жат топыракта қалды деп есептемеймін, мені «Алтыншаш» деп ататын нағашымның үш жұлдызды өр кеудесі өзі мәнгі ынтық аспан жүзінде самғап жүрген сиякты...

2015 жыл

Арман

Айырып бұлттың шекпенін,
Жұлдызға жақын бара алдың.
Жасын боп жарып көк шебін,
Жебедей жауға кадалдың.

Мақтаным болып ерлігің,
Сүйсінгем сендей шаһбазға.
Қазақы сол бір өрлігің
Өшті ме бекер Кавказда?

Ат ұстар ермей артынан,
Тамырсыз қалған ағашым.
Өнеге қылған жат ұлан
Қайран да қайран нағашым!

Орденге толы өнірі,
Тау тұлғаң шөкті жат жерде.
Өзгеше сүрген өмірің
Жазуы тылсым дәптер ме?!

Кіндігің кескен өлкеңнің
Зәмзәм боп тамшы ауасы.
Сағыныш атты желкенің
Жеткізбей кетті, нағашы!

Арман боп туған бұла бел,
Кеуденен ұшты соңғы леп.
Қанаты қатаң қыран ең,
Қанатсыз ұштың соңғы рет.

Өзіңе таныс ежелден,
Мекенің болып зенгір көк.
Топырақ тимей жерімнен,
Алыста сөнді ер жүрек.

2010 жыл

Женесті Берлинде қарсы алған «Қызыл Жұлдызды» Қабыкеш Сәдіғазин

Қабыкеш Сәдіғазин Жұмат Шанин ауылындағы «Қызыл Жұлдызды» орденіне ие болған санаулы сарбаздардың бірі еді. Атанаң омырауында сынғырлаған «Отан соғысы» ордені мен «Германияны женгені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін» медальдары оның сұрапыл соғыста жүріп өткен жолының картасы іспетті.

Ол 3-ші дәрежелі Суворов орденді 320-шы Львов гвардиялық танкіге қарсы атқыш артиллериялық полкі батареясының аға барлаушы-пулеметшісі болды. Жауынгер Украинаның Полтава, Krakow, Житомир, Тарнополь қалаларын жаудан азат ету жолына күш-жігерін сарп етіп, Днепр өзені үшін шайқасты.

Ардагердің әскери билетіндегі жазбалар оның 1943 жылы Петропавл қаласында жасақталған 3-ші запастағы атқыштар полкі құрамында болғанын, 1944 жылы 2-ші Белоруссия майданында 189-шы атқыштар дивизиясының 1319-шы атқыштар полкі сапында соғысқанын айғақтайды.

Отты жолын 1-ші Украина майданында жалғастырған катардағы гвардия жауынгері – барлаушы Сәдіғазин 1945 жылғы 18-19 маусым күндері Зотшютц селосы маңында жау жактан жауған оққа қарамастан батыл әрекет етіп, он шақты немісті жер құштырды.

Одер өзені үшін плацдармда болған шабуыл ұрысында ерекше ержүректік танытты.

Екі контратака кезінде аяғына оқ тисе де, ержүрек сарбаз майдан даласынан кетпеді. Ол пулеметінен оқ жаудырып, тағы жеті фрицті жер жастандырды.

Осылайша, Женісті жақыннатуға үлесін қоскан жауынгер 8 мамыр күні Берлинде жарылған снаряд жарықшағынан жаралып, госпитальға түседі. Үйіне «қаза тапты» деген кара қағаз барғанымен, көрер жарығы бар екен. Ол еліне КСРО көсемі Стalinнің алты бірдей Алғыс хатын арқалап оралды.

Бейбіт күнде әр салада адал еңбек етті, жұбайы Күлжанмен (тыл ардагері) бірге он бала тәрбиелеп өсірді.

Гвардия қызыләскері Қабыкеш Сәдіғазинге Жоғарғы Қолбасшы, Қенес Одағының Маршалы Сталиннің бұйрықтарымен төмендегідей алғыстар жарияланған:

1. Саномирдің Батыс ауданында (Польша) жау қорғанысын бұзуда және шайқасқа көшу кезінде көрсеткен үздік әскери іс-қимылды үшін (13.01.1945);
2. Польшаның ежелгі астанасы – Krakов қаласын басып алу кезіндегі үздік әскери іс-қимылды үшін (19.01.1945);
3. Домбровский көмірлі ауданын (Силезия) толық тазарту кезіндегі әскери іс-қимылды үшін (27.03.1945);
4. Нейсе және Леопшутц қалаларын (Германия) басып алу кезіндегі үздік әскери іс-қимылды үшін (24.03.1945);
5. Берлиннің онтүстік-шығысында қоршауға алынған неміс әскерлерінің топтарын жою кезінде көрсеткен үздік әскери іс-қимылды үшін (2.05.1945);
6. Чехословакия астанасы – Праганы азат ету кезіндегі үздік әскери іс-қимылды үшін (9.05.1945). Бұйрық сонына 3-дәрежелі Суворов орденді және Қызыл Жұлдызды 320-шы Львов танкіге карсы истребительдік артиллериялық Гвардия полкінің подполковнигі Аверкиев кол қойған.

Өкініштісі, Қабыкеш атаның жалғыз ұлы Тұрсынбек Сәдіғазин Магаданда Отан алдындағы борышын өтеп жүріп, дәл үйіне оралар шақта мерт болды.

Бұл жайт қаншалықты өзекті өртегенімен, «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген сөз – көнілгे медеу. Ерлікті әкеден

балаға мирас еткен ержүрек жандардың есімдері елі тұрғанда ұмытылmas. Осы орайда жас ұрпақ олардың ерлік жолын жаттап өсуі үшін Отан қорғау жолында от кешкен ерлерге өз ауылында шағын да болса ескерткіш қойылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді...

Әзілхан мен Мұзафар жыр арнаған ержүрек Ғалымжан Мақашев

Күркелілік Мейрам Мақашевтың отбасының мұрағатында Стalinnen келген 2 алғыс хат сақтаулы. Бұл алғыс хаттар 1944 жылғы қазан айында Мейрамның әкесі – гвардия аға сержантты Ғалымжанға Баренц теңізіндегі маңызды порт – Киркенес қаласын және никель өндірісінің Петсам облысындағы маңызды пункті – «Никельді» алғаны үшін берілген. Отбасы архивіндегі тағы осындағы екі алғыс хатты Мейрам Ғалымжанұлы Павлодардағы Әскери даңқ музейіне тапсырыпты.

Балалары көздің қараышында сактап келе жатқан көне құжаттардың ішінде Ғалымжан Мақашевтың Павлодар педагогикалық училищесін 1941 жылдың кілең беспен бітіргені туралы аттестаты, республикалық екі жылдық партия мектебін 1949 жылды үздік тәмамдағаны туралы дипломы да бар. Бұл құжаттар иесінің қай салада жүрсе де жоғары жауапкершілік иесі болғанын айғақтап түр.

Мұрағаттың бір бөлігі қызықты фотосуреттерден тұрады. Онда Ғалымжан Мақашевтың облыстық «Қызыл Ту» газетінде өзімен бірге еңбек еткен жақын досы, жазушы Әзілхан Нұршайыковпен, Мұзафар Әлімбаев, Қалижан Бекхожин, Зейін Шашкин, Мұқағали Мақатаев сынды марқаскалармен түскен суреттері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болғанын растайтын күелігі бар.

Ғалымжан Мақашев 1941-1942 жылдары Алматы жаяу әскер училищесінде оқып, 1942 жылдан бастап 7-ші жеке гвардиялық Қызыл Тулы және «Қызыл Жұлдыз» орденді Новгород танк бригадасына қарасты 104-ші ауыр танк полкі құрамында соғысады. Осы полктеге автоматшылардың моторландырылған батальонында танкіге қарсы қару бөлімшесінің командирі, барлау взводы командирінің көмекшісі болады.

Волхов, Ленинград, 3-ші Балтық бойы, Карелия, 1-ші Белоруссия майдандарында жауға қарсы аянбай соғысып, III дәрежелі «Данқ» орденімен, «Ерлігі үшін», «Советтік Заполярьені көрғағаны үшін», «Германияны женгені үшін», басқа да бірқатар медальдармен наградталған.

Жауынгерлік жолына үнілсек, Ғалымжан Мақашұлы 1944 жылғы 9 шілдеде дүшпанның станоктік пулеметін байқап қалып, пулемет расчетін жояды. 10 шілде күні де дәл осы ерлігін қайталап, жаудың танкіге қарсы зенбірегі мен оның расчетін жок қылады. Ал 1945 жылғы 16-19 сәуірде Берлин бағытында барлауға шығып, өз әскерін алып өтер жолды дұрыс айқындалап, дүшпан жағының іс-әрекеті жайлы мәліметтер алады.

17 сәуірде Гельсдорфқа кіре берісте қызыл жауынгерлерге жаудың бомбалашы авиациясынан зор каяіп төніп, әскер дағдарыска түседі. Осы кезде жағдайды барлауға тапсырма алған аға сержант Мақашев айналаның астан-кестен болып жатқанына қарамастан, жаудың алдыңғы шебіне жақындалап, мән-жайды анықтайды. Сөйтіп қызыләскерлер сәтті барлаудың арқасында катерге ұрынбай, қындықтан аман шықты.

18 сәуір күні Варин үшін шайқаста тағы да жау жағын барлап, жаяу әскерді дер кезінде қажетті акпараттан хабардар етіп отырды. Тапсырманы орындау кезінде жараланса да, міндегі сонына дейін жауапкершілікпен атқарып шығады.

Ғалымжан Мақашев соғыстан кейін Павлодар қалалық партия комитетінің нұсқаушысы, облыстық комсомол комитетінің хатшысы, облыстық лекция бюросының директоры, облыстық баспа басшысы, Краснокутск аудандық газетінің редакторы, облыстық «Қызыл Ту» газетінің әдеби хатшысы және бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Одан кейін Баянауыл ауданында партия саласында бірқатар қызметтерде болды. Жұбайы Базкенмен он бір бала тәрбиелеп өсіргенімен, екеуі де балаларының қызықтарын көре алмады. Кейін «Южный» кеңшарында (қазіргі Күркелі ауылы) тұрып, 1976 жылы зейнетке шыққан майдангер 1979 жылы дүниеден өтті.

Игі жақсылардың жанында жүріп, қазақтың белгілі тұлғаларымен дос, мәжілістес, дәмдес болған азаматтың артындағы үрпағы – еңбекпен аты шыққан азаматтар. Әсіресе, құрылыш саласында майталман болып танылған ұлдарының он қолдарынан өнері та-

мып, ауылдастарының ықыласына талай бөлөнген. Әке-шешеден жастай қалған інілеріне камқор болған бес ұлдың үлкені Мейрам бүгінде ел ағасына айналды. Ал егіздің сыңары Арнұр мен кенжесі Арғынның ғұмыры қыска болды. Айтпакшы, Арнұр демекші, Фалымжан ағайдың Арнұр-Жаннұр атты егіз ұлдарына қатысты қызықты жайт бар. Уш дос: Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Фалымжан Мақашевтың үшеуі бірдей ұлдарына осы есімдерді таңдапты. Ол туралы Әзілхан Нұршайықов «Мәнгілік махаббат жыры» атты кітабындағы «Балаларға ат қойдық» өлеңінде былай деген:

«Арнұр деп ұлды атадық, арымыздың нұры деп.
Інісін Жаннұр деп қойдық, жанымыздың жыры деп.
Мұзафар-Шапау досымыз, рұқсат алды үйге кеп.
Ұлдарына ат қойды, олар да Арнұр, Жаннұр деп.
Керекуде Бәзила – Фалымжанның әйелі,
Балпанактай екі ұлды дүниеге әкелді.
Егіздерге Арнұр мен атын қойды Жаннұрдың...».

Фалымжан ағай қайтыс болғанда ақын Мұзафар Әлімбаев «Фалымжан ескерткішіне» деген арнау шығарып, былайша жоқтаған екен:

«Аш қасқыр хас жүйрікті жарып кетті,
Аулымды оқыстан жау шауып кетті.
Топан су егінімді шайып кетті,
Табаным тау басынан тайып кетті.
Тағы да қыбын тауып, шалып кетті,
Ажал сүм жан досымды алышп кетті...». Бұл өлең ақынның «Сүйемеген жүрек семеді» атты жинағына (1987 ж.) енгізілген.

2015 жыл

Балдақты жауынгер – Әбди Тенкіманов

Жұмат Шанин ауылындағы «Горный» деп аталған біздің көшеде мен ес білгелі бес соғыс ардагері бар еді: Әбди Тенкіманов, Қабиден Әлменбаев (молда), Серікбай Төлембеков, Қабылтай Жанәділов, Қамкен Жәнбеков. Ал майдангер Тайшық Қадыров атамыз ертеректе дүние салған.

Өзімнің «Біздің көшө» атты өлеңімде:

«Әбди ата сүйенген балдағына,
Бір аяқты соғысқа арнады ма?
Жаңылдығы ұл болып ұл орнына,
Ардагерді жеткізді арманына» деп жазғанмын.

Әбди атасың соғыстың қайнаған ортасынан келгендігі балдаққа сүйенген, жалғыз аяқпен алға ұмтылған ашаң болмысында жазулы еді. Бәйбішесі Мәшкура апа екеуі үнемі үйдің ығында шүйіркелесіп отыратыны есімде.

Әбди ата менің көз алдында балдағына сүйеніп, күлімдеген сабырлы қалпында қалыпты. Мәшкура әже болса: «Әбдіштің жалғыз қызы ма мынау?» – деп, ак жаулығы желбіреп бетімнен сүйер еді.

Соғыстан қайтқан солдаттардың қай-қайсысы болсын Отанды қорғағанын, ерлік жолында ең қымбаты – саулығын жоғалтқанын міндесінбеуші еді ғой. Әбди ата да көпшіліктің ортасында еңбек етіп, мал шаруашылығын өркендетуге үлес қосты. Шөп бригадасында сокада, шалғы кайрау жұмыстарында тер төкті.

Әбди ата 1900 жылы Баянауыл ауданының Сарыөлең елді мекенінде дүниеге келген. Әжеміз екеуі Әмина (марқұм), Айтбібі (марқұм), Жаңылдық атты қыздарды тәрбиелеп өсірді. Бүгінде Әбди атасың сырты қызыл кірпішпен қаланған еңселі үйінің түтінін қызы Жаңылдық пен жиен немересі Рұстем Әбдиев түтеп отыр. Ал Айтбібісі жұбайы Мардан атамен бірге кезінде қой шаруашылығын дамытып, абыройлы шопан болды. Әминасы анасына тартқан өжет еді, ол да шопан таяғын ұстады, өмірден ерте озды.

Адам баласының өмірде қалдырған ізі жасаған ісімен, ұрпағына берген өнегесімен өлшенеді. Осы орайда үлкен-кіші «ләлә»

деп құрметтейтін Жаңылдық Әбдиқызының ер-азаматка бергісіз болмысына, ата-ана алдында атқарған перзенттік борышына ауылдастары дән риза.

Бір кездері атасына еріп жүретін Рұстем бүгінде бала күнінде-гі бөркін сәлдеге ауыстырып, ауылын имандылыққа үйітып отыр. Жас та болса көпшіліктің сый-құрметіне бөленген Рұстем молдаға карап, Әбди атамыздың елдің бейбітшілігі жолындағы жанкешті ерлігі акталғанына риза боласың.

Ашу Бәбиұлының «Ерлігі үшін» медаліне тіл бітірсек...

А шу атаны өз басым көрген жоқпын. Тек Мақпуза апаның – дейтін әуезді үні мен мандайдан иіскейтіні құлағымда қалыпты. Есейе келе ауылдағы «Ашуов», «Бәбиев» деген фамилияға ие болған абырайлы ағаларды танып-біле бастадым. Соның ішінде ауданымыз бен облысымыздың мәдениеті мен өнеріне зор үлес қосқан Дәulet ағаның орны бөлек. Бала күнімде мен де сахнада азды-көпті ән салғандықтан, Дәulet ағамыздың сахнадағы өнеріне аса қанық едім, әсіреле, «Екі жирен», «Жиырма бес» сиякты әндерді шырқайтыны, гитара да ойнайтыны көпшіліктің көз алдында болар деп ойлаймын. Дәulet аға сол кездегі жастар еліктейтін азамат болды, «Жігіт сұлтаны» атанғаны да есімде. Көрші ауылдарға өнер сапарларына шыққанда, сол кісілермен гастрольге барып, бір сахнада өнер көрсеткеніме мактанатынын да. Кей әндерді сол кісіден үйреніп орындайтынын.

Бүгінде елдің ақылшы аксакалына айналған Мұрат аға, ұстаздық еткен Аман аға – жалпы, осы әулеттің қай азаматын алып қарасан да, сабырлы да салиқалы, өмірден өз жолын тапқан жандар.

Ал Ашу атаға келер болсақ, майдангерлер туралы дерек жинастырып жатқанымды естіп, атаның немересі Қуаныш бірер мәлімет жіберген-ді. Сол мәліметке сүйенсек, 1904 жылы дүниеге келген Ашу ата әскер қатарына 1941 жылдың 9 мамырында алышып, III Белорус майданында, Қызыл Тулы, Ленин және Суворов

орденді 91-ші Духовщина-Хинганск гвардиялық атқыштар дивизиясының 279-шы гвардиялық атқыштар полкі құрамында соғысты.

Соғыс тарихын парактасақ, аталмыш атқыштар полкі 1943 жылдан соғыс біткенше 39-шы Армия құрамында болып, 1943 жылғы қыркүйек айында Смоленскіні басып алу операциясына катысады. Сол жылдың 19 қыркүйегінде Духовщина қаласын басқыншылардан азат етті. 1943 жылдың күзді мен 1943-1944 жылдың қысында Белоруссия аумағында ұрыс жүргізді және 1944 жылғы маусымда Витебск-Оршанск басып алу операциясына катысты. Демек, Ашу атамыздың майдан жолын осы деректер бойынша шолуға болады...

Жалпы, Құркеліде соғыстан есен-сау, кеудесіне орден-медаль тағып оралған майдангер аз болмаған. Десе де Ашу ата сијакты өржүрек ерлердің қарша бораған оқ астындағы ерлігінің бірегейлігін өніріндегі «Ерлігі үшін» медалі айғақтайды. Соғыс кезінде де, бертін де майдангерлерге орден-медальдар түрлі мереke, мерейтойларда жаппай таратылғаны белгілі. Ал «Ерлігі үшін» медалі – жауынгердің жеке-дара көрсеткен ерлігіне берілетін бірегей награда.

Станоктық пулемет расчеті құрамындағы қатардағы жауынгер Ашудың әскери шеберлігі 1944 жылғы 23 қазанды Виллюнен көпірі үстінде (Калининград) тағы бір сынға түсті. Бұл жолы пулемет расчеті дүшпанның бір пулемет нүктесін жойып, бір станоктық пулеметінің үнін өшірді. Осылайша, жаяу әскерге жол ашып, бейбіт күнге тағы бір қадам аттаған сарbazға туған жерге аман-сау оралу бұйырыпты. Оның соғыстағы бір ерлігі осы болса, жақсы еке болып, артына салиқалы ұрпақ қалдыруын мәнгілік адами ерлік демеуге болмас...

PS. Ал бұдан әрі Ашу атамыздың өмір жолы туралы оқырман қауымға оның баласы – Жұмабек Ашуұлы әңгімелейді.

Парасат бәйтерегі

1993 жылдың жазы. Қарағанды облысы қазіргі Бұқар жырау ауданына қаасты Далба тауының бауырында «көмекей әулие» атты аңызға айналған Бұқар жыраудың үш жүз жиырма бес жылдық мерейтойы өтіп жатқан кез. Қатар-қатар тігілген киіз үйлер бір-бірімен таласа сап түзей тігілген. Алтыбақан жаңына жиналған жастар ауаны әнмен тербеп думандатып жатса, бір шетте кір тасын көтеріп, жарыска түскендер той көрігін қыздыра түсүде. Шеткөрі бір аланда арқаммен керіліп қоршалған бозқілемде палуандар жан алысып, жан берісіп аянбай-ак тіресуде. Осыларды біраз қызықтап аралап келе жатып, көптен көрмеген, осындай бір жиын-тойда кездесіп қалатын достарды да жолықтырып мәре-сәре болып, амандық-саулық сұрастық. Бір сәт бізге қызмет көрсетіп жүрген азамат:

– Күн тұс болып қалды, шөлдеген боларсыздар, үйге кіріп суындан алышыздар, – деп, бір киіз үйге бастап апарды.

Үйде бес-алты адам отыр екен. Біз келіп үстелді жағалай жағастық. Дастанханда – бауырсақ, сары май, ірімшік, жент сияқты қазақы тағамдар, ортада – бір табак туралған ет. Алдымызға қымыз келді. Әбден післіліп бабына келген қымыздан бір-бір тостағаннан сіміріп алған соң, асықпай көрген әсерімізді бөлісе бастадық. Әңгіме арасында төрде отырған әппақ сақалы қеудесін жапкан қария маған қарай бергенін байқадым. Аксакалдың ниетін сезіп, мен де ынғай білдіре назарымды аудардым. Өзіне көніл бөлгеніме риза болғандай ақсақал:

– Балам, қайдан боласың? – деп сұрады.
– лматыданмын, – дедім кысқа ғана.

Ақсақал сәл кідірді де:

– Негізі қай жерденсін? – деді.

Мен де ақсақалға зер сала қарап алдым да,

– Баянауылдан боламын, – деп жауап қаттым.

Ол кісі де:

– Онда кімнің баласысын? – деп тергей бастады.

Басыма «бұл неғып маған осынша жабысты?» деген сұралк келді.

– Сіз танымайтын боларсыз, мен Бәбидің Ашуы деген адамның ұлымын, – деп едім, аксақал бір қолымен жер тіреп, ақырын көтеріліп бойын түзеп барып:

– Айналайын, асылдың сынығы, жақсының үрпағы екенсің ғой! Әшкең еңбегі елге сіңген, момынды жебеп, күйзелгенге қамкор болған, қадір-қасиетімен көптің алғысын алған асыл ағамызың еді, – деді де, маған қос қолын ұсынды. Бірден бойымды бір жылу шарпып өтіп, санамды әлдебір қуаныш сезім билеп, мен де қос қолын алқаныма сала сипадым.

Басқа облыстағы тойда кездесіп, әкем туралы осындай жүрекжарды жылы лебіз білдірген аксақалды жаным жақын тартып, жүрегім елжіреп кетті.

... Ашу Бәбиұлы (Әшімбек Бапабекұлы) 1904 жылы Баянауыл ауданы Жансары би ауылында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Әшімбек.

Атам Бәби (Бапабек) Үргенішбекұлы мен әжем Сақыпжамал Бектұрсын қажы қызынан он жеті нәресте дүниеге келген екен. Со-лардың алғашқылары он жасқа жетпей шетіней береді. Сөйтіп бала тоқтамай жүргенде менің әкем жеті айлық болып шала туады. Ол кезде шала туған баланы тымаққа салып керегеге іліп кояды екен.

Атам Бәби – ел басқарған адам. Бірде ел аралап, әлденеге катты ренжіп келеді. Ренжіп отырған күйеуінің ренішін тарқатайын деген оймен әжем тымақтағы баланы күйеуіне ұстата бергенде бала оянып кетіп, шырылдан жылай бастайды. Өзі ашу қысып отырған атам: «Ержетіп қалған балалар тұрмағанда мынау шала адам болады дейсің бе!» – деп, тымақтағы баланы есік жаққа қарай домалатып жібереді. Тымақ домалап барып үйде отырған екі көзі көрмейтін зағип кемпірдің жанына барып тоқтады. Жылаған дауысынан тауып, кемпір баланы көтеріп алып: «Ашубасар болшы, ашубасар болшы», – деп жұбатып әлдилей бастайды. Содан Әшімбек Ашубасар аталып кетеді де, уақыт өте «басары» қысқа-рып, «Ашуы» калады. Кеңестер келіп тізімге алғанда Ашу болып жазылып құжатталады. Сонынан Айтжан және Шәмшібану атты екі қарындасты ереді. Айтжан апамызы – соғыс жылдары колхоз басқарған, елу жыл КПСС қатарында болып, кеңес өкіметінің күр-метін көрген адам. Шәмшібану апамызы соғыс жылдары Баянауыл аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметін атқа-

рып, кейін ұстаздық қызметке ауысып, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ұстаз» атағымен марапатталады.

Шала туған Ашу ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай сымбатты жігіт болып ержетеді. Домбыра шертісі ерекше, коңыр дауысымен ән шырқағанда көпшілікті тамсандырып, талай ортаны таңғалдырып, серілік өмір кешеді.

Өмір болса өтіп жатыр. Қазан төңкерісі өтіп, оған жалғасқан азамат соғысы да аяқталады. Жылжып мың тоғыз жүз жиырма сегізінші жыл жетіп, жаппай ұжымдастыру науқаны басталады. Еркін жатқан елді шулатып, елді ел қылып отырған байлардың мал-мұлкін тәркілеп, өздерін шет жакқа жер аударып, жазалау жүргізіледі. Осы жағдай өздеріне де жететінін түсінген атам ұлы екеуі ақылдастып, ағайындарымен келісіп, мал-мұліктерін біріктіріп «Жана ұйым» колхозын құрады. Ауылымыздың тұрғыны – жасы токсаннан асқан Тәуекел Омаров аксақалдың айтуынша, алғашқыда ТОЗ (Товарищество оседлых земледельцев) ұйымдастырады. Біртіндеп колхоздың жұмысы қалыпқа түсіп, мал басы көбейіп, егін де еге бастайды. Бірак бұл қалыпты өмірдің шырқын өкіметтің ұсті-ұстіне салған салығы бұзады. Ет салығы, астық салығы, тері салығы, май салығы, тіпті сүйек салығы деген науқандар колхоздың шарушылығын тоқырауға ұшыратып, ұжым ыдырай бастайды. Малдан айырылған, ішер асқа зәру болған кейбір отбасылар ауылдан көшे бастайды. Солай ашаршылық қасіреті Жансары би ауылына да жетеді. Сол кезде атам Баянауыл кентінде тұрады еken. Ауылның тарай бастаған хабары жеткен соң атам ауылға қайта көшіп келіп, қалған ағайындарды біріктіріп, ұлы Ашу екеуі ашаршылық нәубетінен құтылу жолдарын қарастырады. Еті тірі жігіттерді Тұзды-көлдің тұзын тиеп астыққа айырбастау үшін әр жакқа аттандырып, өздері аң аулап, қатын-балаларды аштық қасіретінен сактайды. Атамның екі биені кеңестің шолак белсенделерінен тау ішінде жасырып алып қалғанын анамыз айтып отыратын. Сөйтіп аштан қырылудан аман сақтап қалған атаммен Қами әженің көрісіп: «Бәби-ау, Бәби, сен болмасаң, мына Әбләш аштан өлер еді ғой!» – дегеніне күә болғанбыз. Ал ашаршылықтан қырылышп немесе тозтоз болып қаңғып кетіп, сүйектері далада калудан сақтап қалған атамның еңбегін ескергендіктен болар, Жансары би ауылы бидің шөбересі Бәбидің есімімен Бәби ауылы атанип кетеді.

Ашаршылық қасіретінен аман өтіп, ауыл қайта есін жиып, шаруашылығын қалыпқа келтіріп, колхоз жұмысы жандана бастайды. Колхоз басқармасының терағасы Ашу Бәбиұлы мен колхоз партия үйімінің хатшысы Куан Әнәпияұлының білікті басқаруының нәтижесінде «Жаңа үйім» колхозы тәп-тәуір жетістіктерге жетеді. «Қырсық аяқ астынан келеді» демекші, Ашудың өміріндегі тауқымет табиғаттың катал сыйынан келеді.

1940 жылы колхоз егіні бітік шығады. Сол егінді жинап қырманға құйып, қаптап, Баянауылдың астық қабылдау бекетіне апарар кезде ақ жауын басталып, тыйылмай қояды. Жабық қырман жок. Су астында қалған астықты қаптап, өгіз арбаларға тиеп, Баянауылға жеткізгенше бидай көктей бастайды. Осыны сылтау етіп, көре алмайтын біреулер әкемнің үстінен «Ашу Бәбиұлы – бидің ұрпағы социалистік мұлікті қасақана бұлдірді» деген арызды жолдап жибереді. Содан әкемізді тұтқындалп, Павлодар қаласына апарып, түрмеге жабады. Сол сын сағатта әкемнің акталып шығуына тікелей араласып, табандылық көрсеткен Куан ағаны әкем «Аскар тауым» деуші еді. Біз бала кезімізде «кіп-кішкентай адамды неге Асқартатуым дейді?» деп таң қалатынбыз. Сөйтсек, Куан аға Павлодар прокуратурасы, басқа да зан орындарының табалдырығын тоздырып, «Апталап жауып тұрған ақ жауыннан астық сақтайтын жабық қырманы жок, қияндағы Баянауылға өгіз арбамен жеткізгенше бұлінген астыққа колхоз басшысының қандай кінесі бар? Соттасаңдар, табиғатты соттанадар, болмаса партия үйімінің хатшысы ретінде мені де бірге соттанадар», – деп жүріп, әкемді алты айдың жүзінде актап әкеледі. Нағыз адалдықтың, адамгершіліктің үлгісі осы емес пе!? Сөйтіп ол соттан аман қалғанымен, әкемді күтіп тұрған өмір сыйны әлі де алда еді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Соғысқа жарамдыларды жаппай тізімдеп, майданға аттандырады. Колхоз басшыларын соғысқа алмау туралы үкіметтің қаулысына сәйкес броні болсада, әкемнің сонына түскендер ақыры қан майданға жіберіп тынады. Соғысқа пулеметші болып кірген әкеміз талай қырғын шайқасты басынан өткізеді. Тобықтан су, толарсақтан саз кешіп жүріп жеңіс күнін жақыннатуға миллиондаған жауынгердің бірі ретінде өз үлесін қосады. Майдандағы ерлігі үшін «За отвагу» медалімен марапатталады. Тағдырдың жазуына шара бар ма, 1944 жылдың

күзінде олардың полкі қоршауда қалып, бәрі тұтқынға түседі. Әйтеуір Алланың жазуымен аман қалып, елге оралады. Соғыстан кейін жау қолында тұтқында болғандарды кенес үкіметі аямай жазалап жатқан кез. Тұтқындағы көрген азаптары аздай, оларды ит-жеккенің тозағына сегіз жылдан жиырма бес жылға дейін концлагерлерге тоғытып, жантуршігерлік азапка салып жатты. Ал сол соғысқа қатысқан басқа елдер фашизм тұтқынынан оралған азаттарын батыр деп қарсы алған болатын! Қанды қасаптан ауылына аман оралған әкемізді бай мен бидің үрпактарын көре алмайтын тексіздер тағы да көрсете бастайды. Солардан құтылу үшін 1948 жылы Қарағанды облысының Ворошилов ауданына (казіргі Бұқар жырау) көшіп кетеді. Аудандағы «Жаңақала» колхозының председателі Айтмағанбет Арыстанбеков жылы қабыл алып, кой фермасының менгерушісі қызметіне тағайындалады. Ұйымдастырушылық кабілетімен көзге түскен әкемді колхоз басшысы бірде жұмысы ақсай бастаған қой фермасы, бірде сиыр фермасының басшылығына кезек ауыстырып отырады. Сөйтіп ол жақта соғыс зардабынан күйзелген ауыл шаруашылығын көтеру жолында қажырлы еңбек етеді. Тапсырылған қызметті абыраймен атқарып халықтың алғысын алып, сый-құрметке бөленеді. Ол мемлекеттің қызметін мұлтіксіз орындаумен қатар өзінің әншілік өнерімен, шешендік қабілетімен қоғамның рухани дамуына да елеулі үлес қосады. Әкеміздің Бұқар жырау ауданындағы беделіне ағам Қуатбек те қуә болған екен. Ағам аудандық қаржы бөлімін басқарған кезде кейбір ауылдарға барғанда Ашудың баласы екенін білген ақсақалдар әкеміз туралы жылы лебіздер білдіріп, ерекше құрмет көрсеткендерін айтып отырады. Ал Бұқар жыраудай абыздың мерейтойында әкемнің шапағатын көрген ақсақалдың көптің алдында орнынан тұрып қос қолдап сәлем бергені көнілімді көкке көтерді. Әкемнің бар болмысы, қадір-қасиеті менің көнілімнің көгіндегі асқақтай тұсті.

Әкеміз 1958 жылы соғыс тұтқындарын қудалауды тоқтатқанына көзі жеткен соң, Бұқар жырау ауданындағы қызметін аяқтап, туған ауылына оралады. Ауылға келген соң Баянауыл орман шаруашылығының «Большевик» колхозына орманшы қызметіне орналасады. 1963 жылы колхоз «Южный» совхозы болып қайта құрылғанда совхозда түрлі жұмыстар атқарып, зейнетке шығады.

Саналы ғұмырында адал еңбегі мен өнегелі өмірінің аркасында халықтың зор құрметіне бөленді. Бала тәрбиесіне қатал болған әкем біздің құлағымызға «Адамның ала жібін аттамандар», «Ұрлық түбі – корлық», «Акқа құдай жак» деп құйып, санамызға сініріп отырса, анамыз да әкеміздің сөзін қоштап, «Адалдың аты арымас, тоны тозбас» және т.б. мақал-мәтелдермен адалдық жолына бағыттап отыратын.

Жалпы өз ауылымызыдағы атам мен әкеме деген елдің сый-құрметіне өзіміз де күә болдық. Мен атамның баласы болып өстім. Атам қайда барса да мені қалдырмайды. Қонақта атам міндетті түрде төрде отырады, бас пен жамбас соған тиесілі болатын. 1963 жылы сексен тоғыз жасында бақылық болды. Ал әкемді жасы кішілер «жан аға» деп атаса, үлкендер жағы «Ашекен» деп құрметтейтін. Балалары да ата-ана атына жаман сөз келтірмей, білімді де білікті азаматтар болып қалыптасып, өмірден өз орындарын тауып, саналы ұрпак тәрбиелеп отырған ұлағатты отбасылар қатарында.

Ақыл-парасатымен елдің ақылгөй ақсақалы болған Ашу Бәбиұлы 1979 жылы мәнгілік сапарына аттанды. Соңғы сапарына шығарып салуға жиналған халықтың көптігі әкеміздің өмірде орасан сый-құрметке ие болғанын дәлелдей түскендей болды!

Әкеміздің бірінші жары Майбала Хасенқызы анамыздан Мұхамедрафық, Нұрлыхаят атты екі ұл, Мәктай, Гүлпариха, Күлән есімді үш қыз дүниеге келген. Майбала анамыз қайтыс болған соң 1940 жылы біздің анамыз Макпуза Әлиқызына үйленген. Макпуза анамыздан Рымтай, Рәтбек, Қуатбек, Нәсіпбек, Жұмабек, Аманбек, Айман, Рымбек, Оразбек, Шолпан, Дәулетбек өмірге келді. Мұхамедрафық, Нұрлыхаят, Рымтай, Рымбек, Шолпандар жас шақтарында өмірден озады. Басқа балаларынан ұрпак тарап отыр.

Атамыздың жағыз ұлы кеңестің құғын-сүргінінен, алапат соғыс қырғынынан аман қалып, өнегелі өмір сүріп, ұлағатты ұрпак қалдырды.

Сөз сонында Қазақстан Республикасы саяси құғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастырының төрағасы тұрғысында айтарым: Қазақстанда жүгізілген кеңестік жазалау саясатының қалай жүргізілгенін накты құжаттар арқылы біletін адам ретінде, казақ ұлтына жасалған зобалан-зұлматтың, қиянат-нәубеттің тарихына қанықпын. Қазақты ел қылышп ұстап отырған байлар мен билердің

орнына төңкеріс арқылы келген құл-құттан, тексіздер адами құндылықтардың қадірін кетіріп, мағынасын бұрып жіберді. Өздері ештеңе ұйымдастыра білмейтін, қолдарынан келетіні тек барды тартып алып, иелік ететіндер байлар мен билердің сонына шырақ ала түсіп, жазалауға кірісті. Тіпті кенес өкіметін мойынданап, мал-мұлқін ортаға салып, кенестік жүйеге қызмет ете бастағандарды да тыныш қалдырмады. Билікке келген жетесіз, тексіздердің кесірінен ашаршылық жайлап, қалың казақ қырғынға ұшырады. Ашаршылықтан аман қалып, ұлттың мұддесін қорғап, елге адал еңбегі сінген жақсылар 1937-38 жылдары «халық жауы» деген жаламен қырылды. Мемлекетке аянбай қызмет етіп, экономика мен әлеуетті көтерер талай іскер жандар жаламен опат болды. Өр қазактың сағын сындырып, рухын басты. Дегенмен де ұлтқа кезең-кезеңімен зорлық-зомбылық, қиянат-қырғындар жүргізілгенімен, Ашу Бәбиұлы сынды мындаған абзал әкелер тәрбиелеген казақ жастары ұлт рухының сөнбекенін, намысы өлмегенін 1986 жылдың желтоқсанында дәлелдеп берді! «Зұлымдық империясы» аталған кенестік жүйенің қабырғасын қакыратып, іргесін сөккен қазақ жастары кенес құрамында болған басқа одактас республикалардың тәуелсіздік жолындағы құресіне жол ашып берді!

Бүгінгі тәуелсіз Қазак елінің болашағы жарқын, экономикасы дамыған, өмірі гүлденген, білімді де білікті жастары өскен әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің бірі болуы үшін тарихымызды тара-зылай отырып, өткеннен сабак алып, жасампаздық жолында еңбек ету керек.

Қазакты жойылып кетуден сақтап, бастарына түскен каты-гездік-қияннатор мен зұлмат-нәубеттермен құрсесе жүріп саналы ұрпақ тәрбиелеп өмір сүрген ата-баба, әке-бауырларымыз, әже-аналарымыз – Парасат Бәйтеректерінің топырағы торқа, жандары жәнната болсын деп тілейміз!

Жұмабек Ашуұлы,
ҚР саяси құғын-сүргінге ұшырагандар
қауымдастығының төрагасы

Колхоз, кеңшар бастауында тұрған Салық Сапабеков

«Ассалаумагалейкүм, Садатайым!
Жүрсің бе аман-есен, қалай, жайың?
Біз жүрміз город Сталин қаласында,
Жер қазу, түрлі жұмыс саласында.
Мехнатсыз ешибір рахат болмайды гой,
Жауды жеңіп, жеңіспен барамыз да.
Жалғасы хаттың саган, Маржан, есенсің бе?
Көңсінетін емес балалар, аз емес не?
Бөліп тәрбиелесең екі-екіден дәл емес не?
Келмейді деп бұл жалғанда күдер үзбе.
Бұл согыстан нәсіп қып аман қайтсақ,
Аруағы ата-бабамың нар емес не?».

Майданнан бұл хатты жолдаған Салық Сапабековтің туған мінісі Мұхаммедсалық (әuletі Биттей аға атаған) соғысқа 1941 жылы аттанған.

Жоғарыдағы хатта аталған жұбайы Маржан жайында күркелілік ақсақал Нығмет Жәмінов былай деп еске алады: «Маржан десе Маржан еді. Сарыөлеңде бір ауылда тұрдық. Бізден ересек бойжеткен, көрікті қызы болды. Үлкендер текті жердің баласы деп қатты құрметтеуші еді. Сол бойжеткен ауылдық кеңес төрағасы болып қызмет істейтін Салық (Мұхаммедсалық – Ж.Қ.) Сапабеков деген азаматқа тұрмысқа шықты. Сәкеңнен Талғатбек, Әмина, Бәтима, Кәкима есімді төрт бала көрді. Амал бар ма, сол Сарыөлеңде Маржан жеңгеміз өмірден озды»...

Мұхаммедсалық Сапабеков 1942 жылғы 10 желтоқсаннан 1943 жылдың 3 қарашасына дейін Орталық майданда 3-ші Екпінді армияның 49-шы атқыштар дивизиясы 139-шы гвардиялық атқыштар полкінде соғысты, бөлімше командирі болды. 1943 жылғы 3 қарашада Калинин облысында корғаныс кезінде сол жақ тізесінен ауыр жарапанып, №519 эвакогоспитальда емделді.

Мұхаммедсалық атанаң баласы Сұңғатбек Сапабеков:

— Ауылға еңбектері көп сінген ағайынды Ашу, Садық, Салықтар артель, колхоз, совхоз құрылғаннан бастап соңғы демдері біткенше қызмет жасады. Ашу ағамыз артель басшысы болудан бастап еңбек етсе, әкеміз Салық зоотехник болды. Ол да ағасы Садық сияқты ат баптаған, Жамбылқөт атты бәйге атын ұстады. Ол 1963 жылы жаңадан құрылған «Южный» совхозының алғашкы ауылдық кеңесі төрағасы қызметін 1971 жылға дейін атқарып, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Садық атамыз ауылдың ферма менгерушісі, аға шопаны болып зейнеткерлікке шықты. Үшінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері әрі еңбек ардагерлері, колхоз председателі болып, ел басқарды, — деп еске алады.

Салық Сапабеков жайлы ұрпақтары ұсынған ғұмырбаяндышқ деректер

Ø мір сүрген жылдары: 1908-1981 жж. Баянауыл ауданының Күркелі ауылдық округіне карасты Бәби қыстағында дүниеге келген. Ағайынды Садық пен Салық анадан ерте айырылып, жетімдіктің киыншылығын көреді. Алғашқы сауатын өз әкесінен және Кабира молладан ескіше оқып ашқан. Кеңес үкіметі орнаған кезде ауыл мұғалімі Пәуен Жүсіпбаев жанаша оқытқан. Кейін 7 кластық біліммен қысқа мерзімді курста оқып, арнаулы орта білімді зоотехник мамандығын игерген.

1927-1929 жылдары ағасы Садықпен Майқайың кен өндірісінде (шахтада) еңбек еткен.

1932 жылы әкесі Сапабек қайтыс болып, сол жылы Омбы мен Петропавл арасындағы «Есілкөл» станциясында жұқ тасушы болып жұмыс істейді. 1939 жылы елге оралып, Баянауыл ауданы «Жаңа ұйым» колхозына жұмысқа орналасады.

Ұлы Отан соғысынан II топ мүгедегі болып оралған ол «Жаңа ұйым» колхозында жұмысын жалғастырып, койма менгерушісі, 1946-1948 жылдарда колхоз председателі болыпты, 1949-1950 жылдары Каражар ауылында басшылық қызмет аткарды. 1953-1955 жылдары «Жамбыл» колхозының председателі, 1957-1963 жылдар аралығында ауылда зоотехник болды.

1939 жылы Есіркепкызы Маржанға үйленеді, Маржан кіші қыз баласы бір жарым жасқа келгенде, 1951 жылы, сыркаттан қайтыс болады.

Екінші рет Салық Сапабекұлы жолдасы сүм соғыстан оралмай, екі қыз баламен калған Қоқымбайқызы Марияммен (1952 жылы) шанырак құрады. Екеуі тағы екі ұл, бір қыз көріп, жалпы 9 бала тәрбиелеп, барлық балаларын оқытып-токытты.

Салық Сапабекұлы 1981 жылғы 18 наурызда Шоманқөл ауылында қайтыс болып, сол жерде жерленді.

2017 жылы Жұмат Шанин ауылының Күркелі көшесіне Салық Сапабеков есімі берілді. Сонымен катар, өзі қызмет істеген контордың қабырғасына (ол кезде совхоз конторы мен ауылдық кенес конторы бірге болған) және өзі тұрған үйдің қабырғасына мемориалдық тақталар койылды.

Марапаттары:

III дәрежелі «Данқ» ордені (1947);

II дәрежелі «Отан соғысы» ордені;

«Еңбек ардагері» медалі;

Ұлы Отан соғысындағы Женістің және КСРО Қарулы Құштерінің мерейтойлық медальдары.

Сұңғатбек Сапабековтің естелігі

О кейдін ұлағатты өмір жолын, ерен еңбектерін ұлгі ету, айту – біздің міндетіміз. 9 мамырды атап өту кенес заманында ерекше мейрам болатын, оның ішінде қан майданнан аман-есен елге оралғандар үшін үлкен той еді. Бұл күн басталғанда соғыс ардагерлерін мектепке алғызып, әңгімелерін тыңдалап, мойындарына қызыл галстук байладап қайтаратын. Үйге келгенде біз сұрақтың астына алғанмен, жасаған ерліктері, жалпы соғыс жайында көп айта коймайтын. Дегенмен бір ерлігі хақында өз аузынан естігенім бар:

«Бірде жау, бірде біз шабуылға шығып тұрғанда взвод командирі мені шақырып алып, «қасына 4-5 жігіт тандап ал да, жау шебінен «тіл» алып кел», – деп бұйрық берді. Бөлімше командирі – сержант болатынмын, қасыма 4-5 жігітімді ертіп алып, еңбектеп

барып жау шебінің шет жағында тұрған біреуінің басына қап киғізіп, бір еңгезердей немісті кезектесіп арқалап, сүйрелеп алып келдік»...

Осы ерлігі үшін орденге ұсынылған екен, бірақ неміс басқыншылары қарсы шабуылға шыққанда взвод командирі қайтыс болып кеткен. Ұсыныс жайын ешкім сұрамаған, сөйтіп марапаты аяқсыз қалған. Әкейге: «Орденіңізді неге іздемедіңіз, сұрамадыңыз?» – десек, «Орден, медаль үшін соғысқан жоқпыз, Отан үшін соғыстық», – дейтін.

Соғыс кезінің өзінде де шовинистер басқа ұлт өкілдерін орынсыз ажал аузына итермелеген. Әкей осындай бір оқиғаны айттып еді.

«Бірде көше ұрысы жүріп жатты, оқ бас көтертпей жауып тұр. 4-5 жауынгермен снаряд түсіп шұнқырға айналған жерде бой тасалап жатқанымызда, бір орыс офицері еңбектеп кеп біз жатқан шұнқырға секіріп түсіп, маған тапаншасын кезеніп, «Шабуылға шығындар!» – деп бұйырды, өзі шұнқырда қалмақшы. Бұл дегенін – анық өлім, себебі басынды көтерсөн, қарша жауып тұрған оқ басты жұлып әкетеді, сондыктан жастығымды бірге ала кетейін деген оймен автоматымды орыс офицеріне бағыттадым»...

1943 жылдың 3 қарашасында Калининград облысындағы бекіністі ұстап тұру үшін болған қиян-кескі ұрыста Биттей аға (әкем) қатты жарапанады. «Есімді бір жисам, айнала – жарапанған адамдар, біреулері ыңырысып, біреулері айқайлап жатыр. Маған төніп келген орыс медбикесі «Молчишь, турок, молчи», – деп кетіп бара жатқанда, оның сөзін естіп қалған дәрігер: «Қатты жарапанғандар сөйлей алмайды, естерінен танады, тез алып кетіндер!» – деп бұйырды, одан әрі не болғанын білмеймін, қайта талып қалыптын», – дейтін ол.

Содан госпитальда операция жасатып, төрт айдан аса емделіп, 1944 жылдың 3 наурызында 2-топтағы мүгедек болып елге кайтты. Елге балдақпен, өкпесіндегі неміс оғы алынбай, сол аяғы он аяғынан 8-9 сантиметр қысқа болып келді. Біраз емделген соң «Жаңа үйым» колхозына қойма менгерушісі болып жұмысқа тұрады. 1946-1948 жылдары осы «Жаңа үйым» колхозына председатель болады. 1949-1950 жылдары Қаражар ауылына басшы болып барады. 1951-1952 жылдары Сарыөлең ауылында еңбек етті. 1953-

1956 жылдары «Жамбыл» колхозына (қазіргі Аймауытов ауылы) председатель болып барады. Ол кезде колхоз орталығы Көбдік деңгей жер болды.

1957 жылы Биттей аға өз ауылы – «Большевикке» (Шоманкөл) зоотехник болып келеді. Діни сауаты болғандыктан ферма аралап жүргенде бейіттердің касынан өткенде токтап, құран оқиды екен, мұны көрген ауданнан келген бас зоотехник – армян азаматы «Сәке, как хорошо поёшь!» – дейді екен.

1963 жылы жаңа ашылған «Южный» совхозы ауылдық кенесінің алғашқы төрағасы болып, 1971 жылы заңды зейнеткерлікке шыққанша қызмет атқарды.

«Әкен өлсе де, әкенді көрген өлмесін» демекші, ауылдық кенестің хатшысы болып қызмет аткарған Әбайілдәұлы Төлеш ағамыз бұлай есіне алады: «Ол кісімен жұмыс істегендеге жас болым, мені қызметке алып, тәрбиеледі, көп тәжірибе алым, адалдыққа, тәртіпке үйретті. Биттей аға катты сөйлемейтін, кабак шытып, зекіп ұрыспайтын, бәрін ақылмен шешетін әділ де сыпайы азамат болды. Ауылдың клубтары, емханасы, кітапханасы ауылдық кенеске қарайтын. Атқаратын жұмыстар көп: ЗАГС-ке отырғызу, балалардың туу туралы куәліктерін толтыру, паспорт үстелінің жұмыстары, әскери есеп жүргізу, ауылдық кенеске бөлінген үкіметке ет, сұт тапсырудың жеке жоспары. Бізге бөлінген «Урал» мотоциклімен ауыл-ауылды, фермаларды аралаймыз. Содан малды жинап, Лекер ауылындағы бордакылау бөлімшесіне тапсырамыз. Биттей аға «Біз үкіметпіз, мекемелер – бізге аманат, әрқашан қызметтік орнымызда болуымыз керек», – дейтін. Көктем кезінде, төл алу науканында мені уәкіл қылып бөлімшелерге жіберіп отыратын. Отбасылардағы ұрыс-керіс жайлы естісе, азаматтарды конторға шакырып алып, татуастырып жіберетін. Ауылда тәртіп өте мықты болды. Биттей ағаны халық катты сыйлады...»

Соғысқа бір аяғын берген Қабылтай Жанәділов

Соғысқа бір аяғын берген Қабылтай Жанәділов марқұм құдай қосқан көршіміз еді, руы – козған, әжем «бауырым» деп отыратын.

Қабылтай ағатай бізбен етене араласты, кешкілікте үйге Айтбала тәте екеуі айран ішуге келетін. Бау-бақшасында танқурай мол болатын... Қабылтай ағатайдың «Москвичімен» қараша тереуге баратынбыз, ол бір мереке күндер еді. Қарақат теріп-теріп келіп, тоғай бауырында самауырды бұрқылдатып, қойдың тоңазыған етін жеп үзіліс жасаушы едік. Ал кейде біздің бақшада кәуап тұтінін түтегетінбіз.

Көршіліктің мықтылығы сол, бір жылды студент болып жаңа жылды қарсы алуға келгенімде, әке-шешем жаңа жылды қарсы алуға Қабылтай ағатайдікіне кетті. Мерекелік дастархан да жок, дым да жок, өзім жалғыз теледидар көріп жылды қарсы алдым. Жалпы, біздің үй жаңа жыл деп әбігерленбейтін, ол мейрамда әдеттегідей жүре беретін.

... Ұлы Женістің 45 жылдығы құрметіне ауылымыздың мәдениет үйінде тамаша концерт өтті. Қатысушылардың әрқайсысы сахнада тұрып бір-бір ардагердің атын атап шығуымыз керек. «Шуакбаев Нурмаганбет», «Тенкиманов Абди» деп катысушы оқушылар саңқ-саңқ етіп тұрды. Мен Сламбеков Мұхтар атаниң атын атаған болуым керек, ұмытпасам, «Сыламбеков» деп созып айтқаным есімде. Концертте ән орындарым. Мамам: «Осы әнді Қабылтай Жанәділов ағатайға арнаймын» деп айтуың керек», – деді. Бірақ концерttі ұйымдастыруши Төлеш Ибаділқызы «жеке адамды атауға болмайды» деп, рұқсат бермеді. Мамам алдын ала «Жанаргұл әнін сізге арнайды» деп айтып койыпты, содан Айтбала тәте маған бермекші болып жасанды гүл де алып барған екен. Гүлін берген жоқ, эрине.

Тағы бір оқиға. 5-сыныпта Баянауылдағы «Зернышко» деген лагерьге бардық: мен, Ержанова және Төлембекова қос Айнұр, Сандуғаш құрбым. Сандуғашты лагерьге барайық деп үгіттеген мен едім. Қабиден молданың немересі Маржангұлді үгіттеп көн-

діре алмадық. «Біз лагерьде қызық кешіп жүргенде ауылда қап-қара болып күнге күйіп жүр солай!» – деп ұрыстық тіпті болмаған соң.

Екі Айнұрды қойшы, мен орысшадан жүрдаймын, ешқайда шығып көрмеген біреудің жалғыз қызымын. Асханаға кірсем, орыстың балалары үстел үстіндегі тамақты талап жейді, мен ботқа дегенді жеп көрмегем, татып алмаймын, бір тілім нан да бұйырмай қалады. Осылайша, үш күн бұратылып қарным ашып, үйге қайтқым келіп әрен жүрдім. Әлгі Маржанғұлдің күнге күйген күніне зармын. Содан бір күні шомылуға көлге барсам, сонадайда, лагерьдің басқа отряды жағында токсары түсті «Москвич» көлігі тұр. Көзіме оттай басылды. Қарасам, шопыры көл маңында аксандал жүр. Бірталай алыс жер. Содан жан дауысыммен «Қабылтааай ағатаааай!» – деп айғайладым кеп. Естіді бір кезде. Содан зар жылап, «Мені алып кетіңіз үйге!» – деп, оның ақсак аяғына жармасып, айырылмадым. Ол кісі лагерь бастығына келіп, мені алып кететінін айтты. Ұлты орыс әйел жерден алып, жерге салып, әрен жіберді мені. Мен кетіп бара жатқанда Айнұр мен Сандуғаш дуал тепкілеп жылап қалды. Сандуғашты үгіттеп апарғанымды қайтейін, орыс әйел жібермей койды.

«Біздің көше» деген өлеңімде:

«Ұмытпайды Отаны есіл ерді,

Сыңғыр қағып көп медаль төсіндегі.

Қабылтайдың, майданнан ақсап қайтқан,

Жексенбай ұл шырағын өшірмеді...» деп атап өткен едім Қабылтай ата туралы.

Ол қылы тағдыр иесі еді...

Ғұмырдерек

Kабылтай Жанәділов 1926 жылы туған. Әке-шешесінен жастай қалып, балалар үйінде тәрбиеленген.

Соғысқа 1943 жылғы қантар айында аттанып, 417-ші атқыштар полкі құрамында соғысқан, Смоленскіні көрғауға катысқан.

Ауыр жаараланып, госпитальда бір жыл өмделді.

1944 жылы елге оралып, ауыл шаруашылығы саласында тер текті. Колхоздың есепшісі, кейіннен ұзак жылдар бөлімшениң, совхоздың бас есепшісі болды. «Южный» кеңшарын өркендетуге өз үлесін кости.

1998 жылы дүниеден озды.

2-топ мүгедегі.

І дәрежелі «Отан соғысы» орденінің иегері.

Мектептің тұнғыш директоры – офицер Ғалымжан Қыпшакбаев

Ғалымжан Сагатұлы Қыпшакбаев 1925 жылы Баянауыл өніріндеңі Үсқақбек қыстауында дүниеге келген.

1931 жылы ашаршылық салдарынан әке-шешесі, әпкесі және тағы алты отбасы Қарағандыға жаяу-жалпы бет алады. Сол кала да әкесі жарты жылдай шахтада жұмыс істеп, кейін Омбы облысы Одесский ауданындағы Қаржас ауылына көшеді. Ғалымжан Сагатұлы мектепті сол ауылда бітіріп, 1943 жылғы 2 қантарда майданға аттанады.

Батыс Украинаны қорғау кезінде ауыр жаракат алғып, 1943 жылы Львов қаласында госпитальда ем алады. Сол жылы Львов әскери училищесінде оқып, офицер шеніне ие болады.

Кейін майданға қайта аттанып, взвод командирі болды, 1948 жылға дейін Батыс Украинада әскери салада қызмет атқарды.

1948 жылы соғыстан оралып, Омбы қаласының педагогикалық институтына окуга түсіп, Қаржас ауылының мектебінде химия және биология пәндерінен сабак берді. Сол жылдары ауылға жас маман болып келген мұғалима Мәриям Мұсатайқызы Жүсіповамен отбасын құрды.

1956 жылы әкесінің талабымен туған жері – Шоман ауылына (ол кезде – «Большевик» колхозы) көшіп келеді де, ерлі-зайыпты педагогтар жергілікті мектепте енбек етеді.

1963 жылы «Южный» совхозын құру жөнінде шешім қабылданғанда, совхоз тарихындағы бірінші мектептің іргетасын каласып, кеңшар орталығындағы Большевик орта мектебінің (қазір-

гі Қошке Кеменгеров атындағы жалпы орта білім беру мектебі) тұнғыш директоры болып тағайындалды.

Осы мектепте қырық жылдан астам тер төгіп, зейнетке шыкты. Мәриям Мұсатайқызы екеуі тәрбиелеп өсірген алты бала-дан бүтінгі танда 11 жиен-немере мен шөберелер өрбіп отыр.

Ғалымжан Сағатұлы – «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім» атағының иегері.

II дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және Ұлы Отан соғы-сындағы Жеңістің мерейтойлық медальдарының иегері.

Қарағанды қаласындағы Соқыр (Жалаңтөс) батыр зиратында жерленген, әкесі Сағаттың мәңгілік мекені – аталары Балпаңгер, Кеменгердің атақонысы – ІІскәбек қыстауында.

Сүлеймен Баязитовтің «Қызылтау-Желтау аясы» атты кітабында Ғалымжан Сағатұлы туралы мынадай деректер келтірілген: «Мектеп директоры, Омбыдағы педучилищені, Украина дағы командирлер дайындайтын әскери оқу орнын, Қарағандыдағы пединститутты бітірген. Офицер, ұстаз».

«Ерлігі үшін» медалін екі рет алған бөлімше командирі – Мұхтар Сламбеков

Мұхтар Сламбеков 1922 жылы Баянауыл ауданының «Жаңа үйім» колхозында туып, әскерге 1942 жылы алынған. 2-ші Украина майданы 140-шы атқыштар дивизиясының 96-шы атқыштар полкі құрамында соғысқан ол 1945 жылы екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

2-ші атқыштар батальонында бөлімше командирі болған жауынгердің шені кіші сержант еді. Ол Чехословакияның Забржег елді мекеніне кіре берісте болған қиян-кескі шайқаста үш немістің көзін жойды.

Соғыстан кейін Баянауыл ауданына қарасты «Южный» кеңешарында еңбек етті, ауылына қадірлі аксақал болды. Бүгінде Мұхтар ата мен Билән ападан өрбіген ұрпақ сан салада ел игілігі жолында қызмет етуде, солардың бірі – Екібастұз қаласында кәсібін дөңгелетіп отырған Мейірбек Зарқынұлы Жакупов. Аталарының ерлік жолы – балалары мен немерелері үшін зор мақтаныш.

... Жерлес қаламгер Сұлеймен Баязитов «Бала Мәшһүр» кітабында «Ауылға келген жерде мал фермаларының басынан ашылған бастауыш мектептерге алғаш Оқан, Мұхтар, Темірхан, Рахметолла, Төкен мұғалім болып тағайындалды. Оқан мен Мұхтар әр салада енбек етті. Рахметолла мен Төкен жас ұрпаққа білім беруде біршама көзге түсті» деп атап өткен. Соған қарағанда, Мұхтар атандың ағарту ісінде де аз-кем үлесі болған сияқты...

Марапаттары:

«Ерлігі үшін» медалі (21.05.1945);
 «Ерлігі үшін» медалі (11.06.1945);
 «Праганы азат екені үшін» медалі (01.05.1946);
 «Ленинградты қорғағаны үшін» медалі (19.08.1943);
 «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі (23.02.46).

Колхоздың алғашқы шофёры – Қаби Қәлиұлы

Қаби Қәлиұлы 1915 жылдың маусым айында Тезекбай-Байқожа елді мекенінде жылқышы отбасында туған. 1939 жылы Қорлығайын Эбішқызына үйленеді.

1941 жылы соғыс басталғанда майданға аттанып, техникадан хабары болғандыктан, полуторканың рөліне отырады. Соғыста қару-жарақ тасып, жауынгерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етіпті.

«Ақкөніл, әзілкой адам болатын. Әкем Қаби ол кісінің шоферлік шеберлігі туралы әнгімесін: «Мен өзім Қәли аксақалдың Қабиының машинасына мініп көрген адам емеспін, – деп бастар еді, – мінгенде қайда барам, оған менің қолым тие ме, койды кім бағады? Шалдардан естімін, машинасы сынып қалса, ағаш жалғап жүріп кететін көрінеді». Шынында да, ол кісі біздің ауылда техника тілін алғаш менгерген жан еді» деп жазады ол туралы жазушы Сұлеймен Баязитов.

– Әкем соғыстан соң Шоманкөл ауылында самосвал машинада колхоз тірлігімен айналысып, күні-түні тыным көрmedі. Егін піскен соң астықты қырманға, қырманнан элеваторға тасытын. Шопандарды қыстакқа, одан жайлауға көшіру, шөп шабу, бригадаға ас-су жеткізу, тағы басқа жұмыстары жетерлік еді. Ауыл балалары:

«Аға, машинаға мінгізіңіш!» – дегенде, әкем: «Мәйту беріндер, сонда ғана мінгізем! – дейтін. Сөйтіп балаларды қотаннан бір айналдырып, риза қылышы еді. Бара-бара ауылда машина саны көбейді. Кейін Съез, Серік, Мұқатай, Әбдіш сияқты әріптестерімен колонна болып шығатын болды.

Соғыс және еңбек ардагері болған әкем анаммен 40 жыл отасты. 80 жасқа келгенше шөп шауып, еңбеккорлығынан айнымады. Ардақты әкемнің туғанына биыл 110 жыл, – дейді қызы Клара Садыкова.

Майданнан мұғалімдікке шақыртылған Рахметолла Үрпеков

Рахметолла Үрпеков Құркелі ауылдық округі аумағында орналасқан Үрпек елді мекенінде дүниеге келген. 1928 жылы Кереку қаласындағы педагогикалық училищеге окуға түседі. 1931 жылы бітіріп, Кереку балалар үйінде қызмет атқарады.

1936 жылдан бастап Баянауыл ауданындағы Мұрынтал, 1 май, 2-ші ауыл, Сарыөлең ауылдарындағы бастауыш мектептерде мұғалім болады.

1942 жылдың қантарында Отан қорғауға аттанады. Ұлы Отан соғысы кезінде Қыыр Шығыс шекарасын қорғауға қатысады.

1944 жылдың аяқ шенінде ауыл балаларын оқытуға мұғалім жетіспеушілігіне байланысты шыққан жарлық күшімен елге қайтарылады. Большевик сөзізжылдық мектебіне мұғалім болып орналасады. 1971-1972 жылдары Сарыөлең бастауыш мектебінен зейнеткерлікке шықты.

1979 жылы 1 маусымда 73 жасында бақылық болды.

Рахметолла ата жайында қызы, зейнеткер ұстаз Раушан Рахметоллақызы былай деп сыр шертеді:

– Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, 9 баланың әкесі – менің әкем Рахметолла Үрпеков пен бірнеше жас жігітті Павлодарға Жұсіпбек Аймауытов апарған екен. Бұлар сауатсыздықпен күрестің алғашқы (ликбез) мұғалімдері ғой. Әкем халық ауыз әдебиетінен, қазак әдебиетіндегі классик ақын-жазушылардың шығармаларынан, шетел әдебиетінен сусындағы журіп, шығар-

ма кейіпкерлерін үлгі тұта білді. Үлкен немересіне Мұса Шормановтың бәйбішесі Ақжан есімін берсе, Бекжан, Шекерім аттарын өзінің қойын дәптеріне жазып қойыпты. Оқыған кітаптарындағы оқиғаларды шебер суреттеп айтатын. Анамыз Злихаш Көбешқызы сөзге шешен, әзіл-қалжынды орынды пайдаланып, күлдіре біletін, ән айтатын адам болды. Бірде «Әлгі әкелерің күні бойы Рамазан Құрзінді оқып, қолы тимеді», – деп күлдіргені бар. Сөйтсек, Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» шығармасындағы Робинзонның құнделігін шешемізге айтып отырады еken. Әке жолымен үлкен апайымыз Тілекtes, мен және сінлім Ләzzat ұстаздық жолды таңдадык.

1974 жылы Семейдегі педагогикалық институттың казак тілі мен әдебиеті факультетіне окуға түсіп, үйге келсем, газеттердің бәрі қазак мектептері, қазак кластары жабылып жатқанын жарияладапты. Мен жылап, «Менің бұл мамандығым кімге керек, кандай қызмет істеймін?» – десем, әкем: «Балам, халық аман болса, қазак тілі өлмейді, сен мамандықты жақсы таңдағансың!» – дейді.

40 жылдан аса ұстаздық етіп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған абзал әкеміз бен аяулы анамызды сағынышпен еске аламыз.

Зенбірек командирі – Бәйкен Әбілқасов

Саналы ғұмырын Қойтас ауылында өткізген Бәйкен Әбілқасов 1923 жылы туған.

Соғысқа 1942 жылдың 16 маусымында шақырылып, 2-ші Белорус майданының 3-ші Армиясы 269-шы атқыштар дивизиясының 1022-ші атқыштар полкінде соғысқан.

Сержант Бәйкен Әбілқасов соғыста 76 миллиметрлік зенбірек (танкіге қарсы) командирі болды.

1944 жылғы 22 акпанда Батыс Белоруссиядағы Карапшев қаласына кіру кезінде ауыр жарапанып, сол қолынан айырылды. №1545 эвакогоспитальда емделіп, сол жылы елге 2-топ мүгедегі болып оралды.

III дәрежелі «Данқ» орденімен (1947 ж.), I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (1975, 1985 жж.), «Кенес Одағының маршалы Г.К. Жуков» медалімен марапатталған.

Нұрғали молдадан білім алған Кәрім Нұрбалаұлы

Кәрім Нұрбалин атасың майдангер болғанын ұстазым Жорабек Әбдірахмановтың 1990 жылы Баянауыл аудандық «Победа» газетіне жазған мақаласы арқылы білдім.

Кәрім атасың ұрпактары бала күнімнен көз алдында: олар нағашым Балғабайдың құдай қоскан көршілері еді. Кәрімовтердің көршілерімен тату-тәтті қарым-қатынасы, Бірлік ағатайдың біртоға бейнесі, Нөләй тәтенің үнемі күліп, калжындал жүретіні, ол үйге үнемі Алматыдан немесе Торайғырдан қонақтың үзілмеуі – бәрі күні кешегідей көз алдында. Осынау көріністерден үй иелерінің қонақжай әрі балажан екендігін ұғуға болатын-ды. Сондай-ақ, Сәulet Бірліккүзының кеншардың сауда саласындағы мәндайалды маманының бірі болғанын ұмытпақ емеспіз. Осы Сәulet апайды Кәрім ата бауырына басып, мектепке өзі жетелеп апарған көрінеді.

... Кәрім Нұрбалаұлы колхоз кезінде пар өгізбен қысы-жазы қойлы ауылдарға жем-шөп тасыған көрінеді. Совхоз құрылғанда отар қабылдал алып, аз жылда еселі еңбегінің нәтижесінде озат шопан атаныпты.

Ауылдастары ата жайлы «кісінің ала жібін аттамайтын адал адам болған» деседі. Ата ниетінің адалдығынан шығар, одан тараган ұрпактар өсіп-өніп, іргелі әuletке айналды. Ал ата таяғын ұстаған немересі Сүтжан Кәрімов бабаларының атақонысы болған Мақаш қыстағында мал шаруашылығын дамыттып, бүгінде ауданғағана емес, аймаққа танымал кәсіпкердің бірі әрі үлкен әuletтің тірегі ретінде абырайға бөленіп отыр.

Сүтжан Бірлікұлы атасы жайлы былай деп әңгімелейді:

– Нұрбала атамда үш перзент болған: апамыз Ажар, атамыз Қасен және өз атам Кәрім. Бұл кісілер ата-анасынан ерте айырылған. Мақаш қыстағында Кәрім атамыздың қорасының орны бар, сол жерде бала күнінде Нұрғали Таушабайұлы молдадан дәріс алады. Қай жақта білім алғанын білмейміз, бірақ өмір жолы мұғалімдікпен өрбіген. Ескіше де, кеңес дәстүрімен де бала оқытқан екен. «Большевик» колхозы құрылғаннан кейін көбінесе Сарыөлең аумағында болыпты. Эжеміз Соңқожақызы Қайныш 16

құрсақ көтерген, біздің әкейге дейін бала тұрмапты. 1934 жылы менің әкем туады. Әкемнің екі інісі, екі қарындасы бар: Берік Нұрбалин, Уасиля апа және қазір Алматыда тұратын Қуаныш аға мен Света апамыз. Сарыөлеңде колхоз құрылғанда әкеміз колхозға үлесін қосыпты. Жапар Сармантаев атты жылқышының айткан әңгімесі деп естітінмін: ауылдың ақсакалдары Жәкеш Рақымбаев (Қанапия Жадриннің әкесі), Жұніс Қалабаев (Зекен агатайдың әкесі), Үдебай Арынұлы (Көбешовтердің атасы), солармен бірге атам Кәрім Нұрбалин, тағы біраз адамдар колхозға бір-бір малдарын, құлынды биелерін берген екен. Атамыз мұғалім бол енбек етіп жүріп соғыска аттанады: шақырылған жылы белгісіз. 1945 жылы оралып, Жосалыда мұғалім болады. Әкем Бірлік 1955 жылы денсаулығы жарамай, Қарағанды мемлекеттік университетін бітіре алмай қайтып келген. Сонда атам мектеп директоры болып, оның қарамағында әкем пионер вожатый болып жұмыс істеген. Кейін Берік ағамыз Қызылшіліктे кой бағып, атамыз сол кісілермен тұрған.

1966 жылы кеңшар орталығындағы үйді салды, 1968 жылы 2 желтоқсанда қайтыс болды.

Ауыл шопаны – Айткен Бұқабаев

Төлеутай (Төлеген) Айткенов, майдангердің баласы:

– Әкем Айткен Бұқабаев 1910 жылы туған. Соғыстың басында-ақ майданға шақыртылып, соғыс біткен соң да екі жыл жүріп келіпті. Естуімше, соғыста кираган қалалар мен темір жолдарды жөндеген болуы керек. Соғыстан кейін мал шаруашылығымен айналысып, фермада кой бақты. Сол бір кездері үйі өртеніп, бүкіл құжаттары отқа оранды. Кейін ағам Несіпбекке «құжаттарды қалпына келтір» дегенде, ол кісі: «Әкем үкіметтің бір келі шайына қарап отырған жок», – депті. Ол жылдары намысшыл азаматтар кара бастың пайдасын ойламайтын еді ғой, әкем де соғыска қатысқанын ерекше мактандың кылмайтын. Өзге де ардагерлер сияқты, әкемнің өнірі Женістің мерейтойлық медальдарына толы болды.

Жас кезімде соғыс туралы сұрай қалсам, «Тәйт! Қайдағыны бастама!» – деп жекіп тастайтын. Кісіге «кет» деп айтып көрмеген

өте момын адам еді. Ешкімнің ала жібін аттамай, адал еңбек етіп, артында өнегелі ұрпақ қалдырыды...

Атап өтерлік жайт, Айткен атанаң ізін жырымен жалғап жүрген Жоламан Әйткен атты немересі бар. Өлең сүйер кауымға жаксы танымал Жоламанның қаламынан «Жыр жазамын жүрегімнен», «Фасырауған» атты жыр жинақтары туған.

Жуков медалін таққан Нұрмамбет (Шөкалай) Шуақбаев

1917 жылы «Жаңа талап» колхозында дүниеге келді.

Әскер катарына 1941 жылғы 25 шілдеде алынды. 3-ші Украина майданында, 34-ші жеке көпір теміржол батальоны құрамында соғысты.

1948 жылды елге оралды.

1977 жылды зейнетке шықты.

Марапаттары:

II дәрежелі «Отан соғысы» ордені (1985);

«Кенигсбергті алғаны үшін» медалі;

«Георгий Жуков» медалі;

«1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі;

«Еңбек ардагері» медалі.

Нұрмамбет атанаң бейбіт өмірдегі еңбек жолына қатысты деректер Сүлеймен Баязитовтің бірнеше кітабынан кездеседі.

Омбыда оқыған ұстаз – Солтан Рұстембеков

Немересі Әйгерім Солтан ұсынған ғұмырдерегі:

– Солтан Рұстембеков 1912 жылы Баянауыл ауданы № 3 ауылдында дүниеге келген. Солтан атамыз жас кезінен білімге жақын болған. Омбы педагогикалық колледжін бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдаған. Оқуын аяқтаған соң өзінің туған жеріне қызмет етуге келіп, Ақши ауылдында ұстаздық

қызметін бастаған. Ауыл балаларына білім беріп жүргендे сұрапыл соғыс басталып, соғысқа аттанған.

Ұлы Отан соғысына 1943 жылдың маусым айынан теміржол батальонының 24-ші бөлімшесі құрамында теміржолшы ретінде катысып, еліне 1948 жылдың мамыр айында оралған. Әскери маマンдығы – теміржолшы, әскери шені – катардағы жауынгер.

«Кенигсбергті алғаны үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Соғыстан аман-есен оралып, Сарыөлең, Большевик (қазіргі Шоманкөл), Қарақуыс бөлімшелерінде мұғалім болған. 45 жыл ғұмырын бала тәрбиесіне, білім беруге арнаған.

Ауылдың көзқөрген карттары атамызды жиі еске алып, немере-жиендеріне аңыз етіп айтады. Белгілі жазушы, өлкетанушы, акын Сұлеймен Баязитов Солтан атасың окушысы болған, атамыз туралы өз шығармаларында бірнеше рет жазған болатын.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сактайтын, ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, жаны таза және әділ, жұртқа үлгі көрсететін, корқу мен жасқануды білмейтін ержүрек болуы керек», – деген екен. Атамыз дәл осындай өнегелі, мәртебелі, абыройлы, жанашыр ұстаз болған.

Барлаушы Темірхан Үрпекбаев

Темірхан Омарбекұлы 1919 жылы қазіргі Баянауыл ауданының «Южный» кеншарында (бұрынғы «Жана талап» ұжымшары) дүниеге келген. Қазак даласын аштық жайлайған жылдары Темірхан 12 жасар ойын баласы болатын. Тіске басар талғажау қалмай, ауылда аштық басталған уақытта әкесі Омарбек әuletімен босқан жұртқа ілесіп Сібір аудады. Жат жерге ауа көшкен кезде Темірханды әкесі ағасының колына қалдырып кетеді. Алайда елдегі қалған ағайынның да күнкөрісі мұлде киындейды. Бала-шағаның аштан өлу қаупі туады. Осы кезде біреудің аманатқа қалдырған жалғыз

баласын өлтіріп алмауды ойлаған ағасы Темірханды Баянауылда ашылған балалар үйіне өткізеді. Бұл 1931 жылдың аяғы болатын.

Жетім балалар жиналған бұл үйдің жағдайы да ауыр болатын. Арып-ашыған балалар мұнда тоя тамак жемейтін, дегенмен де аштан да өлмейтін. Осындай киын-қыстау уақыттың өзінде мемлекет балалар үйінде тәрбиеленушілерге білім беру ісін тоқтаткан емес. Өзге балалар сиякты Темірхан да балалар үйінің кабырғасында өткізген бес жыл ішінде алты класты тәмамдап шыкты, сөйтіп 1937 жылы өзіне аштықта пана болған балалар үйімен қоштасып, Павлодар қаласына сапар шекті. Ондағы ойы осы қаладағы педагогика техникумына оқуға түсу болатын. 18 жасар жігіттің жолы болып, атамыш оқуға кабылданғандардың қатарына ілікті.

Жастайынан киындықтың дәмін татып өскен Темірхан білімге құштар-тын. Ол оқуға жанын сала кірісті. Қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысты. Сөйтіп Темірхан үшін техникумда оқыған жылдары есесу жылдары болды. 1940 жылы оның қолына мұғалімдік қуәлігі тиді.

Темірхан мұғалім атанған кезде ауыл мектептері ұстаздарға зәру еді. Баянауыл аудандық оқу бөлімі жас маманды өзінің туған ауылы – Жаңаталап ұжымшарына жолдамамен жіберді. Осында жас ұстаздың арманға толы енбек жолы басталды.

Бейбіт елді дүр сілкіндірген соғыс деген сүмдық сөзді Темірхан 1941 жылдың 23 маусымында естіді. Ер азамат туған жерді дүшпеннан қорғауға тиіс еді.

Сол күні әскери комиссариаттан ауылдастарының бір легіне майданға шақыру кағазы келді. Шақыру кағазы келгендердің ішінде мектеп директоры Ахмет Жарұлы, сондай-ақ, мектептің тағы төрт бірдей мұғалімі бар еді. Олар іле-шала майданға аттанды. Әріптестерінің артында калған Темірханға сол уақытта мектептің іші ойсырап қалғандай сезілді. Бірақ қандай апат болса да тіршілік жалғаса береді. Қатарлары селдіреп калған мектеп ұжымы да есепленген күш-жігермен балаларға білім беруді жалғастыра берді.

Соғыс туғызыған киындыққа қайыспай жүріп Темірхан өзінің де майданға аттанар сәтін күтті. Сөйтіп, 1942 жылдың қантарында ол әскерге шақырылды. Қасындағы жерлестері Қанапия Ақбота-ұлы мен Қанықен Әбиұлы үшеуі батысқа жол тартты. Алғашқыда

олар Түркменстан Республикасының Мары қаласына тұсті. Мұнда екі ай бойы атты әскер дайындастын әскери жаттығулардан өтті. Жаттығу аяқталған соң Темірхан майданға аттанды.

Ол Солтүстік Кавказ майданының құрамына кіретін 17-ші қазак атты әскер корпусының 63-ші кавалериялық дивизиясының 220-шы полкінің барлаушылар тобына бөлінді.

Темірхан Омарбекұлы шайқасқа тұнғыш рет 1942 жылы Таулы Карабах өнірінде енді. Неміс басқыншылары бұл өнірді соғыстың алғашқы айларында-ақ басып алып, мықты бекініс салып алған болатын. Биік жоталар үстіндегі жазық алаңға орналасқан немістер кеңестік жауынгерлерді бораған окпен қарсы алатын. Сондай-ақ, фашистер шатқалдарды жарылғыш заттармен қопаратын. Етектен жоғары өрмелеген жауынгерлердің талайы домалаған тастардың арасында ажал құшты. Осы бірнеше күнге созылған сұрапыл шайқаста Темірхан женіл жарапанды. Сөйтіп санитарлық бөлімнен бір-ақ шықты.

Бұдан кейін жас жауынгер көптеген шайқастарға қатысты. Бұл кезде ол тісқаққан тәжірибелі солдат еді. Бірнеше курделі әскери тапсырманы орындашынан шыныққан болатын. Сондай қын тапсырмалардың бірі ардагердің әлі есінде.

1942 жылдың маусымында төрт жауынгерді взвод командирі, лейтенант Полищук барлауға алғып шықты. Олар іңір қарандырылғын жамылдып салт атпен немістердің шебіне бет алды. Барлаушыларға берілген тапсырма жаудың оқ ату нүктелерін анықтау, сонымен қатар, «тіл» әкелу болатын. Әскери карта мен компасты пайдалана отырып межелі жерге жеткен соң, командир азырақ аялдауға бұйрық берді. Аялдау кезінде ол аттармен бірге бір жауынгердің қалуы туіс екендігін айтты. Бірақ ешкім жауап қатпады. Содан соң командир өз бұйрығымен Темірханды аттарды қарауылдауға қалдырды да:

– Екі-үш күннің ішінде қайтып оралмасақ, аттарды алғып, болған жайды бөлімшеге хабарлайсың, – деді.

Бірінші түн ешқандай оқиғасыз өтті. Екінші түн ол құлағына талып жеткен дыбыстарды естіп, сақтана қалды. Әуелде өзіміздің жауынгерлер ме деп ойладап еді, бірақ олар келісім бойынша белгі беруге туіс. Белгі болмады. Сөйтіп елегізіп тұрғанында неміс солдаттарының дауыстарын анық естіді. Дұшпан жақындаған сәт-

те қарудан оқ жаудырды. Алайда күш тен өмес еді, бірақ Темірханның көретін жарығы бар екен, шайқас басталған сэтте көмекке жолдастары келіп жетті. Барлаушылар аз ғана уақытта жауды жер жастандырып, біреуін тұтқынға алды. Сөйтіп берілген тапсырманы абыраймен орындалап шықты. Осы сәтті орындалған тапсырмадан соң Темірхан Омарбекұлы «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Темірхан Үртекбаев үшін соғыс 1943 жылдың акпанында аяқталды. Бұл кезде біздің әскерлер қалмақ даласын басқыншылардан азат ету шайқасын жүргізіп жаткан болатын. Қиян-кескі ұрыстардың бірінде жауынгерді қарулас достары тылға аттандырыды. Жарақатынан айығу кезінде ол бірнеше әскери госпитальда болды. Жеті ай емделіп, госпитальдан шыққан кезінде оны комиссия әскерге жарамсыз деп тапты. Сөйтіп Темірхан туған ауылына оралды.

Еркек кіндікті атаулы соғыска аттанған тылдағы елдің де күні мәз өмес еді. Жаралы жауынгер елге оралған соң да еңбек майданына араласты. Облыстық әскери комиссариат оны ысылған жауынгер ретінде Баянауыл ішкі істер бөліміне қызметке жіберді. Мұнда ол 1947 жылға дейін қызмет істеді. Қын жылдарда қоғамдық тәртіпті сақтау жұмысына белсене араласып, өзінің бұрынғы мамандығына ауысуға өтініш берді.

Сөйтіп «Большевик» ұшымжарына қарасты 7 жылдық мектепте директор болып, білім беру саласында 35 жылдан аса еңбек еткен Темірхан Омарбекұлы 1979 жылдың мамыр айында құрметті демалыска шықты. Осы саладағы адал енбегі үшін ол «Халық ағарту ісінің үздігі» атағына ие болды. Майдандағы ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденін және Ұлы Женістің мерейтойлық медальдарын такты.

«Отарқа» газеті, 1995 жыл

PS. Темірхан атасың балалары да әке жолын қуды, саналы ғұмырын балаларға білім беруге арнаған қызы Рымкеш қазір зейнет-керлікте, Екібастұз қаласында тұрады. Ұлы Төлеухан Темірханов та Екібастұз қаласының бірнеше мектебінде басшылық қызметте болды, қазір де ұстаздық жолын жалғастыруда.

Мәскеу шеруіне қатысқан Сейфолла Күмісбеков

 мір сүрген жылдары: 1920-2016 жж.

1920 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округіне қаасты Бәби қыстағында Опабекұлы Күмісбектің отбасында дүниеге келді. Анасы – Шәкірқызы Жүкіш.

Сейфолла қария әке-шешесінен ерте айырылды, 1932 жылғы ашаршылықты көрді. 1942 жылы Баянауыл әскери комиссариаты арқылы майданға аттанды. Туысы Сұнғатбек Сапабеков төмендегі деректерді ұсынды:

Чкалов қаласында әскери борышын өтеп, Можайск деген жерде соғысты. 1943 жылы жарапанып, Подольск госпиталінде емделгеннен кейін Курск, Белград, Великие Луки, Харьков, Венгрия, Австрия, Чехословакия бағытындағы ұрыстарға қатысқан. Москва үшін болған шайқаста ауыр жарақаттанып, «Веселая роща» госпиталінде емделді, соғыс біткенше Москвада әскери қызметте болды. 1945 жылы Москвада 9 мамыр – Женіс күніне арналған әскери шеруге қатысқан. Майданда көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және бірнеше медальмен марапатталған.

1945 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жана ұйым елді мекеніне (қазіргі Күркелі ауылдық округі) келіп, бухгалтерлік курс бітірген.

1950 жылы «Жана ұйым», «Жана талап» және «Болшевик» колхоздарын біріктіргенде ферма менгерушісі болды. Хамзекызы Жібекпен шаңырақ құрды.

1969 жылы «Южный» совхозының «Қойтас» бөлімшесінің менгерушісі қызметін атқарды. 1983 жылы зейнеткерлікке шықты.

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, «Баянауыл ауданының Құрметті азаматы» Сейфолла Күмісбекұлы 2016 жылдың 11 наурызында 96 жасында дүниеден озды.

Марапаттары:

II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені

ұшін», «Белоруссия жерінің неміс басқыншыларынан азат етілгеніне – 60 жыл» медальдары (Сұнғатбек Сапабеков ұсынған дәректер бойынша).

Әскери архив күжаттарында Сейфолла Күмісбекұлының Белоруссия майданында 62-ші атқыштар полкі құрамында соғысқа-ны жазылған.

Қызыл Ту ордені Нәжімиден Сейітов

Үрпақтары ұсынған мәліметтер:

Нәжімиден Сейітов 1917 жылды Баянауыл ауданының Күркелі ауылсында туған.

1940 жылдың қыркүйек айында Баянауыл ауданының әскери комиссариатынан әскер катарына шакырылып, Отан корғауға атта-нады. Атқыштар полкінің құрамында; 3-ші Армияның 34-ші танк полкінің танкіге қарсы қару ротасының құрамында (Калинин, Сол-түстік-Батыс майдандары) соғысты.

Шиеленісken шайкастардың бірқатарында кайсаrlық пен жауажүректік үлгісін көрсетті. Майдан даласындағы ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен (1948 жылғы 3 маусым), II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (1985), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (1945 ж.), «Кеңес Одағының марша-лы Г.К.Жуков», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Женіске – 30, 40 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне – 50, 70 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. 1946 жылды маусым айында әскерден босатылды.

Бейбіт жылдары ауыл шаруашылығы саласын дамытуға өзін-дік үлесін косты. Туған жері – Күркеліге келіп, тракторшы маман-дығы бойынша көп жыл еңбек етті.

Зоотехник Жантұрсын Қоқымбаев

Өмір сурген жылдары: 1924-1990 жж.

Баянауыл ауданының қазіргі Ақсан ауылдық округінің Байшүкір қыстағында 1924 жылы дүниеге келді.

Жантұрсын орта мектепті Баянауыл селосында бітіріп, 1943 жылы Баянауыл аудандық әскер комиссариатының шақыруымен соғысқа аттанды, аман-есен елге оралған соң Алматы қаласындағы Қазак мемлекеттік университетінің зан факультетіне окуға түсті. Жастар арасындағы қактығыска қатысқандықтан, оқудан шығып қалады.

Өз ауылына дипломсыз оралса да, ауыл өміріне белсенді аласып, ауыл шаруашылығының түрлі саласында еңбек етті. Көп жыл ауылда пошта менгерушісі болды. Сырттай оқып зоотехник мамандығын иеленіп, Баянауыл ауданы «Южный» совхозының Шоманкөл және Қойтас елді мекендерінде зоотехник болып жұмыс істеді. Диханқызы Рымжан апамен шаңырақ көтеріп, жеті ұл, уш қыз тәрбиелеп өсірді.

1990 жылғы 30 тамызда Шоманкөл ауылында қайтыс болды.

II дәрежелі «Отан соғысы» және Ұлы Отан соғысындағы Женістің мерейтойлық медальдарының иегері.

Женісті Германияда қарсы алған Тұрсынбек Жалбыров

Үрпактары ұсынған мәліметтер:

1904 жылы Баянауыл ауданында туған. Әскери мамандығы – атты әскер. КСРО ПХК 104-ші шекаралық отряд әскері құрамында соғысқан.

1941 жылы Қарағандының Тельман ауданы әскери комиссариатынан майданға аттанып, Батыс Украина жерінде соғыс тәсілдерін үйренеді. 42-ші атты әскер полкінің құрамында Батыс Украина, Польша, Чехословакия, Германия жерлеріндегі кескілескен шайқастарға қатысты. Женісті Германияда қарсы алды.

Марапаттары:

ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордені (1985);
«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі;
«Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» медалі;
Ұлы Отан соғысындағы Женістің мерейтойлық медальдары.

«Данқ» орденінің иегері – Ақзам Айғазинов

«**Ю**жный» кеңшарын өркендетуге зор ұлес қосқан еңбеккер Зейнолла Айғазиновтың атасы Ақзам Айғазинов та Ұлы Отан соғысының ардагері. Айғазиновтар отбасы үйдің іргесіндегі мәдениет сарайында Женіс мейрамын тамашалағанда, олардың аталары Ақзам өз елінде сый-құрметке бөленіп жататын.

Ақзам Айғазинов 1908 жылы Шарбакты (бұрынғы Цюрупинск) ауданының Александровка кентінде туып, 1981 жылы дүниeden озған. Майданға соғыс басталысымен – 1941 жылғы маусымда аттанып, Ұлы Женіске дейінгі ұзак та ауыр жолмен жүріп өтті. Елге 1945 жылы оралған.

«Атам Ақзам Жәлелұлы 60-шы Армия құрамында, 148-ші атқыштар дивизиясының 507-ші атқыштар полкінде соғысып, Батыс Украинаны қорғауға қатысты. Жауынгердің майдан жолын Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивіндегі 507-ші атқыштар полкінің отты жолдары мен соғыс картасы паш етуде. Атам – «Данқ» орденінің иегері», – дейді майдангердің шөбересі Рустем Айғазинов.

Марапаттары:

ІІІ дәрежелі «Данқ» ордені (1945 ж.); «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі.

Ақзам Жәлелұлы қан майданда от кешкен ержүрек ер болса, оның тізесінде ойнап өсken немересі Зейнолла Айғазинов (1955 – 2006 жж.) кара күштің майданында тер төкті. «Южный» кеңшарында Зейнолла Кәрімұлының экскаваторын кәдесіне жаратпаған, оның «стогометімен» қорасының төбесінен шөп үймеген шаңырақ жоқ десек те болады.

Архивімде сакталған 1989 жылғы 16 қарашадағы «Южный» кеншары директорының бұйрығында Зейнолла ағатайдың «Мамандығының үздігі» социалистік жарысында «Үздік механизатор» атанғаны жазылыпты. Бұл жолы механизатор Құрмет тақтасына енгізіліп, бағалы сыйлықпен марапатталған.

Әкеммен бір тілім нанды бөлісіп жеген қарапайым еңбек алыптарын өз басым еңбек батырына балаймын. «Ер әкеме ескерткіш» кітабымда жыр арнаған еңбек батырларының ішінде Зейнолла ағатай да бар...

Ауыл молдалары

Тайшық Қадыров

Атам Қадырдан үш ұл өрбіген: Жапар (әкемнің әкесі), Тайшық (1900-04.04.1978 жж.), Сыздық. Жапар атам жылқы бағыпты, ал Тайшық атам ауылға белгілі молда еді. Осы үш атамнан көргенім – Тайшық атам ғана. Өзім молда деп таныған Тайшық атамның Ұлы Отан соғысына қатысқанын бертін білдім. Әпкем Оразғұлдің айтуынша, Тайшық атамның медальдары сақталмаған, балажан атамыз кеудесіндегі «жылтырақтын» бәрін маңындағы балалардың омырауына тағып таратып жібергенге ұқсайды.

– Жас күнімізде атамның әңгімесіне мән бермеппіз. Тек Великие Лукиде болғанын айтатыны есімде, – деді әпкем.

Ресей Федерациясы Корғаныс министрлігінің электронды архивінен табылған деректерде Тайшық атаниң 1895 жылы туып, катардағы жауынгер болғаны, 2801-ші эвакуациялық госпитальда емделіп, 1943 жылдың 7 күркүйегінде еліне қайтарылғаны жайлыша жазылыпты. Тілдей карточкада жауынгердің 3, 4 жастардағы екі баласы бары тіркеліпті (Құдайберген мен Матай – автор). Анықтамада атамның сапқа жарамайтыны көрсетілген. Бұл мәлімет жазылған карточка Горький әскери-жөнелту аймағында толтырылған. Анықтап өтер болсақ, әскери-жөнелту аймағы – сарбаздардың әскери госпитальдан кейін (немесе әскери трибуналдан кейін) орналасатын орны, мұнда олар командалардың жасақталуын және ары қарай бет алатын бағыттарын күтетін болған.

... Былтыр Ресейдегі орталық архивтен жазбаша жауап алдым. Онда жауынгер Тайшық Қадыровтың жұбайының аты Әзиза екендігі, өзі 357-ші атқыштар дивизиясының 1188-ші полкінің құрамында (6-шы рота) соғысып, 1943 жылғы 10 ақпанда жарақатына байланысты полктен шыкқандығы айтылған. Бұл деректерді немересі Қуаныш Баянауылдың әскери комиссариатынан нақтыладап, «Әскерге 1941 жылғы 10 желтоқсанда Баянауыл аудандық әскери комиссариатынан шакырылды» деген мәліметпен толықтырды.

Атам туралы дерек тым аз болғандықтан, тауып алған анықтамамның әр әрпіне терен үнілдім. Себебі мен үшін оның майдан жолының аз бөлігінің өзін білу маңызды. Алдымен ол құрамында болған 357-ші атқыштар дивизиясы жайлы мәлімет іздедім. Дивизия 1941 жылғы тамыз-қараша айларында жасақталып, 39-шы Армия құрамында Осуга, Сычевка (Ржев, Смоленск аймақтарындағы елді мекендер – автор) бағытында шабуылға шығып, коршауда қалады. 29-шы Армия әскерлерімен бірігіп, 3000 адаммен коршаудан шығады.

1942 жылғы мамыр-қазанда Мәскеу қорғау аймағының әскері құрамына Кимра маңында (Мәскеу теміржолының Савелово станциясы) кіріп, қайта жасақталады әрі толығады.

1942 жылғы қараша – 1943 жылғы қантар аралығында 5-ші атқыштар корпусы сапында болып, Великие Лукиді азат етуге қатысқан. Сондай-ақ, атам қорғаған калалардың ішінде Подольск және Ржев те бар екен.

Ал атам емделген №2801 эвакогоспиталь 1941-1945 жылдары Горький қаласында (қазіргі Нижний Новгород) орналасыпты.

Горький – ірі машина (ГАЗ) өндірісімен танымал болған қала. Соғыс жылдары әскери техниканың ірі жабдықтаушысы болғандықтан, жау назарын жиі аударған жер.

Ғаламтордан тіпті атам жатқан госпитальдің фотосуретің де тауып алдым. «Соғыс баяғыда біткен. Бірақ соғыс және ерлік естелігі мәнгі. Біздің қаламызда Мәңгілік алау лаулап, танкі, зенбіректер және самолеттер тұр, батырларға қойылған ескерткіштер де, олардың есімдерімен аталағын көшелер де аз емес. Көзге түспектін ескерткіштер де бар. Менің үйімнің жанында сары ғимарат орналаскан. Үйдің қабырғасында «Бұл ғимаратта 1941 жылғы 14 шілде мен 1946 жылғы 5 шілде аралығында 2801-ші эвакогоспиталь орналаскан» деген жазу бар. Үй жанындағы тұғырда госпитальда қайтыс болған жауынгерлердің аты-жөндері жазылыпты. Барлығы 63 фамилия» деген жазба қалдырыпты Нижний Новгород тұрғыны.

Әрине, бұл емдеу орнынан атам үйіне аман-сау оралды және құран үстап, дінге қызмет етті, елге сыйлы молда болды.

...Бала күнімде Тайшық атам үйіне таяқ ұстаған бір қария кіргенде, Бигайша әжем: «Атаң келді, атаң келді, әне!» – деп, кайтер

екен деп менің әрекетімді андады. Одан кейін қонақ бөлмеде қайта-кайта құран оқылды, ол кезде мен құран оқылғанда кариялар ән айтып отыр деп ойлайтынмын (Бір қызығы, жасым бір жарымға енді жақындаған кез болса да, осы сәтті есімде сақтап қалған екем).

Сейтсем, бұл Тайшық атам қайтыс болған уақыт екен. Келген Төкен молда көрінеді. Түр әлпеті атама ұқсайтындықтан, мен ол кісіні атам деп ойлап, карай берсем керек. Үнемі мені кеудесіне отырғызып ойнататын атамның жок болып кеткеніне таңданып жүріппін.

Тайшық атам туралы Жұмат Шанин ауылының тумасы Зәмзегүл Қалиева:

– Бала күнімде (70-ші жылдары) молда атаның тарауық оқыған үні әлі күнге құлагымда тұргандай. Ауызашарларда оқыған құраны керемет әуезді болатын! – деп еске алады.

Ал Төкен молданың немересі Салтанат болса, «Екі молда – менің атам мен Тайшық ата дос болды. Ауылда біреу қайтыс болса, үлкендер ақылдасуға Тайшық атаға баратын. Ал Бигайша әже ісмер еді. Ол кісі тіккен құрак көрпелер менде әлі де бар, – дейді.

Жоғарыда әскери құжаттарда Тайшық атаның жұбайы Әзиза екендігі аталды. Ол ауылымыздағы Сансызбай атаның қарындасты екен. Бірақ Әзиза апа жастай қайтыс болып, атамыз Бигайша әжемізге үйленіпті. Бигайша әжем ерекше балажан еді. Айналып-толғанып, маған тұлқі малақай тігіп беретін. Өсе келе Бигайша әжемнің маған анам жағынан да туыстығы барын білдім. Бигайша әжемнің анасы Меруерт анамның әкесі Тұсіпбайдың туған әпкесі екен. Енді бір қызықты дерек – Бигайша әжемнің қазактың белгілі кентанушысы, Екібастұз көмірін тапқан Қосым Пішенбаевтың туған інісі Есімбайдың қызы екендігі. Жас күнінде «Әлгі Қосым ағамның іздегені іске асқан көрінеді» деп айтады екен, бірақ оған зер салған ешкім болмаған сияқты. Өлкетанушы Серік Жақсыбаев бір жазбасында былай дейді: «1970 жылы «Южный» совхозының №1 бөлімшесінде Қосым Пішенбаевтың 78 жастағы немере інісі Әбдірахман Ыбыраев қызықты жайттарды айтты» дей келе, «Әбдірахман ақсақалдың айтуынша, Қосымның інісі Есімбайдың Бигайша атты қызы Қосым тапқан сынап орнын біледі-мыс, алайда маған ол кісіге жолығудың сәті түспеді». Қосымның қарындасты – Бигайша әже туралы кенірек жазуды алдағы күндер еншісіне

қалдырыдьық, әзірге бұл қосымтанудың ашылмаған парагы болып тұра тұрсын...

«Құран ұстап табынған Тәніріге,
Тайшық атам молда еді мәлім елге.
«Оразгүлім, Алашым» деп айналып,
Биғайша әже түсетін әбігерге» деп, өзім жалғыз шумак жыр арнаған Тайшық атамның артындағы ұрпактары, қарап отырсам, атам сияқты момын болып ержетіпті. Атамыз бен әжеміздің ақ батасымен ержеткен немерелері Оразгүл Матайқызы мен Гүлсім Ағзапқызы баяғы сол өзін Горькийдегі госпитальда күткен аяулы қыздар сияқты медбике болды. Баласы Құдайбергеннен туған Сағынышы мен Қуанышы – Баянауылда мұғалім. Бәріміз «атам үйі» деп атаған ауылдағы карашаңырағына немересі Аллаберген ие болып отыр.

2021 жыл

Құраны қорғаған Қабиден ата

*Молдалардың төресі емес не еди,
Қабиден шал көзіме елестеді.
Қаза қылмай намазын, демалатын
Тасқа шығып бір ауық дөңестегі.*

Жанаргүл Қадырова, «Біздің көше»

2010 жылы туған ауылым арнап «Әкенің көзі» атты шағын кітабымды жарыққа шығардым. Қалтаға сыйып кететін блокнот тектес шағын кітапты шығаруыма жазушы Сүлеймен Баязитов ағамның кезекті жаңа кітабы түрткі болғанын ұмытпаймын. Сүлеймен ағаның демеуші атаулыдан дәмеленбей, бір кітаптан түскен каражатын келесі кітапқа бағыттап отыратын тамаша дағдысы бар еді. Сондықтан осы кітапқа аңсарым ауып, қолда бар алтынның бәрін ломбардқа тапсырып тұрып баспаға бердім.

Сол жылы ауылымның енбеккор адамдары туралы әжептәуір өлең жазылды. Өзім туып-өсken «Горный» көшесін де жырға қостым. Әлбетте, ол өлеңде өзіміз өмір бойы көрші болған, Орынтай

әжем қайтқанда намазын шығарған Қабиден молдаға арналған шұмак та бар еді. Кітабым жарыққа шықкан соң, Сүлеймен ағаның «әдісімен» оны сатуға кірістім. Ауыл халқы жалпы кітап ала коюға әу бастан әуес емес, менінше, сондыктан сатып алушыларды кітапқа ата-бабасының аты іліккендерден іздедім. Көршіміз Дәүкен (Дәулет) Иманбеков пен Зәуреш тәте ықылас білдіріп, бір табақ сүр етпен сыбаға татырғаны қөnlімді өсірді.

Әке-шешеммен сыйлас көрші әрі Сәуле бөлемнің қайынатасы болып колынан аттанған, бала күнімнен көз алдында жүрген Қабиден ата туралы ұрпактарынан сұрастырысам, аталарының өмір-баяны ешкайсысында жоқ екен. Дегенмен немересі Самал атаның бір кезде Сүлеймен Баязитовке сұхбат бергенін, онда ата өзінің тұтқынға түскен кезін әңгімелегені есінде қалғанын айтты.

Қабиден ата дүниеге 1909 жылы келген. 1941 жылдың 1 маусымында Май ауданының «Таракты» колхозынан Қойтасқа көшіп келеді. Олар бұл жерде «Большевик» колхозының шаңырағын көтеруге тиіс болған екен. Алайда соғыс басталып кетіп, Қабиден ата да көппен бірге әскерге аттанып кетеді. Жан алысып, жан беріскең Сталинград шайқасына қатысқан жауынгер каруластарымен бірге жау тұтқынына түседі. Тозақ жолына пара-пар кезенді бастан кешкен сарбазды тағдыр жолы Францияның Метц қаласына айдал апарады. Бұл жерде тұтқындар ұн өндіретін кәсіпкердің қарамағына беріледі. Жол бойы сокқыдан көз ашпай, нәр татпастан сүйретіле жеткен тұтқындарға мұнда екі рет ыстық тамак беріліп, қун сайын кара наң үлестіріле бастайды. Қабиден атаның айтуынша, сол кездің өзінде кәсіпорында бар болғаны бір-ақ адам жұмыс істеген көрінеді. Яғни, диірменге тартылатын астықтан бастап ұнды қаптау, оның аузын тігу сиякты шаруалардың бәрі автоматтандырылған екен.

Мұнда тұтқындарға ұн тартатын комбинаттан құніне ондаған тонна ұнды алдымен жүк машиналарына, одан соң вагондарға тиеу, составтармен жеткізілген астықты түсіріп-тиеу жүктеледі. Ал Қабиден атаға етікшілік қызмет міндеттеледі.

Іә, тұтқында жүріп Қабиден не көрmedі дейсіз? Қапасқа өзімен бірге түскен солдаттардың ас ішіп әлденген соң өлген немістердің шинельдеріне таласып өзара қырқысқаның да, араларын-

дағы әлдекімнің «Мынау – коммунист!» – деп, жанындағыларға сатқындық жасағанын көрді...

Советтік тұтқындар шекараға жеткізілген сон, тергеуден өтті.

– Бақытың бар жігіт екенсің. Айтқандарың біздегі мәліметтермен сәйкес келді. Ең бастысы, бірге болғандардан үстінен сигнал түскен жоқ. Боссың, бара бер, – деді тергеуші.

Тарихты параптасақ, неміс тұтқынында болған кеңес жауынгерлерінің Сталиннің азапты лагерьлерін көрмегені кемде-кем. Қабиден молданың қос тозактан бірдей аман қалғанына таңданбасқа лаж жоқ. Сірә, аузынан тастамаған құранының құдіреті болса керек.

Елге 1946 жылы оралған ол алғашқыда есепші, 1953 жылдан койшы болып тер төкті.

Бала күнімде үнемі сол үйдің маңында ойнайтынбыз. Үйдің қабырғасына доп соғып ойнағанымызда: «Әй, Әbdіштің қызы, қабырғамызды құлатасың ба?!» – деп, ескерту жасайтын. Нагашы апам Рымкештің бір әңгімесінде:

– Қабиден ата өте жаксы адам болды. Бірде Кисловодскідегі Балтабай нағашың бізден қарызға 500 сом сұрады. Ол кезде ондай акша екінің бірінен табыла бермейді. Ақылдаса келе, Қабиден атаға бардық. Сөзге келмestен сандығынан алып шығып, қолымызды ұстатты, – дегені бар.

Менін есімде ак сақалын тарамдап, күншуақтап отыратын қалпында қалған бөрікті карияның ғұмырбаяны осындей...

Ал жауынгердің тұтқындағы күндері туралы Сүлеймен Баязитовтің «Қызылтау-Желтау аясы» кітабындағы «Азапты жолда» әңгімесінен оқуға болады (2010 жылы жарық көрген, 6-бет).

**Сүлеймен Баязитовтің
Қабиден Әлменбайұлына арнаған
«Молда» өлеңі**

Тырс-тырс еткен ташбығыңың тастары
Мені өткен ғасырларға бастады.
Биік болған сол кезде қазекенің аспаны,
Әулие абыз, карттарыңың жас жаны.
Той өтетін, берілетін ас тағы,
Шежірелі шертілетін дастаны.
Ораза ұстап, намаз оқып жастары,
Көрінбейтін әйелдердің шаштary.
Соның бәрі мирас болып балаға
Қалмап па еді бабалардан, жан аға.
... «Дін – апиын, сінірмейік санаға,
Жол беріндер, – деп дүрліккен, – жанаға»
жандарды мен отырғам жок сөккелі,
Бәріне де құдай төре көктегі.
Осы күнге көп діндарлар жетпеді,
Күғын көріп қаншамасы шеттеді.
Заман сырын, адам құлқын ұғалық,
Салынбасын деп тілейік
Енді дінге бұғалық.
Табысқанда өткенімен бұх халық,
Рухына бабалардың
Біз де дүға қылалық.

2004 жылы жарық көрген
«Құдіреті қүшті бір Алла» кітабынан

Садық Сапабекұлы

Сапабектің Садығы деген есім бала күнімізден құлағымызыға сіністі. Ол кісі – Солнечный кентінде ардагерлер алқасының терағасы болған қадірлі ақсакал Әнуарбек Садықовтың әкесі. Ауыл адамдары Садық атанаң шежірешілігі, ақындығы туралы ауыздарынан сұы құрып айтып отырушы еді. Кейін ұрпактары ақын мұраларын кітап етіп бастырды, біраз бөлігін Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайына табысталды.

Бұғін біз майданнан аман-есен оралып, өнегелі өмірімен көптің көнілінде қалған Садық атанаң басқа бір қыры – жауынгерлік жанкештілігі мен қырағылығына тоқталып өтпекпіз.

Жалпы, соғыс десе, біздің көз алдымызға танк, самолет, зенбіректер елестейтіні занылдық. Алайда соғыста да күнделікті тіршілік өз ағысымен жүріп жатканы ақиқат. Ол уақытта да әр-бір ұсақ-түйек ескеріліп, жауынгерлердің атқаратын қызметі сан қылыш болған. Мәселен, Садық атанаң 22-ші олжа жинаушы Армия батальонының құрамында болған кезіндегі әскери қызметі олжа жинаушы болыпты. Майданға 1942 жылғы 12 наурызда кірген ол Брянск, Орталық, Белоруссия майдандарында соғысқан.

Екі рет жарапанып, денсаулығы сыр бергеніне қарамастан, Садық Сапабекұлы аталмыш батальонда болған кезінде үнемі командование тапсырмаларын тиянақты орындаумен ерекшеленеді.

Майданда жау жағынан да, Қызыл Армия жағынан да істен шықкан қару-жарак аз болмаған. Ал кейбір техниканың құрылышы құпия. Қираса да, жау қолында қалдыруға болмайды. Оның үстіне, жаудан түскен қаруды да ұксатып, пайдаға жарату керек. Садық атамыз осындағы қару-жаракты бұзып, сұрыптаумен және тиесімен айналысқан. Ол түрлі калибрдегі 9600-дей снарядты сұрыптаپ, штабельдеген екен. Архив жазбаларындағы «металл тиесі нормасын 140-180 пайызға орындағы» деген жолдарды оқығанда, атамыздың соғыс кезіндегі жауапкершілігіне сүйсіндік.

Тағы бірде сарбаз Садық азық-түлік коймасын құзетіпті. Батальондағылардың да, өткен-кеткен командалардың да арасында коймадағы азықтан дәмелілер аз емес еді. Дегенмен қырағы сарбаз онда ешкімді жақыннатпай, өзіне тапсырылған мүлікті көзінің

қарашығындағы сақтай білді. Осы еңбегі үшін 1945 жылғы 9 сәуірде 48-ші Армия Садық Сапабекұлын «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Бертін баласы Кенжебектің бастамасымен Садық атанаң әдеби мұралары кітап болып жарық көрді, онда Садық Сапабекұлының майдан даласынан елге өлеңмен жазған хаттары бар. Солардың бірі – төмендегі өлең:

Көп сәлем Көкатаның баласына,
Садықтың інісі мен ағасына.
Үш топтан басын қосқан үш жетімге,
Сәлем айт колын ұстап адасыма.

Сәлем айт Жамбариха – жан, жүрекке,
Рахима, Әминамен – бауыр, өкпе.
Сияқты тастан шыққан мөлдір судай,
Сәлем айт, жас құлышақ Әнуарбекке.

Тау қайда, тас та қайда, аймак қайда?
Дәм мен тұз, апарасың айдал қайда?
Тұысқан өз бауырындақ көруші еді,
Нағашы апам Кәден мен Тайлақ қайда?

Сәлем айт үлкен аға Шахтайға,
Хат-хабар салмады ғой сегіз айда.
Хат-хабар, ешбір дыбыс білінбейді,
Әскерге әкеткен бе, Мақан қайда?

Садық Сапабекұлының Женістің 36 жылдығы құрметіне (1981 жылы) жазған «Армия» атты өлеңі:

Армия өткелі жоқ судан да өтті,
Жолы жоқ шытыр ағаш, тоқтан өтті.
Айырып саперлер алып тастанап,
Құрылған мина менен оқтан да өтті.

Үзімен қайрат қайнап, қызып өтті,
Қамалын жаудың құрған бұзып өтті.

Днепрден, Березина нарын судан
Колма-қол көпір салып, жүзіп өтті.

Самолётпен гүрлдеген қаз-катар боп,
Кек жүзін, жауды қуып, сүзіп өтті.
Танкімен жаяу пеход бірге барып,
Мылтық, қылыш найзалаңып қырып өтті...

Садық Сапабеков жайлы ұрпақтары ұсынған ғұмырбаяндық дерек

О мір сүрген жылдары: 1905-1985 жж.

Баянауыл ауданының Күркелі ауылдық округіне қарасты Бәби қыстағында Садық қарияның Мәкен атты апасы, Салық (Мұхаммедсалық) және Мұхаммедхалық атты інілері болған. Анасы – Қаржас-Акша руынан Қалыш Жанпейісқызы. Шешесі Қалыш пен інісі Мұхаммедхалық ерте қайтыс болады, інісі Салық ол кезде төрт жаста, өзі 7 жаста қалған.

Әкесі Сапабек діни сауатты, ғалымдығы бар, «указной молда» деген қызмет атқарған адам болды («указной молда» – қазақ даласындағы діни ахуалға жандармериялық бақылау жасау мақсатында 1868 жылы қазактар арасында енгізілген қызмет – Ж.К.).

Алғашқы сауатын өз әкесінен және Кабира молдадан ескіше оқып ашып, кеңес үкіметі орнаған кезде ауыл мұғалімі Пәуен Жүсіпбаевтан жаңаша оқыған.

1927 жылы Қайша Сағындыққызымен отау құрады, 1927-1932 жылдары Майқайында шахтер болып шахтаға түсken. Жұмыс өте ауыр, тіршілік қын болған. 1932 жылы әкесі Сапабек: «Сырқаттанып отырмын, елге барайық, сендерді онда көп болса он күн бөгермін», – деген соң, елге келген. Айтқанындай, әкесі бір жұма ауырып, бас-аяғы он күнде дүние салып, қыстауы – Бәбиге жерленген. Осы жылы Қарағандыға барады, бірақ жұмысқа орналаса алмай, Омбы мен Петропавл арасындағы Есілкөл деген ауданға барып, станцияда жүк тасушы болып жұмыс істейді.

1934 жылдың жазында туған еліне келген. Ол кезде Шоманкөл – «Жана ұйым» колхозы болып ұйымдаса бастаған колхоз,

артельге мүшелікке кіріп, ферма менгерушісі болып жұмыс істеген.

1942 жылдың наурыз айында майданға аттанып, елге аманесен оралғаннан кейін, 1947-1951 жылдары, «Ворошилов» (Торайғыр ауылдық округі) колхозының председателі болады. 1951-1967 жылдары елге оралып, Қарақуыс қыстағында аға шопан болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шығады. 1967 жылдан өмірінің сонына дейін Шоманқол ауылында тұрды.

Садық Сапабекұлы діни сауатты молда, құймақұлақ шежіреші болды. Бірнеше бәйге атын ұстаған, жарыска қосқан атын Асауторы деп атаған. Аңшылықпен айналысып, тазы жүгірткен. Жүйрік тазысын – «Шағыр», төбет итін «Жолбарыс» деп атаған.

Ұлы Отан соғысы туралы жырлары бұрынғы Қазак КСР тарих және әдебиет институтындағы мұрағатта сақталып, Қазак КСР Ғылым академиясының толық мүшесі Мұхтар Әуезовтің редакциялауымен жарық көрген «Қазак әдебиетінің тарихының» I томына (9-бөлімі мен фольклор кітабында) енген. Майданнан оралған Садық Сапабекұлы ел шаруашылығын қалпына келтіруге, өркендетуге күш жұмсайды.

Жерлестері «Үлкен Сәкен», «Молла Сәкен» атаған аксакал қылышынан қан тамған кеңес үкіметінің кезінде пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туған күнін өз үйінде ауылдастарымен тойлап, әдеби жыр кешіне айналдырған. Осындай отырыстарды жазушы Сүлеймен Баязитов аға (марқұм) жи еске алатын. Аузы дуалы, көкірегі шежіре Садық аксакал ескіден қалған көне сөз, би-шешендердің өмірі, билік келісімдер туралы аныз-әңгімелерді көп насиҳаттайтын. Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Тайкелтір би, Бұқар жырау, Мәшһұр Жұсіп Қөпееев, Мәуке батыр, Әсет, Әубәкір хан, Шөже ақын, Саққұлақ, Сүйінбай, Байдали би, Шәкәрім ақын өмірі мен шығармашылығын ауылдастарына паш етіп, рухани кештерді жи өткізді.

Садық Сапабекұлының руханиятқа қосқан зор үлесінің бірі – Мәшһұр Жұсіп Қөпейұлының еңбектерін сақтап қалуы. Осыған орай бір енбегінде филология ғылымдарының докторы, профессор Куандық Мәшһұр Жұсіп «Асылдың сынығы, тұлпардың тұғыры, майдангер, атбекі, ақын, өмірі шежіреге толы Садық аксакал

Мәшіүр атамыздың жазбасын көзінің қарашығындай сактап жа-
сырып, жеткізгені – өз алдына бір өнегелі іс» деп деп баға берді.

Бес ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірген, ел ішінде зор беделге ие болған Садық Сапабекұлы 1985 жылы Күркелі ауылдық округінің Шоманқөл ауылында дүниеден озды.

2012 жылы кенже баласы Кенжебек Садықұлы «Әке арманы» атты кітап басып шығарды. Кітапқа Сапабекұлы Садықтың ел аузынан жиған шежірелері мен өлең-жырлары енгізілді.

2017 жылы Большевик (Шоманқөл) ауылының Достық көшесіне Садық Сапабеков есімі берілді. Осы жылы өзі тұрған үйдің қабырғасына мемориалдық такта қойылды.

Маратттары:

І дәрежелі «Отан соғысы» ордені» (1985 ж.);
 «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалі (1945 ж.);
 «Ұлы Отан соғысындағы женіске – 25 жыл» медалі;
 «Ұлы Отан соғысындағы женіске – 30 жыл» медалі;
 «Ұлы Отан соғысындағы женіске – 40 жыл» медалі;
 «КСРО Қарулы Күштерінің 50 жылдығы» медалі;
 «КСРО Қарулы Күштерінің 60 жылдығы» медалі;
 «Еңбек ардагері» медалі.

Төкен Әмірин

Бала кезім. Тайшық атамың үйі абыр-сабыр. Таяқ ұстаған бір қария кіргенде, Бигайша әжем: «Атаң келді, атаң келді, әне!» – деп, қайтер еken деп менің әрекетімді андады. Одан кейін қонақ бөлмеде қайта-қайта құран оқылды, ол кезде мен құран оқылғанда қариялар ән айтып отыр деп ойлайтынмын.

Сейтсем, бұл Тайшық атам қайтыс болған уақыт еken. Келген Төкен молда көрінеді. Тұр әлпеті атама ұқсайтындықтан, мен ол кісіні атам деп ойладап, қарай берсем керек. Үнемі мені кеудесіне отырғызып ойнататын атамың жоқ болып кеткеніне таңданып жүріппін.

Ауылымызда Төкен, Тайшық, Әбдірахман, Қабиден молдалар аса кадірлі еді. Нағыз дін адамдары болатын.

Төкен ата – ауылды әнге бөлеген ардакты ұстаз Күләш Төкенқызының әкесі. Ол кісі де ұстаздық етіпті.

Күләш Төкенқызының әкесіне деген ықыласы ерекше еді, ауынан тастамайтын. Ұстаздың бір қасиеті – өзінің тәрбие сағаттарына үнемі ауылдың үлкендерін қатыстырып отыратын. Оның «Қайран біздің аналар, арды ойлаған!», «41-ші жылғы келіншектер», «Әкелер конференциясы» атты тәрбие шараларының бел ортасынан ауылдастары табылатыны шәкірттерінің есінде. Сондай тәрбие сағаттарының бірі – «Әкелер конференциясы» аудандық «Победа» газетінің бетінде Большевик орта мектебінің (қазіргі Кошке Кеменгеров мектебі) мұғалімі Жорабек Әбдірахманов жазған ескі макала арқылы жадымызда жаңғырды.

Женістің 45 жылдығына арналған шараға ауылдың қан майдан кешкен ардагерлері Нұрмағамбет Шуакбаев, Фалымжан Қыпшақбаев, Қамкен Жәнбеков аталар шакырылыпты. Зекебай Солтанбаевтың әке туралы әнімен басталған конференцияда Отан үшін от кешіп, бейбіт өмірде осы мектепте қызмет еткен аталар: Кәрім Нұрбалин, Рахметолла Үрпеков, Төкен Әмірин, Ақмұқан Сыздықбеков, Қабатай Қасымовты бір минут үнсіздікпен еске алу рәсімі жасалған еken. Одан әрі магнитофон таспасынан Ленинградта 900 күндік блокаданы бастан кешкен Ақмұқан Сыздықбековтің «Дудар-ай» әнін шырқаған дауысы тындалды.

Конференция соғыс ардагері Қабылтай Жанәділовтің, Фалымжан Қыпшақбаев, ұстаз Бекен Алдабергенұлының отбасындағы жауапкершілік, тәрбие жайлы ойларымен өрбиді. Шараға тіпті ауылдық партия комитетінің хатшысы Ерсін Сәрсенбаев та катысып, жоғары баға берген. Бұл сынып сағатын өткізу идеясы, бәлкім, Күләш Төкенқызының өз әкесіне деген ыстық сағынышынан туған болар...

Біз молда деп танығанымызбен, Төкен Әмірин соғыс ардагері еді. Архив құжаттарын қазбалап отырып, Төкен атандың «Ерлігі үшін» медалінің иегері болғанын білдім.

Төкен атандың жауынгерлік жолына үнілсек, архив құжатыбылай дейді: «Төкен Амрин Ұлы Отан соғысында 1942 жылдың 17 маусымынан 1943 жылдың 17 шілдесіне дейін Белград түбінде 484-ші атқыштар полкінің қатардағы мергені болды.

1943 жылғы 17 шілдеде Белград түбінде оң иығынан жеңіл жарапанды.

1944 жылдың 22 кантарынан 27 сәуіріне дейін Бірінші Украина майданында 52-ші Армия 55-атқыштар дивизиясы 53 атқыштар полкінің қатардағы атқышы болып, Витебск қаласы тубінде он жақ жамбас буынынан ауыр жарапанып, сүйегіне зақым келді.

1944 жылдың 27 сәуірінде соғыска жарамсыздығына байланысты Қызыл Армия қатарынан шығарылды. З-топ мүгедегі». «Ерлігі үшін» медалі Төкен атаға 1945 жылы беріліпти.

Озі туып-өсіп, енбек еткен Жұмат Шанин ауыллында Төкен төбе деген төбешік бар. Төкен ата осы жерде үнемі замандастарымен қауқылдасып, тынысталп отырады екен. Әкесінің есімі ел есінде жұрсін деген ниетпен Күләш Төкенқызы ескерткіш тасқойып, ауыл көшесінде осындаі бір белгі қалдырды. Бұл – бейбіт күнде ұстаздық етіп, ел басына күн тұғанда елін қорғаған, карттық шағында қолынан құраны түспеген Төкен атаға лайықты ескерткіш.

Ұйырыс Сарбасұлы

Ұйырыс Сарбасұлы Алтайтегі (1897-1992 жж) шұрайлы Бөріқұлағанның етегіндегі Сарбас жайлауында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат танып, құран-катым түсіретін деңгейде молдалық ілім алған. Есейген шағында азамат соғысына, Фин соғысына және II дүниежүзілік соғыстарға қатысты.

1943 жылы соғыстан жарапалы оралды. Соғыстан соң Жаңаталапта ауылнай қызметін атқарды. Аталмыш қызметті абыраймен аяқтап, пошта саласында қызмет етіп, осы жерден зейнет демалысына шықты. Ұйырыс Сарбасұлы жан-жақты сауатты болған. Төте жазу, кириллица жазуларын жақсы менгерген. Шариғи сауаты мол болғандықтан, аксақалдар ауыл молдасы болуға колкалған. Алайда соғыста жарапанып қалуына байланысты он екі мүшенің бүтіндігі болмаған соң, «дінге обалдық жасамайын» деп молдалықтан бас тартқан. Өнірдің тарихы мен шежіресін мұдірмей айтатын құймакұлақ болған. Құдайы қонағы шаңырағынан арылмай,

ашаршылықта да бас сауғалап келгендерге пана болды. Не көрсө де елмен бірге көруді өзіне парыз санаса керек.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлеңді деген» сөз бар фой. Сол сөз Үйдірыс атаға қаратып айтылғандай. Басынан қанша- ма нәүбет өтсе де, 95 жасында өз ажалымен дүние салды.

Бәйбішесі Әбубәкіркызы Шәйдамен бірге Зәру, Дүйсенбек, Гүлжазира, Сейсенбек есімді төрт перзент сүйді.

І дәрежелі «Отан соғысы» орденінің иегері (1985).

Тұтқында тозақ көргендер

Әди Шәріповтен хат алған Қамкен Жәнбеков

Қамкен Жәнбеков құрамында болған 32-ші атқыштар дивизиясының 113-ші атқыштар полкі ұрысқа Курск маңында кіреді. Қамкенге Люгов селосын қорғау тапсырылады. «Ары карай немістерді жібермеу керек!» деген бұйрық берілді. Неміс әскері шабуылының ізін ала тізілген танкілер келе жатыр еді. Құш тең емес. Сол күні немістер ротаны коршауға алып, солдаттарды тұтқынға түсірді.

... Мектепте өткен кездесу кештерінде Қамкен ата иегі кемсендеп, әңгімесін ширатып айта алмайтын еді. Бәлкім, көз алдына тұтқындағы ауыр күндер елестеген болар...

Шаңы бұркыраған жолмен келе жатып Қамкеннің бар ойы фашистер киімдерін тінтпей тұрганда қалтасындағыны алып үлгеру болатын. Қолы қалтырап, әрен дегенде партбилетін алып, аузына тығып жіберді...

Қамкеннің тұтқындағы күндері Польшаның Дербелъ қаласында өтті. Ол лагерьде Өтеген Абдуллинмен және орыс жігіті Андреймен танысты. Құні-тұні, жанбырда да, аязда да немістер тұтқындарды жұмысқа мәжбүрлейтін. Лагерьден қашып шығу мүмкін емес еді.

1943 жылғы маусымнан соң оларды Бельгия мен Люксембургтің шекарасындағы басқа лагерьге ауыстырды. Бір күні жаңыр селдетіп, тоқтамай қойды. Немістер қаранды түскенше жұмыс істеткенімен, тұтқындар нөсерді өз пайдаларына жаратуды көкседі.

Көз байланған уақытта тұтқындарды түгендер, қалың орман арқылы өтетін соқпақ жолға салды. Немістер бұл кезде бельгиялық партизандардан қорқып, орманның ішіне кірмейтін. Өтеген, Андрей, Қамкен – үшеуі сап сонында онтайлы сәтті күтіп келе жатыр еді. Бұрылышта орманның қоюланатын тұсы бар. Қашқан кезде мән-жайды немістер бірден ұғып үлгермей, бұлардың жолы болды. Үшеуі ұзак жүрді. Шағын өзенге кезіккенде, алдарынан

Николай Кожедук атты жігіт шықты. Сол Николай үш жауынгердің бельгиялық партизандарға қосылуына сеп болды.

Камкен ата соғыстан үйіне поляк досы Сергейді ертіп келді. Баар жер, басар тауы жоқ Сергей Баянауылдың Жұмат Шанин ауылында, Жәнбековтер отбасында біржола қалып қойды.

Камкен ата болса 1955 жылы, 40 жасында өзінен 20 жас кіші Күлшатқа үйленіп, 15 бала сүйді. 1967 жылға дейін Екібастұз қаласын мекен етті.

Біз оқырмандар назарына Камкен Жәнбековтің отбасының архивінде сақталған, жауынгердің майдан жолынан хабар беретін күнды хаттарды ұсынып отырмыз.

I

«Павлодарская область, г. Экибастуз
Ул. Урожайная, 2, кв. 2
Джанбекову Камкену

Здравствуй, дорогой Камкен!

Это письмо пишет тебе твой старый боевой товарищ Утеген Абдуллин, с которым ты вместе воевал против фашистов в Бельгии. Сейчас у меня снова фамилия отца – Утеген Ерсанов, живу в Алма-Ате, на улице Винтера, дом 32, работаю водителем такси во втором таксомоторном парке, имею детей, жив-здоров, чего и тебе желаю. В октябре месяце за свою работу был награжден орденом «Знак почета».

Я всегда с волнением вспоминаю наши боевые годы, трудную судьбу и очень рад, что через журналиста И. Маляра смог установить твой адрес, чтобы написать это письмо. Напиши обязательно мне ответ, напиши, как живешь, где работаешь, с кем из боевых друзей переписываешься? Читал ли ты материал в газете «Ленинская смена» за 9 и 11 мая этого года, где рассказывается о казахстанцах, воевавших в Бельгии? Там есть и моя фотография. А твою фотографию я видел в одной книге про советских партизан, воевавших в Бельгии. На этой фотографии есть и Гриша Титов, и я, и Андре Коллар, наш партизанский командир. Не сохранились ли у тебя какие-нибудь другие фотографии или документы? Сейчас другие времена, наши боевые дела не забыты, их

собираются описать в книге и хорошо было бы, если бы ты мне помог в сборе старых партизанских документов, или подсказал, где они могут быть.

Я с нетерпением буду ждать от тебя ответа на это письмо, очень хочу с тобой увидеться, вспомнить все, поговорить о нашей молодости, о наших страданиях и боевых делах. Обнимаю тебя, мой старый товарищ, большой привет твоей семье. Буду ждать ответа по адресу:

Алма-Ата – 37, ул. Питера, 32,

Ержсанову Утегену Абдуллиновичу.

7 декабря 1966 года. Поздравляю с наступающим Новым годом!».

II

«Қадырлы Қамкен!

Хатыңды алдым.

Хал-жагдайың, бала-шагаң аман ба?

*Партизандық өмірді есіңе алып, хат жазып, хабар бергеніңе
рахмет!*

*«Советские партизаны, воевавшие в Бельгии» деген кітапты
мен де кездестіре алмадым. Облыстық газет қызыметкерлерімен
кеңесе отырып «Книга почта» арқылы іздестіріп көруіңе болады.
Павлодарға, Баянауылга барған сапарларыңда есіңде жүрсін.*

Ағалық сәлеммен, Әди Шәріпов, 19.VII-1970 жыл».

Қамкен атаның (жиен) немересі Диана Темирбулатованың естелігі

Джанбеков Камкен родился 15 апреля 1915 года. Он из Баян-аульского региона, села «Южный».

Потерял рано своих родителей, поэтому воспитывался у брата своего отца.

Свое образование получил в г. Алматы, по специальности бухгалтер-экономист.

После получения образования он возвращается на свою Родину – в село Южный.

В 1937 году совсем молодого дедушку из Баянаула призвали в ряды Советской Армии. Дедушка мне рассказывал, что он уехал на службу с веселым настроением, полон энергией. Мирные годы службы для него пролетели незаметно. Два года, как один день. В 1939 году он вернулся домой, работал в комсомоле. Говорил, что работы было очень много. Молодой, энергичный дедушка часто разъезжал по колхозам. Весть о начале Великой Отечественной войны застала его в командировке в одном из отдаленных колхозов.

Он отложил все дела и поехал в район, сразу же пошел в военный комиссариат и подал заявление об отправке на фронт. Желание было исполнено, но на фронт он попал не позднее августа 1941 года. До этого его часть была сосредоточена на Востоке. 113 стрелковый полк 32 стрелковой дивизии, в котором он служил, в 1941 году вступил в бой в Курском направлении. По званию дедушка был рядовым стрелком.

Дедушка не особо любил об этом рассказывать, но все же хоть что-то до меня дошло. Дедушка рассказывал моему отцу, что бои шли ожесточенные. Враги предпринимали большие усилия, чтобы развить дальнейшее наступление. Роте, в которой он служил, поручили оборону села Льгов.

Их главная задача была: дальше села не пускать фашистов. С раннего утра начался бой. Это длилось несколько часов. На позиции роты двинулись вражеские танки, конечно же силы были неравные, но бойцы продолжали сдерживать бешеный натиск фашистов. Они не отступали, пока связь со штабом полка не потерялась. Немцам все-таки удалось окружить партизан и взять их в плен.

Дедушка говорил, что ему трудно вспоминать те дни. По пыльной дороге толпой шли пленные. Каждое лишнее движение не оставалось незамеченным фашистами. Дедушку беспокоило лишь то, как бы вытащить из кармана свой партийный билет, пока произвели обыск. Его рука дрожала, когда он начал поднимать ее к карману. Минута казалась вечностью. Но все же ему удалось вытащить незаметно свой партбилет, при входе в помещение пленный все же быстро достал и сунул свой партбилет в рот.

Началась жизнь в плену. Как говорит дедушка, они могли работать до ночи, иногда бывало и до утра. Это был лагерь Дербель (в

Польше). В этом лагере он познакомился с Утегеном Абдуллиным и с русским парнем Андреем. До 1943 года они пробыли в этом лагере. И в холод, и в дождь немцы заставляли работать. Выбраться из лагеря было очень трудно. Все пленные мечтали об этом. После июня 1943 года их погнали в другой лагерь, расположенный на границе Бельгии и Люксембурга. Здесь пленные ремонтировали мост. В один день пошел дождь, шел он беспрерывно, но немцы выгоняли их работать до темна. Партизаны решили воспользоваться непогодой.

Когда стало смеркаться, их построили, пересчитали и погнали по узкой заасфальтированной дорожке, которая вела через густой лес. В те времена немцы побаивались бельгийских партизан, далеко в лес не заходили. Утеген, Андрей и мой дедушка Камкен пристроились в конце колонны. Они ждали удобного момента. На крутом повороте юркнули в густой бор. Немцы не сразу спохватились, и это им помогло. Шли долго. Вышли к маленькой речке и встретили парня по имени Николай Кожедук. Николай им помог и привел к бельгийским партизанам.

Бельгийские партизаны отряда занимались диверсионной работой, они уничтожали живую силу фашистов, взрывали мосты, телефонные линии. Отряд действовал недалеко от французского города Альбина. Партизанское движение действовало под командованием Андре Коларра (Биль).

Был бой, в котором их командир мог погибнуть, но наш земляк Утеген вытащил его из-под огня.

После войны их партизанская дружба продолжалась. Он получал письма от У. Абдуллина, А. Бекаева, А. Шарипова. Школьники Бельгии отправляли открытки с благодарством, за спасение их Родины и приглашали его, чтобы он рассказал о истории его жизни. Но у дедушки никак не получалось.

По окончанию войны дедушка возвращается домой с другом поляком – Сергеем. Сергею негде было жить, дедушка, как истинный гостеприимный казах, предложил ему пожить у него.

Дедушка по окончанию войны работал кассиром. В 1955 году, когда дедушке было 40 лет, он женился на моей бабушке Кульшат. Отец бабушки был фермером, тогда эти люди считались богатыми.

Бабушка была моложе дедушки на 20 лет. Но это не помешало их безупречной любви.

До 1967 года дедушка с бабушкой жили в г.Экибастуз. Дедушка работал бухгалтером на ХПП, а бабушка воспитывала детей. После они переехали в свой родной край. В родном селе ему выдали дом, в котором он провел свою старость вместе со своими детьми и внуками.

Дедушка с бабушкой воспитали 15 детей. Они воспитывали детей в любви, поэтому и выросли хорошие дети. Меня с самого детства научили трепетно относиться к истории семьи. Я понимаю с какой трудностью досталась нам эта победа, поэтому я очень ценю участников этой войны. Я очень горжусь, что у меня есть дедушка, который внес свой вклад в эту победу.

Мы помним, мы гордимся!

Кеңшар есепшісі – Серікбай Төленбеков

... Жанат ерің әр іске етті ме еken,
Көк темірді көп ақша етті ме еken?
Серікбай шал аулада көрінбейді,
Қыдырыстап жол жүріп кетті ме еken?
Атапардың ардагер сарқыты еdi,
Қарттық жеңіп, ол-дағы шөкті ме еken...

Жанаргұл Қадырова

Серікбай Төленбеков 1924 жылғы 3 наурызда дүниеге келген.

1943 жылы 1 мамырда Баянауыл АӘК арқылы әскерге шақырылып, Алматы қаласында үш ай кавалериялық полкте дайындықтан өтті.

1944 жылы 10 қантарда майданға аттанды. 1, 2-ші Украина майдандарында болып, Батыс Украинаның Луцк қаласында соғысты.

Елге 1945 жылы оралып, өзі тұған Шоманкөл ауылында моторшы болып жұмыс істеді.

1965 жылы есепші курсынан өтіп, «Южный» кеңшарында есепші және бас есепшінің орынбасары болып еңбек етіп, зейнетке шықты.

II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Кеңес Одағының маршалы Г.К. Жуков» медалімен, «Украина республикасын азат еткен үшін» медалімен, Ұлы Женістің мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Еңбек ардагері.

Ауылымыздың соғысқа қатысқан ардагерлері туралы қаламгер жерлесіміз Сұлеймен Баязитовбылай деп толғанған екен:

«Беу, дүние-ай десенізші, Әбди, Бәйкен ағалардікі көзге көрініп тұрған жан жарасы болса, жүрекке мәңгі шор болып байланған Сансызбай, Серікбай, Қабиден Әлменбаев ақсақалдардың соғыс салған жан жарасын есейген шақта бір-ақ білдік емес пе. Бұлардың алғашқы екеуі соғыс тұтқыны ретінде неміс лагерінде көрген азаптары аздай, содан кейінгі кезеңде Отанын сатқан опасыз ретінде Кеңес түрмесінде сандаған жылдар жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті. Қабиденді бұл корлықтан Алланың өзі шолалаған болар, аман қалды.

Тағдыр дегенді қойсанышы, Серікбай мен Қабиден ақсақал кемі 20-25 жыл Ж.Шанин атындағы ауылда, бір көшеде (Қабан қайтыс болғанға дейін) іргелес тұрып, құдайы көрші болды. Аратұра жол түсіп бара қалғанда олардың есік алдында әңгімелесіп отырғанын көресіз. Сенің: «Сөздеріңізді бөліп жібердім бе?» – деген сауалыңа:

– Е, біздікі қайбір әңгіме дейсін. Сол... жай кәкір-шүкір күйкі тірлік қой, – деген жауап алар едініз. Сыртқа сыр шашуға жок қайран ағалар-ай!».

Сұлеймен ағаның осынау жазбасына жолықпасам, көршіміз Серікбай ағатайдың тұтқында болғанын, Сансызбай атандың соғысқа қатысқанын білмейді екем. Осы жазбаны оқығанда үйі мен ауласы тап-тұйнақтай, ақырын сөйлейтін, үнемі басынан шляппасын тастамайтын Серікбай ағатай мен мінезі бірқалыпты Иіс тәте елестеді. Бақсак, бұл кісілердің сөзге сарандыры да өмірден алған сабактары екен-ау.

Серікбай ағатайдың өмір жолын бүгінде салиқалы ұрпақтары жалғауда. Жанаты қара шаңырағының тұтінін түтетіп, ауласын көркейтіп отыр. Менімен ойнап өскен Элиясы мен Айнұры сот кызметінде жемісті еңбек етуде.

Тамұқтан тірі келген Масғұт Элинов

Міне, Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 79-ыншы тойы да дүркіреп өтті. Бұрынғыдай аланда сап түзеп, салтанатты шерудің көркін келтіретін ардагер қалмады. Қалғанының өзі жүріп-тұруға қаукарыз. Ал соғыс жастық дәуренін құл-парша етіп, сергелденге тусірген тағдырлар, тірісінде мандайы жаркырап Жеңіс шеруіне қатыса алмаған ерлер қаншама?! Баянауыл ауданының Күркелі ауылында туып-өсken Масғұт Эліұлы да жастығының базарын соғыс ұрлаған есіл ерлердің бірі еді.

Масғұт Эліұлы 1898 жылы Қызылтауға іргелес Шоқпар қыстағында туған. Бұгінде ол тұста Әлі-Күркө (ағайындылар есімі – Ж.Қ.) атанған мекеннің жұрты жатыр. Сарыөлең, ескі Қойтас, Желтау, Бәйнекедей көркем мекендерде ізі қалған Масғұт ата 18 жасында Нұрилә атты арумен отау құрып, 13 перзент көреді, сол он үштен тек төртеуі: Құлшанай (Құлшім), Болат (Болатқожа), Бекболат, Құлпәш тірі қалады. Бекболатынан тараған ұрпақтары Күркеліде ержетіп, бұгінде Екібастұз өнірінде ғұмыр кешіп жатыр. Масғұт Эліұлы туралы әнгімені бізге «Шығыс» кенішінің АТУ участасында еңбек ететін немересі Қапшай (Қабдығалым) Масғұтов жеткізді.

Қан майданға 1942 жылы аттанған Масғұттың ол жактағы тірлігі әуелгіде ауылдағыдай өрбіді десе де болады. Соғыс дегеніңіз жұрт ойлағандай тек танкі мен ұшақтардан, атыстан тұрмайды еken, 104-ші атқыштар полкінің 62-ші атқыштар дивизиясы құрамындағы Масғұтқа сарбаздарға азық-тұлік, су тасымалдау міндеті жүктеледі. Сөйтіп, қаруластарына оқ пен оттың астында ат-арбамен азық тасып жүріп, бір күні бомбаның астында қалады.

– Соғыстың жазылмаған заңы бар еken, ол былайша айтыла бермейді ғой, киноларда да көп шындық бұрмаланған. Соғысып болған соң екі сағат бойы қарсы тараптар атысты тоқтатып, жаралылар мен өлгендерді жинауға кіріседі еken, ол кезде ешкім ешкімге тиіспейді, оқ атпайды. Есінен танып, топырақ астында қалған атам көзін ашса, орыс солдаттары жаралыларды жинап жүрген көрінеді. Оларға тіл қатпакқа оқталғанында шамасы жетпей әлсіреп, қайта есінен танып қалыпты. Оянса, мотоциклмен екі неміс

солдаты жүр екен, атпакқа ынғайланған екеуге: «Раненый!» – деп айтып ұлгеріп, атам тұтқындар лагерінен бір-ақ шығады, – дейді Қапшай Бекболатұлы. Macfут атасың тұтқынға түскен уақыты шамамен 1943 жылдың қараша айы еді. 16 қараша күні-ақ оның қызы Құлшім Macfутованаң атына «Macfут Алинов Витебск облысының Козьяны селосында жерленді» деген мәтінмен «кара қағаз» аттанып кете барады.

Соғыс туралы жақ ашқанды құп көрмейтін атасының әңгімелері Қапшайдың еміс-еміс есінде. «Лагерьде кандаланың қалындығы сонша, курекпен күреуге келетін», – дегенін естігенде, ауылдан окта-текте көзге түсетін кандала оған ойыншық болып көрінетін.

... Бірде тұтқындарды бір апта бойы лагерьден басқа орынға көшіреді. Ас-су татырған жоқ. Үш күннен кейін сусыз шыдау мүмкін емес. Үш күн дегенде сылдыраған бұлак кезікті. Тұтқындар көліктің қорабынан сұлдерлерін сүйрете жаппай секіріп, бұлакқа қойып кетті. О, тоба, Macfут сонда ағып жатқан бұлактың суалғанын да көрді!

О дүниенің тозағы қандай болатынын кім білсін, мына жалғанда бұдан асқан қындық болмас, сірэ. Жастық жігерін тонаған ауыртпашилықты тек бес уақыт намазы – Жаратқанға деген сенімі жеңілдететін. Намаз уақыты таянғанда жанындағы өзбек жігіті барактағыларды түгел далаға шығарып:

– Эка, намаз уақыты болды! – деп безек қағатын. Обалы нешік, немістер жағы намазға кедергі келтіріп, бірде-бір рет карсылық қылған емес.

Кеңес әскері Германияға жақыннады деген сыйыс көктем шуағындай есіп, сызды камера қабырғаларын жібіте бастаған шақ еді. Бір күні бұларды тағы да сапқа тізіп, бір бай әйелге құл базарындағы тірі таудардай көрсетіп шықты. Батырға лайық тұлғасын ұннatty ма, әйелдің таңдауы Macfутқа және бір орында түсті. Екеуінің өмірі бұдан кейін мал фермасында өрбіп жатты. Өрбіді деген не тәйірі, олар шын мәнінде болашағы бұлышыры тұлдырып тіршілік кешіп жатты емес пе. Оның үстіне, контузия алған Macfут өткен-кеткеннің бәрін ұмыткан мәнгүрт күйде...

Бір күні серігі оған: «Macfут, екеуміз осылай жүре береміз бе?» – деді. Осы сэтте Macfуттың көз алдында дүние дөңгелене

жөнеліп, ауылдағы туған-туысы, соғыстағы күндері есіне түседі. Екеуі жоспар құрып, ағаш тиеген пароммен қашып, итшілеп Украина жеріне жетті.

Соғыстан кейінгі елен-алаң шак. Өлместің қамы. Масғұт аракідік көшеден орыстың аузындағы тісін түгел алтыннатқан күтындаған шалын көріп жүретін. Бір күні сол шалдың мурдесіне жолықты, денесі бассыз қалыпты. Кеше ғана жандарында жүрген адамның мұндай қорқынышты күйде жантәсілім етуі оны қатты шошытты. «Өлсем, еліме барып өлейін» деген ой келіп, «Кереку, қайдасын?» деп, бір-ак тартты.

Азапты жолды артта қалдырып, аш-жалаңаш сүйретіліп Павлодарда тұратын туған інісі Шарапаттың босағасын аттағанда естіген алғашқы сөзі: «Ойбай, Башық, өлтірдің ғой мені!» болды (Масғұтты туыстары Башық деп атаған – Ж.Қ.). Өйткені Шарапат НКВД-да қызмет ететін. Ауылдың бір жылпостау азаматы Шарапатты сағалап осында жүр екен, шамасы, әрнені сyltauratып соғыстан босататын құжат жасатып алса керек. Бауырын жамандыққа кім қисын, Шарапат өйтіп-бүйтіп құжаттарын реттеп, мұны ауылға жібереді.

Ауылдағылар жылдық асын да әлдекашан өткеріп, туыс-туғынан басқасы Масғұт деген есімді естерінен шығаруға айналыпты. Тек әйелі Нұриләнің кеудесіндегі «келеді» деген үміт қана өлеусіреген шамның жарығындей, өшпепті. «Қырық жыл қырғын болса да, тек ажалды өледі» деген осы екен!

Айдаладағы ауыл болса да, Масғұтқа ерекше сақтық керек: соғыс тұтқындарына өкімет тарапынан аяушылық жоқ. Десе де бірін-бірі ұстатьып жіберетін сатқындар әр ауылда болған ғой, опасыз жандар мұның ауылын да айналып кетпепті. Бір күні қара мағындағы Зенгі баба тұқымына ызаланып, ауынан:

– Өй, мыналар сүт те бере алмайды, Американың сиyrлары болса...» деген сөз шығып кетеді. Бұл сөзді Масғұтты айналышқтап, жылпылдаپ әңгіме сұрағыштап жүрген ауылдасы қалт жібермей, тиісті органдарға сол мезетте-ақ жеткізіпті. Осылайша, Масғұт 25 жылға айдалып кете барады.

– Атам Сталин өлгеннен кейін бостандыққа шықты. Кейін архивтердің құпиялары ашыла бастағанда атамды сатқан адам-

ның кім екенін білдік. Діндарлығы сонша, атам «сайтан жәшік» деп үйге теледидар алғызбайтын, өзін фотоға түсіруге де тыйым салған. Жыл он екі айдың 8-9 айын ораза ұстап өткізетін. Ауылдастарының малын түгел жиып әкетіп, ақысыз бағып беретін. Жұмыста жүрсе де ораза ұстағанына шаршап, ешкімге міндеп қылмайтын. Марқұм ешқашан балағат сөз айтқан емес, бар қатты сөзі «Оttama!» болды. Соғыс туралы әнгімелеге шорқақ еді, үрпағына зардабы тие ме деп үрейленетін, – дейді Қапшай аға.

Масұт Әліұлы Алинов 1978 жылы өмірден озды. Атанаң ұлдарының үлкені – Болат Екібастұз қаласында енбек етіп, жұбайы – өнірге белгілі ұстаз Зәбира Сматовамен бірге қаланың да-муына елеулі үлес қосты. Әке жолын жалғап, туған елінде малшы таяғын ұстаған Бекболатының ғұмыры қысқа болып, 42 жасында дүниеден озды. Десе де ғұмыр бойы құранды серік еткен салиқалы қарияның үрпақтары мәуелі бәйтеректей тамыр жайып, жер-жерде ел иғлігі жолында тер төгуде.

2024 жыл.

Неміс пен Кеңес азабын тартқан Сансызбай Сыздықов

Дәлізі қоңыр бояумен сырланған, бүгінде «Зәкірдің үйі» атанған қоңырқай үй мәнгі есімде – корасы мен үйінің арасындағы шағын ауланы күн сайын басып өтетінмін. Ешкімнің «Есіктің алдымен неге өтесің?» демеуі үй иелерінің мейірімділігінен хабар берсе, ауласына жұрт құсан қымтап қоршаша салмауы бұл шаңырақтың отағасынан ертеректе айырылуының белгісі еді. Хабиболла мұғалімнің «Какой хозяин – такой двор» деп жиі айтатын нақылдана салар болсақ, емен-жарқын аула Әсия тәтеміздің кең құшағының өзіндей еді. Нагашым үйіне баар жолда орналаскан осынау қоңыр міnez үй иесі – Сансызбай атанаң соғысқа катысқанын, тұтқында болғанын Сүлеймен Баязитовтің кітабынан оқып білдім.

Сансызбай Іргебайұлы Сыздықов 1909 жылы Құркелі ауылдық округіндегі Қызылшілік елді мекенінде туған.

Майданға 1942 жылғы 11 ақпанда аттанып, 33-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 84-ші атқыштар полкі құрамында соғысты.

Сталинградты қорғауға қатысып, екі рет жараланған. Архив күжаттарында Сансызбай сарбаздың 84-ші атқыштар полкіне Одесса облысы Одесса станциясындағы 28-ші Железнодорожный этаптық-жөнелту пунктінен жеткені жазылыпты.

Атамыз 1943 жылғы 1 тамызда неміс әскерінің қоршауында калып, тұтқынға түскен.

Құркелілік ардагер ұстаз Бактығұл Әбсаламқызының айтуынша, Сансызбай ата неміс тұтқында Серікбай Төленбеков атамен бірге болғанға ұксайды. «Серікбай аға неміс тіліндегі кей сөздерді түсінетін көрінеді. Сондықтан оны тұтқында писарлық қызметке қабылдапты. Әрі-бері өткенде Серікбай аға әбден азып-тозған, тікенек сым шарбаққа сүйенген татарға ұксас жігіттің өзіне мөлип қарап тұратынын анғарып жүреді. Таңыса келсе, Сансызбай аға еken, содан өзінің жанына алыпты. Әттең, аталардың әңгімелеріне жас күнімізде құлақ коймадық...» – дейді Бактығұл Әбсаламқызы. Ал Құркелі тұрғындары мектепте өткен кездесулердің бірінде Серікбай ағаның «Тұтқыннан қашқанда дәретхана тесігіне тығылдық», – дегенін еске алады...

Сансызбай сарбаз 1944 жылы неміс лагерінен қашып шығып, майдандастарымен бірге француз әскеріне қосылады. 1945 жылы 18 маусымда елге оралады.

1946 жылы неміс тұтқында болғаны үшін айыпталып, 25 жылға сотталған. 10 жылдан кейін ақталып шықты.

1956 жылы туған ауылымен қауышып, Сейфоллақызы Әсіямен отау құрды. 1956-1975 жылдар аралығында жылқышы, шопан болды.

1975 жылы дүниеден өтті. Ата қайтыс болғанда, кенжесі Айнұр іште қалған.

Сансызбай атандың 1914 жылы туған інісі Баансал Іргебайұлы Сталинградты қорғауға қатысқан.

Сталинград майданында 64-ші Армия 175-ші жеке инженерлік батальонының сапері болған Барансал 1942 жылғы 13 тамызда ауыр шайқаста хабарсыз кеткен.

Сансызбай ата мен Әсия тәтеден тараған өнегелі үрпақ бүгінде берекелі ғұмыр кешуде. Немерелерінің бірі – Медет Мұхамед-Зәкірұлы – Павлодар қаласына карасты Кенжекөл ауылдық округінде әкім. Тұған ауылының тыныс-тіршілігіне араласып, қамқорлық танытып жүретін Медет бауырымыздың азаматтық қадамдарына қарап, «тектінің тұяғы, асылдың сынығы» деген тіркес еріксіз тіл ұшына оралады...

Ауылда түшп, алысқа самғаған

Майдан ветеринары – Сәмен Шалабаев

Сәмен атамның есіміне бала құнімнен қанықпын. Үнемі «Атам үйіне» (Тайшық атам) келіп тоқтайтын Сәмен атамның адамгершілігі мен тамаша мінезін, сабырлылығы жағынан оған тарткан балаларын әжелеріміз аузынан тастамай айтып отыратын. Тұысқа камкор, аса зиялды да мейірімді адам еді. Айналамызда біреу ауырып-сыркай қалса, Қарағандыдағы Сәмен атамызды жағалап баратаңдығынан-ақ ол кісінің бауырмалдық қасиетін бағамдап өстім.

Сәмен атам 1913 жылы атақонысымыз – Қарақуыста туған (әкесі Шалабай осында жерленген). З жасында анасынан, 6 жасында әкесінен жетім қалып, әкесінің туған ағасы Кенжебай Жандосовтың қолында өскен. 1933 жылы Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтына түсіп, ветеринар дәрігер мамандығын игерді. Институтты тәмамдаған соң, Семей облысында ветеринар дәрігер болып қызмет аткарды.

1940 жылдың наурыз айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, 1941 жылы майданға аттанды. 1946 жылдың тамызына дейін Ленинград және Балтық майдандарында соғысты.

Соғыс жылдарында ветеринарлық қызметтің маңызы зор болды, өйткені Кеңес армиясында 2 миллионға жуық жылқы болды. Сол себепті ветеринар дәрігерлердің енбегі әскери мақсатқа аса қажет болды.

Жалпы, атты әскерлердің еншісіне қан майданның ен ауыр кезеңдері мен жағдайлары бүйірғаны тарихтан белгілі. Жау танкісіне атты әскердің айдалып салудың өзі белгілі бір саясат еді, оның шет жағасын осы кітаптағы «Айтыш атам Қарсыбай батырмен бірге соғысқан» атты материалда да жаздық. Соғыста хабарсыз кеткен өз атам Айтыш бір хатында «Атымның шылбырын бір қолыммен ұстап жазып тұрмын» деген екен, сөйтсек, Сталинградтың қаһарлы құндерінде талай жауынгерге серік болған осынау қасиетті де

кірпияз жануарға Сәмен атамдар секілді мамандар қамқор болған екен-ая!

Қабиден Әлменбаев атамызың жайлы әңгімеде ол уақытта немістер Еуропада өнеркәсіпті автоматтандырып тастағаны айтылды. Осының бәрін саралар болсақ, соғыс жағдайында жылқы ұстау (оның күтіп-бағуы – бөлек әңгіме), жылқымен жетілген техникаға қарсы шабу дегенді көзге елестетудің өзі қыын.

Сәмен ата 549-шы армия полкінде эвакуациялық ветеринарлық қызмет бастығы, кейін 201-ші атқыштар дивизиясының 122-ші атқыштар полкінде аға ветеринар дәрігер, 142-ші Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының 461-ші атқыштар полкінде мал дәрігері бола жүріп, әскер құрамындағы жылқы малының жай-күйін қамтамасыз етті, сарбаздардың төрт аяқты серігін эпизоотиядан қорғап, ауырғандарын емдеп, сапқа қосты.

Атамыз Гатчинаны қорғауда, Луга қаласы үшін болған шайқастарда, Нарваны қорғауда жанкештілікпен шайқасты. Ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, сондай-ақ, «Ленинградты қорғаганы үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Соғысты майор шенінде аяқтады.

Сәмен атам мен Қайырзат апам Ибрағим, Алшын, Ғабдолла, Ғалым, Роза, Бақыт атты перзенттер тәрбиелеп, ұлағатты тәрбие берді. Солардың ішінде Ибрағим Сәменұлы медициналық институт бітіріп, Қарағанды қаласында беделді дәрігер болды, денсаулық сақтау саласын өркендетуге зор үлес қосты. Алшын Сәменұлы мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарда болды, соның ішінде Қарағанды қаласы әкімінің міндетін де аткарды.

Сәмен атамның немересі Бүркіт Ғалымұлы Нұрмәғамбетов бүгінде ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының менгерушісі, әділет аға кенесшісі, саяси ғылымдардың кандидаты, доцент.

Ұлт намысы үшін офицерді атқан Шайхслам Есмағанбетов

Неміс басқыншыларымен болған соғыс талай боздақты жер жастандырып қоймай, мындаған тағдырларды тәлкекке түсірді. Әр сарбаз «Отан үшін алға!» деген ұранмен жеңіс жолына жанын салғанымен, ерлік бағаланбаған, әділетсіздік салтанат құрған жағдайлар аз болмады.

Екібастұздағы №26 гимназия-мектебінің директоры Қанат Шайхсламұлының әкесі Шайхслам да соғыс жалынды жылдарын ұрлаған тағдырлы қазақтың бірі. Шайхслам атаның бастан кешкен оқиғаларын баласы Қанат былай деп әңгімелейді:

— Әкем Шайхслам Есмағанбетов 1922 жылы Баянауыл ауданының Сарыөлең ауылында туған (атамыз Есмағамбеттің мәңгілік мекені – Шоманкөл ауылында). Майданға 1941 жылғы тамызда алынып, 1943 жылдың наурызына дейін 6-шы атты әскер полкінде соғысқан. Ол полкте ауылдан өзімен бірге аттанған жолдасы Қапсаләм Әблешов те болыпты. Атты әскерде жүргенде оң жақ санынан ауыр жараланып, госпитальға түседі. Емделіп шыққан соң әкемді (1943 жылы наурызда) Ленинград блокадасына жібереді. 1943 жылдың наурызынан 1944 жылдың казанына дейін 64-ші гвардиялық дивизияда соғысқан. Әкем «соғыста әскери техниканы, танктерді сактап қалу үшін қөбіне тіл білмейтін, көнбіс қазақтарды алдыңғы шепке айдал салатын» деп айттып отыратын.

Соғыс бітіп, дәл елге қайтар уақытта Шайхслам бір орыс офицерімен қактығысып қалады. Офицер қазақтардың ұлттық намысын қорлайтын балағат сөз айтса керек. Намыстанған Шайхслам офицермен төбелесе кеткенде, әлгі тапаншадан атып жібереді. Оқ атамыздың оң жақ қабырғасын жанап өтеді. Сонда ол да корғану үшін жан-дәрмен каруына жармасып, офицерді атып салыпты. Офицер тіл тартпай кетіп, Шайхслам 10 жылға сотталып кете барады. Истің ақ-қарасы тексерусіз қалады. 6 жылдай түрмеде отырған Шайхсламның бағына қарай жанына Семейдің бір сауатты қазағы келіп түсіпті. Сол адам қайта-қайта шағым хат жазып, серігінің ақталып шығуына сеп болады. «Шайхслам, сен жақында босап шығасың, ал менің шығуым кәдік. Жалғыз өтінішім: елге барған

соң, Семейдің Көкпекті ауданында әке-шешемнің бейіті бар, соған барып құран оқып түрарсың», – деп аманат етіпті жана шының азамат. Арманы орындалып, бостандыққа шыққан соң Шайхслам аманатына адапталып, өмірінің соңына дейін Семейге барып, бір қойын сойып, құран бағыштап отырған екен.

...Сөйтіп, соғысқа 1941 жылы аттанған Шайхслам ауылына 1950 жылы бір-ак оралады. Ауылға жақындағанында бір топ бала «солдат келді» деп алдынан жүгіріп шығыпты. Солардың ішінде өзі кетерде үстел жағалап апыл-таптыл басып жүрген інісі Шаймұрат та бар екен, бірақ оны танымайды.

Шайхслам ата елге келген соң, қоймашы болып еңбек етеді. Үйлі-барады болады. Бүгіндегі немерелері Әлихан мен Нұрислам атасының ерлігін мақтан етеді.

Шайхслам атасының «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендері мен «Ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» медальдары балаларының төрінде ілулі.

2024 жыл

Мина жинап, тығырықтан шыққан Мұқаш Ысқақбекұлы

1944 жылғы 5 сәуір. Одесса облысы Раздельянский ауданындағы Бакалово деревнясында немістермен жан алысып, жан беріскең шайқаста кеңес сарбаздарында ок-дәрі түгесілуге жақыннады. Эне-міне немістің жаяу өскері шепті бұзып кіргелі тұр. Не іstemек керек? «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген емес пе, мұндағы жауынгерлердің көрер жарығы бар екен: шифрлау-штаттық қызмет штабы бастығының көмекшісі Мұқаш қыыннан қыстырып жол тапты. Жол тапты дегеніміз айтуға ғана оңай, шын мәнінде сарбаздар өз калауларымен ажал апанына бет алған-ды. Жолдардан мина жинау басынды өлімге байлау емей немене?! Ойланатын уақыт жоқ, «өзекті жанға – бір өлім» деген, Мұқаш каруластарымен бірге ойға алған шаруаны жедел орындалап, жиылған минаны ұрыс алаңына жеткізді. Осы карудың арқасында немістің үлкен колоннасының күлі көкке ұшты...

Осынау жанкештілігі үшін кеудесіне «Қызыл Жұлдыз» орденін тақкан Мұқаш Ысқақбекұлы Ысқақбеков 1911 жылғы 6 желтоқсанда Баянауыл ауданы Ысқақбек елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласқан.

Баянауылда 7 кластық жұмысшы жастар мектебін бітіріп, 1929-1932 жылдары Қазан университетінде оқиды.

1933 жылы әскер қатарына алынады. Ұлы Отан соғысына 1941 жылғы 9 шілдеде Омбы облысы Одесса ауданынан аттанған. 3-ші Украина майданында, 20-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының 57-ші гвардиялық атқыштар полкі, 37-ші Армияның 59-шы атқыштар дивизиясы 124-ші атқыштар полкі құрамында (6-шы атқыштар корпусы) соғысты. Қатардағы жауынгер, бөлім командирі, рота старшинасы, комбат көмекшісі, полк штаб бастығының орынбасары болды.

Мұқаш Ысқақбеков шифрлау-штаттық қызмет штабы бастығының көмекшісі бола жүріп байланысты жасырын пайдалана жұмысын онтайлы жүзеге асырды. Осылайша полктің әскери іс-қимылына мүмкіндік туғыза білді. Жолдардағы шытырмандар мен қауіп-қатерге қарамастан барлық тыл бөлімшелеріне өткел әзірлеп, жол ашып отырды. Оқ ататын позицияларға қару-жаракты уақытылы жеткізіп, полктің азықсыз қалуына жол бермеді.

Әскери шені: гвардия аға лейтенанты, аға лейтенант.

Үнемі қиян-кескі шайқастардың бел ортасында жүріп, үш рет ауыр жаракат алған.

1945 жылы елге оралды. 1945-1956 жылдары колхоз председателі, Омбыда трестің аға бухгалтері болып қызмет істеді.

1954 жылдан Қарағанды қаласында облыстық қаржы басқармасында еңбек етті.

Тағдырдың жазуымен Мұқаш Ысқақбекұлы екі рет отбасын құрды. Бірінші жары Күлбарам 1958 жылы дүниеден озған соң, Қанипа анамызға үйленген. Екеуінен Майдан, Мардан, Әсет, Абылай, Әділет есімді ұлдары, Қәкима, Әлият есімді қыздары бар.

Мұқаш Ысқақбекұлы 1987 жылы Қарағанды қаласында дүниеден озды.

Марапаттары:

II дәрежелі «Отан соғысы» ордені (1944);
 I дәрежелі «Отан соғысы» ордені (1985);
 «Қызыл Жұлдыз» ордені (1944);
 «Ерлігі үшін» медалі;
 «Берлинді алғаны үшін» медалі;
 «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны женгені үшін» медалі.

Құрсаудағы қалаға қару тасыған Зайныш Нұрмағанбетов

Зайныш Нұрмағанбетұлы Нұрмағанбетов 1913 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы бұрынғы «Южный», казіргі Күркелі ауылдық округіне қарасты Ысқақбек елді мекенінде дүниеге келді. Экесі – Нұрмағанбет Дүйсембайұлы, анасы – Бәдіғүл.

Экесі Нұрмағанбет өте сауатты, өткір мінезді адам болған. Болыс болып сайланған, елге көп жәрдемдескен. Ол кісіні ел Тілмаш аға деп атаған. Байдың ұрпағы деп қудалау басталғанда, амалсыз отбасымен Омбыға қоныс аударған.

Әскер қатарына 1940 жылғы 25 маусымда Омбы облысы Одесса ауданынан шақырылып, қан майданға бастан-аяқ қатысты.

2-ші Белоруссия майданында 90-шы атқыштар дивизиясы 66-шы танкіге қарсы жеке жойғыш дивизионда автомашина шофері болды, 78-ші запастағы атқыштар полкі, 36-шы запастағы атқыштар дивизиясының 47-ші артиллериялық полкі құрамында соғысты. 1945 жылы елге оралды.

Ленинград қаласы құрсауда қалғанда Ладога көлінің үстімен қару-жарап тасыған.

– Зайныш ағаның немістерді кинодан көрсеткендеге, «Мынаның бәрі – өтірік, негізі неміс әскері мұздай қаруланған мықты әскер болды, ал бізде қару-жарап әлсіз болды» дегені есімде қалыпты, – деп еске алады туысқаны Бақытжан Сәрсенбаев.

1946 жылдан 1954 жылға дейін колхоздарда механик, бригадир жұмыстарын атқарған.

1954 жылдан 1965 жылға дейін тың игеруге катысып, бірталаі медальдармен марапатталды.

1965 жылы отбасымен Күркелі елді мекеніне қоныс аударды. Елге келіп, механик, бригадир, машдвор менгерушісі болып жұмыс істеді. Осы жерден 1973 жылы зейнеткерлік демалысына шықты.

Зайныш Нұрмағанбетұлы 1945 жылы елге оралып, соғыста каза болған ағасы Қайыржанның жұбайы Нұрила анамызмен әменгерлік жолмен отбасын құрды. Қайыржаннан қалған жалғыз түяқ – Асылды өз баласындай тәрбиелеп жеткізді. Нұрила анамыз екеуі Аманкелді, Аскар, Абай атты үш перзент сүйді. Олар азамат болып елге қызмет етті.

1978 жылы Алматы қаласына қоныс аударды. 2008 жылы 95 жасында дүниеден озды.

Әскери архив деректері Зайныш сарбаз жайлы былай дейді:

«1945 жылғы 16 ақпанда Мишке (Венгрия) елді мекені үшін болған шайқаста шофер Нұрмағанбетов артиллерия және минометтен жауған оқтық астымен тұра көздеу қаруларына оқ-дәрі жеткізіп, зенбіректерді снарядтармен қамтамасыз етті.

1945 жылғы 18 ақпанда Варлюбин маңында жаяу әскерді көлігімен бастай отырып расчетті қаруды әкеле жатқан кезінде, карсыластың артиллериядық қаруы соққысынан көлігі бүлінді. Ержүрек шофер машинаны тастап кетпей, сол жерде жөндеп, қаруды тиісті ату нүктесіне жеткізді. Осы қарумен 80 мм зенбіректің үні өшіріліп, жау расчеті жойылды.

Ертенінде Раковиц ауданында Нұрмағанбетов тиісті жерге тұра көздеу қаруын жеткізіп, осы қарумен дүшпанның екі зениттік расчеті қуылып, жау қаруы батареяның қолына түсті».

Марапаттары:

- «Қызыл Жұлдыз» ордені;
- «Отан соғысы» ордені (1985);
- «Ленинградты қорғағаны үшін» медалі (1942);
- «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалі (1944);
- «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі (1945).

Хабарсыз кеткен боздақтар

Шәһидтерді өзегінен өшірме!

2005 жылды, Ұлы Женістің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында, Баянауыл ауданы Жұмат Шанин ауылының орталығына ескерткіш белгітас орнатылды. Белгітас Баянауылдың үш тақтатасынан құралған: тіктөртбұрыш пішіндес екеуіне соғыста хабарсыз кеткен боздақтар есімдері жазылса, ортасындағы доғал таста «Ер есімі – ел есінде. Шәһидтерді өзегінен өшірме. Ұлы Женіске 60 жыл. Ескерткіш ұрпактарынан» деген жазу бар.

Бұл белгіастар орнатылған тұста ауылда Мұбарак Сейфуллин әкім болды. Хабарсыз кеткен майдангерлердің ұрпактарынан қаражат жинау, тасқа тапсырыс беріп, жазуын жаздырту, орнату жұмысын коммуналдық шаруашылық жауапты Сағындық Балтабеков атқарған.

Тасқа енгізілген боздақтар:

- | | |
|----------------------------|--------------------------|
| 1. Аужанов Тұяқ | 18. Досжанов Сәбди |
| 2. Акіжаев Мұстай | 19. Есжанов Сағынтай |
| 3. Ағажанов Әбжан | 20. Есжанов Асылтай |
| 4. Айтмағанбетов Қайыркен | 21. Есмақаев Сапар |
| 5. Алин Мақсұт | 22. Жекенов Төлеубек |
| 6. Әбдірахманов Бердалы | 23. Жапаров Шаймерден |
| 7. Әбдірахманов Махмет | 24. Жанабеков Айкен |
| 8. Әбілмаженов Қаусыл | 25. Жұманбаев Бимұхамед |
| 9. Әлін Әзмұхамет | 26. Жұмкенов Жолжақсы |
| 10. Әкімжанов Абай | 27. Жұнісбеков Қабыш |
| 11. Бұқабаев Ысқақ | 28. Жымиеv Қабдырақыш |
| 12. Бұркітбаев Қайыржан | 29. Иманбеков Хакім |
| 13. Берденов Сағынбек | 30. Иманбеков Қабдығалым |
| 14. Бұхарбеков Құсайын | 31. Қабылов Махмет |
| 15. Данадилов Ысқақ | 32. Қабылов Кәкімбай |
| 16. Дүйсекеев Көшім | 33. Қадыров Айтыш |
| 17. Дүйсенбаев Тасмағанбет | 34. Қасенов Теміржан |

35. Шуақбаев Смағұл
36. Қамашев Рамазан
37. Қадылбеков Нұрғали
38. Қадылбеков Мерғали
39. Қадылбеков Ахмет
40. Қазанбаев Сағынтай
41. Қазиев Бәзкен
42. Қокымбаев Төлеубек
43. Қосжанов Ахметбек
44. Қасымов Сәбит
45. Қарақошин Кәміш
46. Мәжитов Сейсенбай
47. Малғозин Нығмет
48. Селеусин Қали
49. Сабданбеков Ермек
50. Сәрсенбаев Шекей
51. Сәрсенбаев Сағынбек
52. Смағұлов Төлеуғали

53. Смаилов Айтмағанбет
54. Сыздыков Борансал
55. Тұсіпбаев Балтабай
56. Тұрғынбаев Орал
57. Төлеубаев Хамит
58. Тұтышев Әшір
59. Ұсакаев Жолбай
60. Шайқыбеков Бокшал
61. Шашкин Қасым
62. Омаров Шәкімұрат
63. Ыскаков Байтуған
64. Ыскаков Айтым
65. Шаншаров Нәсір
66. Опабеков Бөкей.
67. Ахметжанұлы Әлжан
68. Қоятинов Әділхан
69. Айтмаканов Әбду
70. Опабеков Тоғайбай.

Айтыш атам Қарсыбай батырмен бірге соғысқан...

Әжем Орынтай соғыста хабарсыз кеткен тұңғышы (әкемнің ағасы) жайлы арманын о дүниеге ала кетті. «Мінезі момын еді, әскерге кетерінде бір жәшік кітабы қалып еді...» – деп жиі-жиі ауызға алғанын естігенде, көкірегі сағыныштан қарс айырылған кейуананың жан дүниесіне үңілген кім бар дейсіз?! Сәждеден бас алмай өткен қайран ана «өлді» деген хабарын естімегендіктен, баласының аруағына дұға да арнай алмады...

Бала күнімде Құлшария тәтем: «Ағамыз атты әскерде болған, соңғы хатында «атымның шылбырынан ұстап жазып отырмын» деген екен» деп естелік айтқанда, соғыста тек танк пен самолёт қана болады деп ойлаған мен «осы тәтем қай-қайдағыны ойлап табады, атты әскері несі» деп іштей сөгіп, тыңдамай қоятын едім.

Токсан үш жасында әжем, одан екі жыл өтеп әкем дүние салды. Әкем қайтыс болғаннан бір-екі апта өткен соң біздің қолымызға баспадан біраз бұрын ғана шыққан «Боздактар» атты кітап тиді. Онда «Айтыш Қадыров 1942 жылғы 26 қаңтарда каза болып, Волгоград облысы Ольхов ауданында Шарнуговск хуторында жерленген» деп жазылыпты.

Осы кітапты қөзімнің қараышындаі сақтаған мен кейін атам жатқан жерді тауып, туған жердің бір уыс топырағын апа-рып, әжемнің арманын орындауға бел будым. Сөйтіп, Волгоград облысының әскери комиссариатына хабарлассам, ондағылар Шарнуговск деген хуторды мұлдем естімеген болып шықты және мәліметтерінде атамның аты-жөні де жок. Дегенмен комиссариат басшылары маған соғыстан кейінгі жылдары Сталинград облысының Калмыкия АССР-інің құрамына берілген елді мекендерінің қатарында Шарнугты селосы болғандығын айтып, Калмыкия республикасына жөн сілтеді. Бірак Элиста қаласында орналасқан Калмыкия республикалық әскери комиссариатында да маған қажет мәлімет болмай шықты.

Енді кітаптағы мәліметтердің қайдан алынғанын анықтау қажет болып, атам соғыска аттанған Баянауыл аудандық әскери комиссариатының мұрағатына бардым. Мұрағаттан 1942 жылы келген «хабарлама» табылып, екі қызықты мәлімет белгілі болды: бірі – атамның атты әскер дивизиясында болғандығы, екіншісі – көршілес Егіндібұлақ ауылының тұрғыны Доскең Сүлейменов деген кісімен бірге соғысып, бір күнде хабарсыз кеткені. Бірак қағазда атамның есімі Айтыш деп анық жазылмапты. Оның үстінен, «Боздактар» кітабындағы «26 қаңтар» дұрыс емес, «26 қараша» болуы керек. Кітапты құрастырушыларға әр адамның дерегіне жіті үніліп, тексеріп жату оңайға сокпағаны анық, әйтпесе Сталинград шайқасының 1942 жылғы 17 шілде – 1943 жылғы 2 акпан аралығын қамтығаны белгілі ғой.

Осы деректерді негізге ала отырып, Ресей Федерациясы Корғаның министрлігінің орталық архивіне сұрау салдым. Ол жақтан Айтыш Қадыров пен Доскең Сүлейменовтің 4-ші кавалериялық корпус 61-ші кавалериялық дивизиясының 13-ші жеке атты артиллерия дивизионында соғысып, екеуі де 1942 жылдың 26 қарашасында хабарсыз кеткені туралы мәлімет келді. Бірак

кейін ауылдастарынан сұрастырып білсем, Доскен Сұлейменов соғыстан аман-сау оралып, 50-ші жылдардың соңына дейін Баян-ауыл ауданында тұрган көрінеді.

Дегенмен Доскен Сұлейменов туралы мәліметті таппағанымда, атам туралы ештеңе білмей қалады екенмін. Өйткені қазақ солдаттарының аты-жөндерінің өзі соғыс құжаттарына қалай болса солай тіркеле беріпті. Мәселен, менің атам барлық құжатта Аңшвин деп жазылған. Менің еш дерекке қол жеткізе алмай жүргенім де осыдан болса керек. Доскен ата бізге бағдаршам секілді болып, барлық мәліметке жол ашып берді.

Сөйтіп, Мәскеу түбіндегі подольскілік архив қызметкерлерін қайта-қайта мазалай жүріп, «13-ші атты артиллерия дивизионы 1942 жылдың 26 қарашасында Волгоград облысы Котельников қаласынан солтүстік-батысқа қарай 56 шақырым қашықтықта орналаскан Шарнұты, Жутов-2 елді мекендері маңында ұрыс жүргізді» деген дерекке қол жеткіздім. Атамның әскери шені құжаттарда «номер орудийный», Доскендікі «номер коновод», «ездовой» деп жазылыпты. Бастанқыда бұларды кару нөмірлелеп таңба басатын қызмет екен деп ойладым. Бірақ бұлар атты әскерге тән шендер болып шықты. Мәселен, әскери салада «расчет» деген ұғым бар, бұл бір-бірімен байланыста аткарылатын жұмыс кешенін орындайтын кішігірім штаттық құрылымды білдіреді. Жоғарыда аталған шендер де осындағы құрылымға кіреді, мәселен, «номер орудийный» деген артиллеријалық қаруды дайындау, атуды жүзеге асыратын адам болса, «номер коновод» – атты қарап, күтүмен айналысатын, «ездовой» – атқа мінетін жауынгер шені.

Архив құжаттарын асықпай қараған мен 13-ші дивизионның 1942 жылғы 20 қараша – 1943 жылғы 10 қантар аралығында хабарсыз кеткен және қаза болған жауынгерлерінің, яғни, «қайта оралмағандар» тізімін көшіріп алдым. Онда хабарсыз кеткендерге көк белгі, опат болғандарға қызыл сиямен сызық қойылып отырған. Тізімдегі шәһид 227 сарбаздың бір ғана 26 қарашада 31-і жер құшып, 179-ы із-түзсіз кеткен. Ең соракысы, онда қандастарымыздың аты-жөндерінің жазылуында кате көп, мәселен, Қайырбек – Каверсек, Сұлтан – Сұлшан, Мактый – Мактвен болып кетіпті. Іздеген адамдардың олар туралы мәліметтерге жете алмайтын себебі де осы!

26 қарашадағы қанды қырғында 210 жауынгер (бәлкім, одан да көп!) қынадай қырылғанымен, олар қорғаған Шарнұты хуторындағы мемориалды тақтаға аттары басылған 11 жауынгердің ғана тұсында «26 қарашада опат болды» деген белгі бар. Мұны Калмыкия Республикасының әскери комиссары Ю. Казаков айтты.

Ерінбей-жалақпай, жоғарыда аталған 227 адамды «Боздактар» кітабымен салыстыра отырып, Майқайың поселкесінде туып, әскерге Баянауыл әскери комиссариаты арқылы шақырылған Мәжит Қожахметовтің де аталмыш дивизионда болғанын білдім. Бірак «қайта оралмағандар» журналында ол Кожехметов Межит деп тұр. Ал «Боздактар» кітабында ол туралы «Волгоград облысы Садовск ауданында жерленген» деп көрсетілген. Бұл – қате. Рас, Садов ауданы – қазіргі Калмыкия Республикасындағы Сарпины ауданы. Алайда опат болғаны жайлы деректер белгілі болса, жерленген жеріндегі тасқа бұл кісінің есімі жазылар еді. Ал менің қолымдағы орталық архив күжатында 13-ші дивизионның жауынгері Мәжиттің де (шені – «номер оруд». – Ж.К.) дәл 26 қарашада сол Шарнұтыда хабарсыз кеткені жазылған. Тағы бір дерек – өзім жинаған күжаттар ішінде Баянауыл аудандық әскери комиссариатынан алған «Жоғарғы Кеңес Президиумының Қаулысына сәйкес пенсия аударуға жатқызылған әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің тізімі» журналының бір параграфында көшірмесіндегі Айтыш, Доскендердің қатарында осы Мәжит Қожахметов те тұр. «Мекенжайы» деген бағандағы «М-зол» деген жазу Майқайың-алтын екені анық, ал түсініксіз жазылған мекенжай жазбасын «Буденная, 5» шығар деп болжадым. Бұл журналдағы пенсия алуға тиісті адам туралы деректен «отец» дегенге қарап, Доскенді соғысқа менің атам сияқты үйленбеген күйі аттанған деп топшыласам, Мәжиттің тұсындағы «жена» деген жазу оның артында әйелі қалғанын білдірді.

Енді 61-ші кавалериялық дивизия жайлы аз-кем сөз. Г. Шерматов пен Х. Юсуповтың «Тәжік кавалериясының отты жолдары. 61-ші кавдивизияның майдандағы ерліктері» атты еңбегінде бұл дивизияға егжей-тегжейлі сипаттама берілген. «Генерал-лейтенант Т.Т. Шапкиннің 4-ші кавалериялық корпусының жағдайы өте күрделі болды. Корпус Орта Азияның жергілікті ұлттарынан құралған. Оның басым бөлігі орыс тілін нашар менгерген немесе

мұлдем білмеген» дей келе, автор бұл дивизия еншісіне тиген ауыр шайқастар жайын баяндайды.

Тағы бір назар аудараптың жайт, атам болған 13-ші жеке атты-артиллерия дивизионында Қарсыбай Сыпатаев атты қазак болған.

Қатардағы жауынгер Қарсыбай Сыпатаев 1942 жылғы 23 қарашада Сталинградтан оңтүстік-батыста орналасқан «Красный герой» колхозы маңында минометпен жаудың жаяу әскер взводын жояды. Ал 26 қарашада Шарнұты елді мекенінде миномет батареясы немістің 36 танкісі мен автоматшыларын үш жақтан оқтың астына алады. Қарсыбай Сыпатаев болса автоматшылар мен танктерді бір-бірінен ажыратуға әрекет жасайды. Алға өршеленген танк батареяға ажал болып төнген сәтте қайсар казак қолындағы зілдей минамен танктің астына тұра ұмтылады. Жанкияр ерлік жасап, Шарнұты хуторындағы (Калмыкия Республикасының Сарпины ауданы) бауырластар зиратынан мәнгілік мекен тапқан Қарсыбай Сыпатаевқа 1943 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілген.

Өзім жинақтаған осы мәліметтер көңілге медеу болғанымен, РФ Қорғаныс министрлігінің орталық архивінен табылған «Құпия» деген белгісі бар тілдей қағаздың табылуы менің атамның қайда, қалай қаза болғанын дәлелдеп, оның есімін ең болмаса Шарнұтыдағы мемориалды тақтаға жаздырсам еken деген арманымның күл-талқанын шығарды. Өйткені құжатта былай делінген: «Қызыл Армия Бас штабының адамдардан айырылу есебін жүргізу жөніндегі орталық бюросына. Москва қаласы. 4-ші кавалериялық корпус 61-ші кавалериялық дивизиясының 13-ші жеке атты-артиллериялық дивизионы жеке құрамының қайта оралмағандар тізімі жолданды. Тізім №2 үлгіде емес, №1 а үлгісінде жасалып отыр. Себебі Шарнұты түбіндегі шайқастарда 13 ЖААД-ның штабтың құжаттары тиелген арбамен бірге жеке құрам тізімі де жойылды. Ұсынылып отырған тізім тірі қалған командирлер мен жауынгерлерден сұрастыру арқылы жасалды, №2 үлгі бойынша талап етілетін толық тізімді жинау мүмкін болмады. 61-ші кавдивизияның штаб бастығы, подполковник Бешанов». Жоғарыда аталған тізімдегі орасан қателер себебі енді түсінікті.

Иә, соғыс адамдар тағдырларын аяусыз талқандады. Біреулер тұтқын атанды, біреулер көзсіз ерлігінің лайықты бағасын ала ал-

мады. Хабарсыз кеткендердің арасында ержүректер болмады деп кім айта алар?

...Баянауыл ауданына қарасты Күркелі ауылында осыдан жиырма шақты жыл бұрын соғыста каза болған және хабарсыз кеткен боздақтарды есте қалдыру максатында белгітас қойылды. Елі мен жері үшін өмірін қиса да, не қағаздан, не тастан бір жол бұйырмаған есілдерді жоқтайтын жалғыз белгі сол ғана...

P.S. Ресейдің бірталай жауапты орындарымен, әскери органдарымен хат алысқанымда, бір жайтқа қатты риза болдым. Ондағы адамдар әр хатқа ыждағаттылықпен қарап, әр адамның мәселесіне жауапкершілік танытып, жанын салады екен. Бәріміз солай етсек иғі.

Төлеубек Қоқымбаев

Θ мір сүрген жылдары: 1922-1942 жж.

Баянауыл ауданы қазіргі Ақсан ауылдық округіндегі Байшұқыр қыстағында дүниеге келді. Әкесі Байшұқырұлы Қоқымбай, анасы Ділда, бұған дейін екі бірдей нәрестесі шетінегендіктен, атын Төлеубек қойған.

Төлеубек 1942 жылғы 30 мамырда жиырма жасында Баянауыл аудандық әскер комиссариатының шақыруымен соғыска аттанды, содан хабарсыз кетті. Артында 1918 жылы туған апасы Мәрия және інісі Жантұрсын қалды.

Әділхан Қоятинов

Θ ділхан Қоятинов 1903 жылы Баянауыл ауданы Сарытау бауырындағы Ысқақбек елді мекенінде дүниеге келген. Соғыска Омбы облысы Одесса ауданынан («Қызыл қазақ» колхозы, бұрынғыша Қысықтағы Қаржас ауылы) 1942 жылы шақырылып, хабарсыз кеткен. Өз ортасында, туған-туыс арасында «Ақ тәте» атанған.

Ресей Федерациясы Корғаныс министрлігі Орталық архивінің мәліметтер базасында сарбаздың 48-ші гвардиялық атқыштар

дивизиясының 138-ші гвардиялық атқыштар полкі құрамында соғысқаны жазылған. Бірақ архивте сакталған «1941 ж. 1 желтоксан – 1945 жылғы 1 маусым аралығында қайта оралмаған старшина, сержант және қатардағы жауынгерлердің алфавиттік тізімінде» Әділхан тізімделген полк осы дивизиядағы 98-ші гвардиялық артиллериялық полк деп көрсетілген. Хабарсыз кеткен жері: Орлов облысының Озерная деревнясы. Хабарсыз кеткен күні: 1942 жылғы 24 тамыз.

Атап өтерлігі, 1942 жылдың осы кезеңінде Озерная елді мекенінде кескілескен ауыр шайқастар, нағыз қанды қырғын жүрген. Неміс танкілері аймақтың астан-кестеңін шығарды.

Соғыс уақытында түркітілдес ұлттарды танкіге қарсы жалан қолмен айдал салғаны тарихтан белгілі. Озерная үшін болған ауыр шайқас жайынан сыр шертетін тарихи жазбаның бірінде былай депті: «Все узбеки, большей частью не знающего русского языка, со слабой военной подготовкой и без оружия. Из них были сформированы 4 стрелковые роты, которые были переданы в каждый из 4 батальонов бригады. Времени на освоение в новых для них частях у прибывшего пополнения не было совершенно». Қазактардың да жағдайы өзбектерден асқаны шамалы. Осыған қарап «Алфавиттік тізімдегі» хабарсыз кеткен боздақтар мен шейіт болғандар тізбегінің шеті-шегі неліктен көрінбейтінін білуге болады.

... Бертін жауынгердің немересі Тасболат Қоятинов (марқұм) туысқаны Бақытжан Сәрсенбаевпен бірге Омбы облысынан, сондағы Одесса, Азов, Волгоград аудандық әскери комиссариаттарынан және Омбы каласының өзінен атасы жайлы деректер іздейстірген. Бірақ қаза болғаны туралы накты мәлімет табылмай, тек Одесса ауданы орталығындағы атасының аты-жөні жазылған ескерткіш тактаны анықтады: онда Әділхан Қоятинов хабарсыз кеткендер санатында көрсетілген.

Әділхан Қоятинов соғыска дейін отбасын құрған: артында жұбайы Шайда, Шәкірат, Азамат атты ұлдары мен Майкен атты қызы қалды. Азаматы мұғалім болып еңбек етті, бірталай мектепте директорлық қызметте болды.

Бүгінде Қоятиновтар әулеті тамыр жайған мәуелі бәйтерекке айналды. Ақ тәтенің «Южный» кеңшарында (бүгінгі Құркелі) өсіп-өрбігेन ұрпактары түрлі салада еңбек етуде.

«Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!»: Тылда жүріп тірек болған

Ағайындылар тағдыры
(Бимұхамбет, Соқырбек Жұманбаевтар)

Мен туып-өскен Жұмат Шанин ауылында өзім кезінде өлеңге қосқан «Горный» атты көше болды. Көшедегі әр түрғынның болмысы мен ғұмыр жолына қарап отырсан, өмірдің бір-бір университетіндегі еді. Өзім осы кітапта атаған Қабылтай ағатаймен үй арасында үй жоқ көрші болып Соқырбек ағатай мен Бөлкей апа тұрды. Үй ішімізben сыйласып араласқан осы кісілерді есіме алса, Бөлкей апаның жымыған қалпын ғана есіме түсіре аламын.

Бірде архив актаратып отырып, каламгер Сүлеймен Баязитовтің мына бір естелігіне жолықтым:

«Менің қаламға деген талпынысымды байқаған болса керек, бөлімше менгерушісі Соқырбек Жұманбаев аға:

– Сен Амангелді Қаңтарбаевты білесін бе? – деп сұрады.

– Жоқ, – дедім мен. – Мұның қалай? – деді Соқырбек аға, – оны өзгені былай қойып, аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы Төлеутай жолдас малды ауылдарды бірге аралағанда дастархан басында аудандағы ірі ақын деп мақтап отырды. Хатшының сөзіне қарағанда, келешегінен көп үміт қутуге болатын талапты жас болса керек. Мен Амангелді туралы мұнан кейінгі жерде ауыл адамдарынан жиі естітін болдым». Біздің «Отарқа» газетінің негізін қалаған ұстазым Амангелді Қаңтарбаевты тілге тиек еткен осы бір қып-қысқа эпизодтан Соқырбек ағатайдың әдебиет әлеміне ыстық ілтипатын байқадым. Бала болғандықтан ол кісі жайлыште білмегенімді ойладым. Осы бір білместіктің орнын мектепте сабак берген ұстазым Бекен Алдабергенұлы толтырды. Көзі ашық, көкірегі ояу, жан дүниесі бай, мінезі көркем ұстазым әнгімені әріден бастады.

– Жұманбай атамыздың ата қонысы – Сарытаудың құнгей жағындағы Тезекбай қыстағы. Жұманбай атамыз Садыққызы

Бәтіш апамен шанырак құрып, дүниеге тоғыз бала әкелген. Бесеуі жастан шетінеп, бала токтамағаннан кейін туған қызына Тұрар деп есім кояды. Тұрар 1907 жылы, екінші қызы Жаңылған 1910 жылы туған. Екі қыздан кейін Бимұхамбет 1918 жылы, Күнмұхамбет 1922 жылы дүниеге келеді. Бір қызығы, бала кезінде денесі толық болып, күлгендегі көзі жұмылышы кететіндіктен, женгелері «соқыр-соқыр» деп еркелетіп, Күнмұхамбет Соқырбек атанып кеткен екен. Барлық күжаттарында Соқырбек болып жазылыпты.

Тұрар апатаі Махметұлы Қәдір атамызға ұзатылғаннан кейін кайын атасы Махмет қария «Тұрар бәрімізді қырар», – деп, есімін Бәтима деп өзгерткен. 1931 жылы елдегі ашаршылық басталғанда шұбырған халық жаяу-жалпы жан-жакка көше бастайды. Жұманбай атанын көші Қарағандыға карай бет бұрады. Теміртауға келіп, ер азаматтар канал қазып, шахтаға түседі. Жұмыс ауыр, күніне беретін 200 грамм кара нан ғана. Бұл жерде де ауыр жұмыстан азаматтардың бойына әлсіздік кіре бастайды. Бәтима атамыз күн жылына даладан жуа теріп, Қәдір атамыз қолы босағанда бит тарап (гребешок) жасап, жуа мен тарапты базарға апарып сатып, жинаған ақшаларына бір ешкі сатып алышп, сүтінен тамақ жасап жан бағады. Бұл жакта да тұрактай алмай, 1933-1934 жылдары көштің басын Омбы облысы Одесса ауданы «Белосток» колхозының Қисықтағы Қаржас ауылына бұрады... – дейді ол.

Бекен Алдабергенұлының айтуынша, Бимұхамбет Жұманбаев 1940 жылы Омбының Одесса аудандық әскери бөлімінен әскер қатарына шакырылып, соғыста хабарсыз кеткен.

– Бимұхамбет атамыздан қалған естелік – әскерде түскен бейнесі. Балтық елдері республикасының бірінде әскери міндетін атқарып жүргенде 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады да, 1942 жылы хабарсыз кетті деген кара қағаз келеді. 2014 жылы Ресей Корғаныс министрлігінің орталық архивінің (ЦАМО) сайтынан ізделп, Бимұхамбет Жұманбаев атамыз туралы екі бет күжатты таптық. 2017 жылы Павлодарда «Боздақтар» кітабы шығады дегенді естіп, баспаға Бимұхамбет атамыз туралы мәліметті бердім. Ара-да біраз уақыт өткен соң баспадан сұрап едім, алтыншы томға енгіздік деген хабар алдым, – дейді ұстазым.

... 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Омбы қаласында әскери самолеттер мен танк шығаратын заводтарды жедел іске

коса бастайды. 1942 жылы Соқырбек ағаға да әскерге шакыру туралы повестка келіп, военкоматта комиссиядан өткізеді. Қарулы жігітті броньмен Баранов атындағы авиамотор шығаратын заводда литеңщик етіп қабылдайды. Осы заводта авиаконструктор Туполов те жұмыс атқарады. 1945 жылы соғыс біткеннен кейін заводтан босап, аман-есен Одесса ауданы «Белосток» колхозына оралады. Соғыс жылдарында «Белосток» колхозының председателі, егін шаруашылығының қыр-сырын терең менгерген басшы, аталас туысы, кезінде Қошке Кеменгерұлымен Ташкентте бірге болған Төлеутай Сәрсенбаев Соқырбек ағаны қырманға завток, косымша бригадир қызметіне алады.

– 1951 жылы Әлімбайқызы Шәмшиден (Бөлкей) апамызға үйленіп, отбасын құрады. Арапарында бала болмаганнан кейін туған жездесі Махметов Кәдірдің екі қызы: 1948 жылы туған Мағира мен 1955 жылғы Орынтайды бауырына басады да, заңды түрде Жұманбаева Мағира Соқырбекқызы, Жұманбаева Орынтай Соқырбекқызы етіп туу туралы куәліктерін алады. Бәтима ана інісін қадірлегені сонша, барын аямай, өле-өлгенше «жалғызым» деп өтті. Бауырлар арасындағы бауырмалдықтың, адамгершіліктің, ағайындықтың ара жігі осы кезеңде өмір сүрген жандармен аяқталғандай көрінеді. Қошмұхамбет (Қошке) келіні Қапиза апайдан басқа, Бәтима апамыздың Мәдина, Мағира, Ерназар, Орынтай атты перзенттері Ресейде дүниеге келген. Соқырбек ағаңың ұлы Манаrbек Жұманбаев мектеп бітіргеннен кейін стройцехта жұмысшы болды. 1987 жылы Меруертке үйленіп, Қаныш, Айгерім атты бір ұл, бір қыз дүниеге келді. Өкінішке қарай, Манаrbек 49 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Бұғінде ұрпактары Қаныш Жұманбаев, Айгерім Жұманбаева Павлодар қаласында отбасымен тұрады, – дейді Бекен ұстаз.

1955 жылы Соқырбек ата отбасымен туған жерге оралады. Керекуден көшіріп әкелуге Қаби ата полуторка машинасымен Речной вокзалдан шағын жүктерімен кісілерді мінгізіп алғып, Сарытаудың етегіндегі Байқожа бұлағына тоқтайды...

Соғыстан кейінгі ауыр кезен Соқырбек ағатайлардай азаматтардың иығына түсті. Соқырбек ағаны 1956-1957 жылы «Жосалы» колхозының Жамбыл бөлімшесіне басшылыққа тағайындаиды. 1958 жылы Шоманкөл ауылына қоныс аударып, «Большевик» кол-

хозының № 1 бөлімше менгерушісі болады. 1963 жылы совхоздың алғашқы директоры Михаил Егорович Предеха, Соқырбек аға сијакты ауылдың белсенді азаматтары бірігіп, «Южный» совхозының орталығын белгілеп, қазығын қағады.

1973 жылы Соқырбек аға денсаулығына байланысты менгерушілік қызметтен босап, 1973-1979 жылдары совхоздың рабкоопын басқарады. Өзі кеткен алты жылдың ішінде кой шаруашылығының жағдайы біраз төмендегеннен кейін болуы керек, көреген басшы Рымтай Шөкеев Соқырбек ағаны бөлімшені басқаруға қайта тағайындаиды. 1980-1984 жылдары ол шаруашылықты қалпына келтіруге күш-жігерін жұмсайды.

1982 жылы алпыс жасқа толған кезде совхоз орталығындағы мәдениет үйінде салтанатты жиын өтіп, Соқырбек ағаның астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып, құрметтеп зейнетке шығарып қалады. Сонда да ат үстінен түспей, 1985 жылға дейін қызметте болды.

Алаш қайраткері Қошке Кеменгеровтің ұлы Нарманбет жоғарыда аталған Кәдір ата мен Бәтипа аpanың тұнғыш қызы Қапизаға үйленіп, Соқырбек ағаға күйеу бала болады. Омбы мен Баянауыл арасының алыстығына қарамастан Нарманбет аға қайын жұрттына жиі келіп тұрады еken. Нарманбет Қошкеұлының 1988 жылы Соқырбек атаға жазған мына бір арнауы сол бір әдемі сыйласықтың жәдігеріндей:

Алпыстың киліккесін құрығына,
Ауру да қоймайды еken ырқына.
Қол салса денсаулыққа әрбір жерден,
Бөлек шыға бересің сен жырыла.
Қымбат кой әр минуты тіршіліктің,
Саулыққа құны тұрмас бар мұліктің.
Әмірден ала түсіп несібені,
Жасайық бірі болып біздер жұрттың.
Әуелден болмай ауызбірліктері,
Дулаған сөзге еріп әйел-ері.
84 жыл атанып Қаржас ауыл,
Бұл күнде жұртта қалды бейіттері.
Тілек бір, болса-дағы ара қашық,
Жүрейік аман-есен дидарласып.

Арылып бар науқастан келешекте,
Сағынып көрісейік құшақтасып».

... Осы бір естелік бала күнімде «Горный» көшесінің сәні болған қадірлі шаңырақ иелеріне қойған рухани ескерткішім болсын дедім...

Политрук Төлеутай Сәрсенбаев

Ауылымыздың алғашқы фотографы Бақытжан Сәрсенбаевтың өмір жолы мені қаламгер ретінде бұрыннан қызықтыратын. Ол қызығушылық себебін өзімнің ғылыми еңбектерімнің бірінде жазылған мына бір шағын дерекпен түсіндіруге болады: «Бір айта кетерлік жайт, баянауылдық шежіреші Нығмет Жәмінов пен Жолдыбай Жәмінов «Құтты аймак» кітабында Құркелі тұмасы, Атанның бір баласы Балпаңгердің үрпағы Төлеутай Сәрсенбайұлының жастық кезеңдерін Омбыда, Қошкенің жаңында өткізгенін, онымен пікірлес, максаттас болғанын тілге тиек етеді. Біз филология ғылымдарының докторы Ербол Әбдірәсіловтың «Қазақ терминографиясының тарихындағы «Алаш» кезеңі» атты мақаласынан Төлеутай Сәрсенбайұлының есімін ұшыраттық. Онда былай деп жазылған: «Терминографиялық еңбектерді жарыққа шығарудағы «алаштықтардың» қолтаңбасын айшыктай түсетін еңбектің біріне Қ.Кеменгерұлының басқаруымен шықкан «Қазақша-орысша тілмашты» жатқызуға болады. 1925 жылы Мәскеу қаласынан жарық көрген бұл сөздік Тіл комитетінің тапсырысы бойынша 2005 жылы баспадан қайта жарық көріп, терминография тарихын жүйелеудегі ізденісті женілдетіп, тәжірибелік терминография тарихының қорын тағы бір еңбекпен, қажетті дерекпен байыта тұсті. Бұл сөздіктің құрастыруышылары Қошке Кеменгерұлы, Мұстафа Боралқайұлы, Абдолла Байтасұлы, Есім Байғасқаұлы, Шәкір Баймақанұлы, Фаббас Дәулетбекұлы, Сұлтан Темірбекұлы, Төлеутай Сәрсенбайұлы болған». Жалпы, Төлеутай Сәрсенбайұлына қатысты деректер терең ізденісті қажет етеді»...

Төлеутай ата жайлы қызықты бір дерек: ол Ұлы Отан соғысы кезеңінде Тюмень жаяу әскер училищесінде саяси жетекші болып

қызмет етіпті. Оны Бақытжан ағаның отбасылық архивіндегі мына күжат растайды:

«Пропуск.

Для входа в 10 в. городок Тюменского пехотного училища.

Фамилия: Сарсенбаев Т.А.

Должность – политрук УВСР.

Действителен по 1 января 1942 года. Начальник стр. отдела техн-интенд 1 ранга Окунев.

18 января 1941 года».

Мұндағы УВСР – «участок военно-строительных работ» деп топшыладық, ал күжатқа қол қойған Окунев құрылыш бөлімінің басшысы екен. Оның шені – интендант шаруашылық қамтамасыз ету және әскери шаруашылық ісін жүргізетін әскери қызметші дегенді білдіреді. Демек, Төлеутай ата – әскери курстанттар тәрбиесімен айналысқан болуы мүмкін, мұны анықтау алдағы уақыт еншісінде...

– Әкемді Сталинград маңына соғыс кезіндегі зардал шеккен елді мекендерді қалпына келтіруге жіберген екен. Комиссар болыпты деген де бір дерек бар», – дейді Бақытжан аға.

Төлеутай атанаң ұрпақтары ұсынған өмірбаяндық деректері:

Төлеутай Әбілдаұлы Сәрсенбаев 1900 жылдың 10 казанында Баянауыл ауданының № 4 ауылында дүниеге келген. Әкесі Әбілда мен анасы Кішібала байларға жалданып жұмыс істеп, нәпақа тапкан.

1907 жылы ата-анасымен Омбы қаласына көшіп, Қаржас ауылында жалдамалы жұмысқа араласады. 1912 жылды Омбы теміржолы бойында кара жұмысқа тұрып, ата-анасына жәрдемдескен. 1913 жылдан Қаржас ауылдық мектебінде білім алып, осы мектепті бітірген.

1924 жылды Ташкент қаласындағы Рабфакка (Орта Азия мемлекеттік университеті) түсіп, 1928 жылды тәмамдайды. Үздік студент ретінде сол жылдары Ташкент қалалық газетіне суреті басылған. Осы аталған университетте оқып жүріп қазақ халқының біртуар тұлғасы Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгерұлының басқаруымен алғашқы «Орысша – казақша сөздікті» құрастыруға қатысқан.

Омбы қаласындағы қазактың «Бірлік» атты жастар үйіміна қатысып, осында тарихи тұлғалармен танысып, серіктес болған.

Рабфакты (Орта Азия мемлекеттік университеті) бітірген соң елге оралып, ересек адамдар мектебінде ұстаз болады.

1929 жылдан бастап партия мүшесі болды.

1929-1931 жылдары Сібір ауыл шаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша бітірді. Кейін сол жылдары Совпарт мектебінде мұғалім болып қызмет істеді.

1932 жылдан «Қызыл казак» колхозына председатель болып тағайындалады. Осынау бір аштық жайлаған жылдары өзінің шаңырағындағы жалғыз сиырын сойып, елге тараткан.

1940 жылы басқарып отырған колхозы бірнеше жыл үздік нәтиже көрсеткен соң, бір топ шаруалармен Москвада өткен Бүкілодақтық көрмеге қатысады.

Ұлы Отан соғысын колхоз председателі қызметінде қарсы алады. 1941 жылдың 18 қарашасынан Тюмень жаяу әскер училищесінде политрук, 1942-1943 жылдары арнайы құрылыш батальонында взвод командирі болады.

1944 жылы елге оралып, колхоз председателі, тағы да басқа қызметтерді атқарған.

1954 жылы Көкшетау облысы Қызылту ауданына тың игеруге барып, ауыл басқармасы болып қызмет атқарып, осы жерден зейнеткерлік демалысқа шықты. Бірнеше рет ауылдық, аудандық, поселкелік кеңестерге депутат болып сайланды.

1961 жылы, зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін, әулетін Баянауылға бастап әкелді.

Жұбайы Ұлиха Нұрмаганбетқызы 1916 жылы 16 қыркүйекте Баянауылдың Сарытау бектеріндегі Байғожа мекенінде дүниеге келген. 14 құрсақ көтерген батыр ана. Тыл ардагері.

Төлеутай ата 1971 жылы 9 сәуірде (Баянауыл топырағында), Ұлиха апа 1997 жылы 30 қыркүйекте 91 жасында дүние салды.

АҚБЕТТАУ ҚЫРАНДАРЫ

Құнды «тілді» қолға түсірген
Мағаз Бірімжанов

Баянауылдық ардагер Мағаз Бірімжановтың өмірбаяны соғыс тақырыбына кәтысты деректерде, басылым беттерінде үйреншікті әдетпен «пәленінші майданда болып, түгенше медаль алған» деп тізбектеліп жазылып жүр. Әр жердегі жауапты органдарда соғыс ардагерлері туралы мәліметтер жинақталғаны белгілі. Ал Мағаз ақсақал тұратын Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округі әкімдігіндегі деректерде ардагердің наградалар тізбесіне «Ерлігі үшін» медалі де жазылыпты. Бір рет. Бірақ «Отарқа» газетінің редакциясы тапқан деректер Мағаз Бірімжановтың осы медальмен екі рет: 1944 жылғы 9 қарашада және 1945 жылғы 10 қазанда (ақсақалдың туған күнінде!) марапатталғанын айғақтайды.

Жауынгерге аталмыш медаль бірінші рет 1944 жылғы 9 қарашада Суворов орденді Қызыл Тулы 49-шы Гвардиялық Херсон Атқыштар дивизиясының 144-ші Гвардиялық атқыштар полкі бойынша (2-ші Украина майданы) шығарылған бұйрықпен беріледі. Архив құжаттарында бұл медальдің 1944 жылғы 29 қазанда Венгрияның Кечкемет қаласына кіре берісте алдыңғы шепте болған Мағаздың нық кимылданап, өз қаруымен жаудың үш солдатын атып түсіргені үшін берілгені жазылыпты.

Ал екінші рет марапаттау бұйрығы Кутузов орденді 31-ші танкіге карсы жеке атқыш днестрлік бригаданың 1853-ші танкіге карсы атқыш артиллерия полкіне қатысты шығарылған.

Мағаз Бірімжановтың медальға екінші рет ұсынылу себебі тіпті қызықтырады. Ол кезде 1-ші батареяда «кару нөмірі» шенінде болған қызыләскер Венгрияның Дьюла қаласы түбіндегі қиян-кескі ұрыс кезінде барлаушы топқа өз еркімен ілесіп, барлауға шығады. Осы сапарда барлаушы топ жаудың 30 жаяу әскерін қолға түсірді. Оның екеуі офицер еді. Екі офицер тергеу кезінде жау

әскерінің саны және орналасқан жері туралы аса құнды мәлімет берген.

...Жауынгердің жеке әскери есеп карточкасында мынадай жазулар бар екен: «1924 жылы 10 қазанда туған. Қызыл Армия қатарына 1942 жылғы 13 акпанды алғынып, майданға 1943 жылғы 10 ма-мырда кірді. Неміс басқыншыларымен қүресте 5 рет жараланған, оның үшеуі – ауыр жарақаттар».

Осылайша, ерлік көрсетіп, елге абыроймен оралған жауынгер Коңырттай апамен түтін туттетті. Баянауылдағы Белағаш ауылының Бәйтеке қыстағын мекен еткен ақсақалдың бала-шагасы, немерелері Екібастұз қаласында тұрады. Майданда жүріп өткен жолынан II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Германияны женғені үшін», басқа да медальдары кеудесінен сынғырлап сыр шертетін ақсақалдың бейбіт өмірде де еселі еңбекпен аты шықты. 56 жыл бойы шопан таяғын қолынан тастамаған ол кеңестік дәүірде «Жайма» кеңшарының Қаратомар ауылында еділбай тұқымды қой өсіріп, оны қыста қоздату әдісін тәжірибеге енгізген. Бұл еңбегі де лайықты бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденін, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін тақты. Алты ұл, бір қызы бала тәрбиелеп өсірген Мағаз Бірімжановтың ерлігі – ертеңгі ұрпаққа мұра.

Марапаттары:

«Отан соғысы» ордені (06.04.1985);

«Ерлігі үшін» медалі (09.11.1944);

«Ерлігі үшін» медалі (10.10.1945);

«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны женғені үшін» медалі.

Мағаз Бірімжановтың баласы Баянбек Мағазұлының естелігі

Баянауыл ауданының Құрметті азаматы болған әкеміз Мағаз Бірімжанұлы 1924 жылдың 10 қазанында Қызылтау ауылында дүниеге келген. Әuletіміздің аскар тауы болған әкеміз – екі ғасырдың күәсі. Жастайынан әкеден ерте қалып, жетімдік қыншылышының бастан кешіп, тағдыр тезінен ширап, ерте есейді. Үйдің

ұлкені болғандықтан анасына көмегін беріп, інісі мен карындасына камкор бола білген. Есейе келе шөпшілер бригадасында шөп шауып, қыс айларында малышыларға көмектесті.

1942 жылы әкей әскер катарына шақырылып, сол жылдың кашраша айынан 1945 жылдың аяғына дейін 2-ші Украина майданында катардағы жауынгер ретінде соғысты. Сұм соғыстан оралған соң анамыз Қоңыртаймен отбасын құрып, алты ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Еңбек жолы Жаңатілек ауылының ауылдық кенесі төрағасына көмекшіліктен басталып, кейін осы ауылдың «1 май» бөлімшесінде әр салада қызмет аткарды.

1965 жылдан өмірінің соңына дейін 56 жыл Қаратомар ауылы Бәйтеке қыстағында аға шопан болып еңбек етті. Мал шаруашылығында тер төгіп, оның ішінде еділбай тұқымды қой өсірді. Баянауыл ауданында еділбай қойын қыста қоздату тәжірибесін ғалғашкы болып енгізген шопан. Еңбектері жоғары атаққа лайық болғанымен, басшылар тарапынан әділ бағаланбады. «Еңбек Қызыл Ту» орденін табыстағанда әкемнің айтқан сөзі есімде: «Сен осы орденді енбегінің өте жоғары деп беріп тұрсың, ал мен «одан да жоғары атақ бер» десем, мінезім үшін бермес едің, осыған да рахмет, қарағым!». Әкемнің мінезі өте шапшан, бірбеткей адам еді. Алайда мінезі қатты болса да, қайтымы жылдам, кек сактауды білмейтін жан болды. Ең басты қасиеті – еңбеккорлығы мен қанағатшылдығы. Ылғи да: «Қарақтарым, бірінші ұрлық жасама, кісі ақысын жеме, орынсыз біреудің көніліне тиме, жамандыққа барма. Ұрлап бай болғаннан адал еңбекпен кедей болғандарың артық» дейтін.

Әкем 2021 жылдың акпан айында дүниеден өтті. 2024 жылы әкеміздің туғанына 100 жыл толды. Осыған орай 2024 жылғы 10 қазанда әкеміз тұрған Бәйтеке қыстағына белгітас қойдық. Онда «Мағаз қыстағы. Мағаз Бірімжанұлы – Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері. Жұбайы – тыл ардагері, аяулы ана Қоңыртай Төлеуқызымен 70 жыл отасып, соңғы 55 жылда осы қыстақта қонысталап, ауыл шаруашылығы саласында бірге адал еңбек етті».

Танк колоннасына үлес қосқан Молша Шағалин

Пдумиежүзілік соғыс тарихын парактасақ, сол жылдары республикамызда танкілер мен ұшактар жасау үшін акша жинау қозғалысы жүргізілгені белгілі. 1941 жылы күзде БЛЖО (Бүкілодактық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) атындағы танк колоннасын құруға кәржы жинау басталды. Нәтижесінде 1942 жылы армия казакстандық комсомолдардан 45 жана танк алды. 1942-1943 жылдары халықтан жиналған кәржыға 10 танк колоннасы, бірнеше авиация эскадрильясы, торпедалық катерлер мен жеке ұшактар жасалды. Жалпы, соғыс жылдары Қазақстан халқы әскери техника жасауға 480,3 млн. сом кәржы косты.

Қазактың белгілі балуаны, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов танк жасау қорына жеке қараждатынан 100 мың сом өткізген. Майданға көмек берген мұндай ерлер Қазақстанның қай түкпірінен болса да табылып жатты. Мәселен, Баянауыл ауданындағы «З-бесжылдық» колхозының 75 жастағы карт мүшесі Молша Шағалин танк жасау қорына 50 мың сом өткізіпте.

Молша Шағалинның өмір жолын Қалмұқан Исабаев өзінің «Лена қырғынында болған баянауылдықтар» атты еңбегінде толық сипаттайты («Сарыарқа самалы», 2000 жылғы 26 акпан).

Жазушының әңгімелегендегі 1915 жылы Баянауылдың жігіттері ағылшындар Екібастұзды ашатын болыпты дегенді естіп, осында келеді. 1918 жылдың көктемінде Екібастұзда үлкен митинг өтеді. Царев пен Егеубаев сөз сөйлеп, Кенес өкіметін жарияладап, ағылшындарды кен басынан қуып шығады. Молша баласы Ыбырай екеуі бірі шахтер, екіншісі оттықшы болып істейді. Ол кезде Екібастұзды аштық жайланаған. Қөшпілік «Ленин бізді бұл қалпыныңда калдырымайды, жағдайды түзейді» деп сенді. Айткандай-ақ, 1919 жылдың кысында Еңбек пен Қорғаныс Кенесінің арнаулы қаулысымен Екібастұзға көп көмек көрсетіледі. Азық-түлік жеткізіледі.

1918 жылғы акпанының бас кезінде Молша баласы Ыбырайды жұмысқа аттандырып тұрып:

– Тыным дегенді білме, қарағым, – деді, – бүгінгі табысымыз түгелдей Қызыл Армияға көмекке барады.

Екібастұздықтардың сол күнгі еңбегіне тиген 35 мың сомға астық сатып алынды да, Москваға жөнелтілді (Омбының «Советская степь» газеті, 1920 жылғы 7 ақпан).

«Ыбырайдың әлі есінде, 1920 жылдың боран үріп, аяз қарыған қысының бір күні әкесі таң атпай тұрып, киіне бастады:

– Кереку көмірсіз қалыпты. Жетім балалар тоңып жатыр деседі...

Сол кездің баспа органдары бізге мынадай мағлұмат қалдырған: «Екібастұз коммунистері Павлодардың жетім балалар үйінде дірмен және шеберханаларда отынның жоктығын естіп, 22 декабря күні болған мәжілісінде кірместен шахтага түсіп, Павлодарға көмір беруге қаулы алған. Тұнгі сағат онда партбюроға жүз шакты жұмысшы жиналып, шахтада түскен. Ал таңғы сағат алтында олар темір жолға бұрыннан қазылып қойылған 3000 пұт және өткен күні қазылған 4500 пұт көмір артқан еді...» деп жазады Қалмұқан Исабай ағамыз.

1929 жылы Молша ауылының өзіндей кедей-кепшігімен бас косып серіктік құрысты да, ортаға бір түйе, екі өгіз және бір сиыр косты.

1936 жылы Қызылшілік қонысында үшінші бесжылдық атындағы колхозды ұйымдастырғанда Молша алғашқы мүшелердің бірі болып кіріп, ортаға төрт кара берді. 1939 жылы екі биесінен ақбақай құлышын туды. Сол жылы екі арғымақ өсіріп жатқанын айтып, К.Е.Ворошиловқа хат жазып, «большевик Молша» деп қол қойды.

Келесі жылы Молша Бұқілодактық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып, Москваға екі атын да ала барды. Екеуіне де «Баян» деген ат берілген еді. Аттарының көрмеде жоғары баға алғаны сонша, КСРО Байланыс халық Комиссариаты сол жылы Молшаның аттары бейнеленген почта ашықхатын (открытка) шығарды. Бұл туралы Қалмұқан аға «Ыбырайдың қолында Молшаның аттарын әскери көлік қатарына алу жөнінде 1941 жылдың 6 қыркүйегінде берілген квитанция сақтаулы. Онда Молша қарттың әр атты бір шелек, бір тарап, бір щетка, бір жүген, бір коржынмен жабдықтағаны айтылған» деп жазады.

Ал 1942 жылы бүкіл қеңес халқы танк колоннасын жасауға жұмылғанда Молша балаларын жинап алды: «Біздің де үлес қосуымыз керек», – деді. Сөйтіп ол 50 мың сом қаражат қосып, И.В. Сталинге белай деп хат жазды: «Мен танк колоннасын жасауға белсene катысады өзімнің азаматтық борышым деп санаймын. Танк колоннасын жасауға берген қаржымның әр сомасы қаныпезер фашистердің басына оқ боп жаусын. Сәлеммен, большевик Молша».

Көп кешікпей Жоғарғы қолбасшыдан жауап алды:

«Қызыл Армияның бронетанк күшіне көмегініз үшін сізге, Шағалин жолдас, алғыс айтам. Өзімнен сәлем, Қызыл Армиядан алғыс қабылдаңыз. Сталин». «Правда» газетінің 1943 жылғы 13 акпандық санында «Баянауыл аудандық партия хатшысы Ш. Бердіғұловтың «Москва. Кремль. Товарищу Сталину» деген хаты және оған Стalinнің жолдаған жауабы жарияланған: «Баян-Аул, Павлодарской области. Секретарю райкома партии тов. Бердыгулову. Передайте колхозникам и колхозницам Баян-Аульского района, собравшим 1.250.000 рублей на строительство танковой колонны «Колхозник Казахстана», – мой братский привет и благодарность Красной Армии».

Ал Баянауыл аудандық «Ленин туы» газетінде 1944 жылдың 9 мамыр күнгі санында Молша қарттың соңғы он жыл ішінде колхоз құрылышын нығайта түсуге өз тарапынан 70 саулық, 4 бұзаулы сиыр, 6 өгіз, 2 түйе, 34 жылқы бергені жазылған.

Біз атап отырған Молша Шағалин – бүгінгі танда Торайғыр ауылдық округінің әкімі қызметінде отырған Мұхтар Молшиннің атасы, ал Молшаның экесі Шағаланың Алаштың ардакты ақыны Сұлтанмахмұттың:

«Шықай мен Шағала,

Койың кетті бағана.

Тепен-тепен етесің,

Койыңа қашан жетесің?» деп келетін алғашқы өлеңінің кейіпкері екенінен көпшілік хабардар. Сол кезде Сұлтанмахмұт Торайғыров 6 жаста болған екен.

Атап өтерлік жайт, соғыс техникасына қалтасынан қаражат берген Молшаның үш ұлы бірдей қан майданға аттанған.

Бәкен Молшаұлы

1900 жылды Баянауыл ауданының Қызылшілік ауылында туған (казіргі Торайғыр ауылдық округі қарасты).

Бәкен Молшаұлы 1941 жылды соғысқа аттанып, генерал Власовтың армиясында болып, кейін төрт жылдын неміс концлагерінде өткізеді. 1945-1954 жылдар аралығында Хабаровск өлкесінде Сталин лагерінің зобалаңын кешіп, кейін акталды.

Ақталып келгеннен кейін ұзак жылдар әр түрлі жұмыстар аткарды. Жұбайы Тәң екеуі бір ұл тәрбиелеп өсірді: Әбдікапар Бәкенұлы Молшин еңбек жолын шоферлікten бастап, 1993 жылды зейнетке шыкканша С. Торайғыров ауылында ауылдық кенес тәрағасы болып қызмет етті.

Бәкен Молшаұлы 1975 жылды өмірден өткен.

Омар Молшаұлы

1904 жылды Қызылшілік ауылында туған Омар Молшаұлы Волгоград майданында соғысан. Әр жылдары түрлі салаларда: НКВД жедел аға уәкілі, Майкайың түрмис үйінің директоры, «Жамбыл» колхозының председателі болып еңбек етті. Партия бастауыш үйымының хатшысы болды.

Үш мәрте ауылдық округ депутаты болып сайланды.

Жұбайы Жамал екеуі бес бала тәрбиелеп өсірген.

1983 жылды дүниeden өтті, Қызылшілік ауылында жерленген.

Марапаттары:

«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі;

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің мерейтойлық медальдары;

Адал еңбегі үшін – КСРО Жоғарғы Кеңесінің мерейтойлық медальдары.



«СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР...»



Балтабай Тұсіпбаев



Ақмұқан Сыздықбеков



Қабыкеш Сәдіғазин



Ғалымжан Мақашев



Әбди Тенқіманов



Ашу Бәбиев



Салық Сапабеков




Қабылтай Жанәділов



Ғалымжан Қыпшақбаев




Мұхтар Сламбеков



Қаби Кәлиұлы



Рахметолла Үрпеков




Кәрім Нұрбалаұлы немересімен



Бәйкен Эбілқасов



Айткен Бұқабаев




Нұрмағамбет (Шөқалай) Шуақбаев



Солтан Рұстембеков



Темірхан Үрпекбаев




Сейфолла Күмісбеков




Жантұрсын Қокымбаев



Нәжмиден Сейітов



Тұрсынбек Жалбыров



Ақзам Айғазинов

АУЫЛ МОЛДАЛАРЫ




Қабиден Әлменбаев




Садық Сапабеков



Тайшық Қадыров жұбайы Биғайша Есімбайқызымен



Текен Әмірин



Үйдірыс Сарбасұлы

ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН БОЗДАҚТАР




Әділхан Қоятінов



Бимұхамбет Жұманбаев


ТҮТҚЫНДА ТОЗАҚ КӨРГЕНДЕР



Камкен Жәнбеков



Серікбай Төленбеков



Масғұт Элинов



Сансызбай Сыздыков



АУЫЛДА ТУЫП, АЛЫСҚА САМҒАҒАН



Сәмен Шалабаев



Шайхслам Есмағанбетов



Зайныш Нұрмұғанбетов



Мұқаш Ыскакбекұлы

**«БӘРІ ДЕ МАЙДАН УШИН!
БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС УШИН!»**



Соқырбек Жұманбаев



Төлеутай Сәрсенбаев

АҚБЕТТАУ ҚЫРАНДАРЫ




Мағаз Бірімжанов жұбайы Қоңырттай Төлеуқызымен



Молша Шағалин



Бәкен Молшаұлы



Омар Молшаұлы




Жаңабай Молшаұлы




Мұхамеджар Әбдіразақов



Қайырбек Бәженеев



Шәймерден Шүкібаев жұбайы Жазирамен



Мәжит Айдарханов



Ақшиман Кенсарин



Қабиден Көпеев



Maǵaz Bırımjanoftı Bayanauly
ауданының бұрынғы әкімі Қанат
Керімов құттықтауда

ЖӘДІГЕР



Ауылдасты Несау (Несібелді) Әбдікәрімқызының санаторийде батыр
Бауыржан Момышұлымен кездесуі



БЕЙБІТ ЗАМАН ШАҚИДТЕРІ




Сагат Молдабаев



Тұрсынбек Сәдіғазин




Ербол Сембаев



Саят Шекеев



Мейрам Даулетов (сол жакта) әскердегі жолдасы
Сүйінбек (Суат) Қадыровпен



1990 жылдан естелік-жәдігер



Ауылдастырылған Тасболат Қоятінов
Омбы облысы Одесса ауданындағы
мемориалдық тақта басында



ФОТОГАЛЕРЕЯ



«Южный» совхозының директоры Ерахмет Айтпышев пен партком Ерсін Сәрсенбаев Жеңістің 45 жылдығына орай соғыс ардагерлері Нәжмиден Сейітов пен Қамкен Жәнбековке құрмет көрсетуде




Ұшқыш Балтабай Тұсіпбаев –
ұшақта



Қабиден Элменбаев



Ауыл мұғалімі – Күләш Төкенова «41 жылдың келіншектері»
атты сынып сағатын жүргізуде. Қатысуышылар:
Күлжәмила (Күлжан) Дәнібайқызы мен Бақтыгүл Жұмабеккызы



Ақшиман Кенсарин



Мұхтар Сламбеков



Жұмат Шанин ауылындағы соғыс боздақтарына арналған ескерткіш



«Озжный» совхозының ардагерлері – мектеп окушылары мен үстаздар арасында. 1990 жыл



Ұлы Женіске – 45 жыл. «Южный» совхозының тұрғындары – соғыс ардагерлері арасында. 1990 жыл



«Южный» совхозының мәдениет үйінде Женістің 45 жылдығына орай өткен салтанатқа катысқан ардагерлер.

1990 жыл



Фотограф
Бақытжан Сәрсенбаев

Кітаптың кітапханалар мен білім орталарына тарапалуына демеушілік жасаған меценат Ерлан Каналимов



Ауылдастымыз Бақытжан Сәрсенбаев отбасымен бірге Ижевскідегі бауырластар зиратындағы мемориалдық текта басында

Жаңабай Молшаұлы

1911 жылды Баянауыл ауданы қазіргі Торайғыр ауылдық округінің Қызылшілік ауылында туған. Жанұясындағы төрт үлдің кенжесі болған, олар: Ыбрай, Бәкен, Омар және өзі.

Еңбек жолын 1931 жылды Көкшетау облысының Қызылсаян жетіжылдық мектебінде оку бөлімінің менгерушісі және физика-математика пәндерінің мұғалімі болып бастап, сол жерде 1940 жылдың акпан айына дейін, яғни, әскер қатарына шақырылғанша еңбек етті.

Соғыс жылдары Кавказды қорғауға, Румыния елін азат етуге қатысқан. Артиллерия әскері сапында болған.

«Кавказды қорғаганы үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

1946 жылдың қантар айында елге оралып, ұстаздық жолын жалғастырды: Жаңаұйым, Большевик, Ворошилов, Александровка жетіжылдық мектептерінің директоры болып еңбек етті.

1971 жылды Қызыл Ту орденімен марапатталып, 1965 жылды Казак КСР оку министрлігі тараپынан «Қазак КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болды.

Жұбайы Рабиғамен елу жылдан аса тату-тәтті ғұмыр кешіп, Болат, Клара, Марат, Зәуреш, Алма, Баян атты перзенттер тәрбие-леп өсірді, бүгінде олардан он алты немересі бар.

1982 жылды көз жұмды.

Майдан хаттары

Cәлеметсіз бе, ардақты әке!

Отанымыздың қарулы күштерін нығайтуға 50 000 рубль-мен үлес қосқаныңды білгенімде, катты қуандым. Сенің үлесің – тылымыздың беріктігінің, әкелеріміз бен аналарымыздың, апала-рымыздың Қызыл Армияны қуаттандыруға қамқорлық танытып жүргендігінің тамаша айғағы. Бәріміздің көкейімізде бір ғана арман бар – жауды тезірек жеңіп, бақытты, берекелі ғұмыр кешу.

Әке! Мен өз жерімнен соңғы фашисті қуып шыкканша үйге оралмаймын.

Ұлың Жаңабай Молшин.

Жаңабай Молшин соғысқан Н. бөлімшесінің командирінен келген хат:

«От имени бойцов и командиров, где служит Ваш сын, шлем Вам, дорогой товарищ Шагалин, боевой красноармейский привет!

Радостно сознавать, что в глубоком тылу наши отцы и братья проявляют такую заботу об укреплении вооруженных сил Красной Армии.

От души благодарим Вас за Ваш подарок. Вы – в тылу, мы – на фронте будем защищать нашу славную родину.

Смерть проклятым немецким захватчикам!».

1943 жылғы 8 тамыздағы
«Большевистский путь» газетінен

Әнші Майрамен сапарлас болған Мұхамеджар Әбдіразақов

Мұхамеджар Әбдіразақұлы – Мәшһүр Жұсіп бабамыздың жақын досы болған Әбдіразак Дүржанұлының баласы. Әбдіразак Дүржанұлының бейнесі көпшілікке Мәшһүр бабамыздан калған жалғыз фотосурет арқылы жақсы таныс.

Мәшһүр Жұсіп бабамыз суретке түсуді қаламай, үнемі қарсы болып отырған. Ол туралы әулиенің ұрпағы – ғалым Қуандық Пазылұлы (марқұм) кезінде бір сұхбатында былай деген:

– Құрдасы Әбдіразак ретін тауып, өмірінде бір рет оны осындаид қадамға баруға көндірген. Біздің қолымызыдағы фотода Мәшекен жалғыз емес. Онда замандасы Әбдіразак, оның баласы Аллаҗар және атамыздың өзі отыр. Ақсақалдың қазіргі елге мәлім жеке фотосы осы жәдігерден бөлініп алынып жасалған. Сурет Кереку қаласында 1923 жылы түсірілген. Ол уақыт Мәшекенің 65 деген жасқа келген кезі. Суреттің авторы – бүкіл Ертіс өніріне белгілі фотограф Багаев.

Шөбересі – Екібастұз қаласында тұратын Төлеутай Әbdіра-
заковтың айтуынша, Әbdіразақ атасың бес ұлы болған: Әbdірах-
ман (жұбайы – Ажар), Әbdікәрім (Загипа), Мұхамеджар (Загира),
Аллажар (Құлғалима), Жанайдар (Жәмила). Аллажар мен Жанайдардан ұрпақ қалмаған.

Мұхамеджардан бес ұл, үш қызы тарайды: Алтынбек (Болат),
Жанат, Шакира, Шарипа, Қанат, Бақыт, Қанағат, Жанайдар. Жанаты
Аллажар Әbdіразақұлы бауырына салған.

Үрпактарының айтуынша, Мұхамеджар ата соғыста болғанында кезекті бір ұрыстан кейін аяқ киімі киуге жарамай қалып,
немістен қалған етікті киіпті. Қараса, сол жағын оқ тескен етік
екен. «Қап!» – деп, осы жайтты көңіліне алғанымен, басқа амалы
қалмаса керек. Кейін көңіліндегі күдігі шынға айналып, оқ тиген
сол жақ аяғын тізеден жоғары кесуге тұра келген.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Подольск кала-
сындағы әскери архиві сайтындағы мәліметтерге жүгінsek, 1898
жылы туған Мұхамеджар Әbdіразақов әскерге Баянауыл ауданынан
1942 жылғы 1 сәуірде аттанып, майданға 13 маусымда кіреді және
237-ші атқыштар дивизиясының 338-ші атқыштар полкі құрамын-
да Калинин майданында соғысқан.

Жауынгер майдан даласынан 1943 жылғы 27 сәуірде денсау-
лығының жарамсыздығынан шығады. Мәліметтер базасында оның
ары қарай №3876 эвакуациялық госпитальда емделгені туралы де-
рек бар. Тіпті сырқаты туралы құжаттардың Подольск архивінің
ЭГ 3876-200504 жәшілгінде сақталғаны айтылған. Біздің анықтауы-
мызша, аталмыш госпиталь ол тұста Челябі облысы Магнитогорск
қаласында орналасыпты.

II дәрежелі «Отан соғысы» ордені майдангерге 1947 жылдың
6 қарашасында, III дәрежелі «Данқ» ордені 1968 жылғы 15 акпанда
беріліпті. «Данқ» орденіне қатысты деректер біз атаған архивтің
1-шкаф, 3-жәшілгіндегі марапаттар картотекасында сақтаулы.

Архивте, сондай-ақ, майдангер есімі №14051 марштық рота
тізімінде де кездеседі. Осы ротаның М.Әbdіразаковтың аты-жөні
жазылған бір тізімінде деректер астына №44 запастағы атқыштар
полкінің комиссары Титков қол қойған. Деректерді «отбасы» деген
жолдағы «Әbdіразакова Загира, 2 баласы бар, Баянауыл ауданы-
ның №10 ауылсоветі» деген мәліметтер толықтырған.

Өкінішке карай, майдангердің наградалық құжаттары ұрпактарында сақталмаған, кезінде мектептердегі мүйістерге тапсырылғаннан кейінгі тағдыры белгісіз.

Мұхамеджар атадан тараған ұрпактардың біразы бүгінде Екібастұз қаласында тұрады. Тұңғыш баласы – Болаттан туған Төлеутай «Богатырь Көмір» ЖШС-де, Анар «Проммашкомплект» ЖШС-де енбек етсе, Шакар «Қайнар» ББК-де. Болат ағаның кенжесі Амангелді (Аман) ата-бабаларының мекені – Мәшһүр Жүсіп ауылында тұрады, жылқышы. Ауылдастары Аманның туған жерінің ой-қырының білгірі, танылмаған өлкетанушы екендігін, сырттан келетін ғалымдар оған жиі жүгінетінін айтады.

Мәшһүр Жүсіппен жолдас болған Әbdіразақ атаның баласы – майдангер Мұхамеджар жайлы біз түгендереген деректер әзірге осындай...

«Отарка» газетінің 2001 жылғы 28 қарашадағы №48/3461 санында Әсет Пазыловтың жолдауымен әулие Мәшһүр Жүсіптің немересі Сүйіндік Көпеевтің «Майраның Қояндыға сапары» хикаясы жарияланған. Онда Мұхамеджар Әbdіразақұлының әнші Майраны Қояндыға ат шанамен апарғаны баяндалған. Газеттегі әңгімеде автор оқиға кейіпкері Мұхамеджар Әbdіразақұлының «Қызыл Жұлдыз» орденді карт» деп атайды. Осы тұсқа архив деректері негізінде біз түзету енгіздік: майдангер Мұхамеджар Әbdіразақұлы «Данқ» орденінің иегері болған.

Мәскеуде оқыған минометші Шәймерден Шүкібаев

Кадірлі ұстазым Баян Шәймерденқызының (Наурызбаева) әкесі – қызыләскер Шәймерден Шүкібаев туралы деректерді редакциямызға баласы Төлеген Смағұлов пен немересі Серік әкеп тапсырған-ды.

1920 жылды Новосібір жерінде дүниеге келген Шәймерден Смағұлұлы әскерге Баянауылдан аттаныпты.

Архив құжаттарын сөйлестсек, Шәймерден Шүкібаев Суворов және Ленин орденді Қызыл Тулы 130-шы Таганрог атқыштар ди-

визиясы 371-ші Брест атқыштар полкінің 1-ші атқыштар батальонында взвод командирінің көмекшісі болған.

120 миллиметрлік миномет батареясының бағыттаушысы – кіші сержант Шәймерден Шүкібаев 1944 жылғы 21 наурызда Городово станциясы үшін, 26 наурызда Николаев облысы Николаев ауданына қарасты Водопой селосы үшін болған ұрыста минометтен жауға қарсы соккы беріп, қарсы жактың миномет нүктесін жоюмен бірге төрт немісті жер жастандырады. Басшылық шешімімен осы ұрыстан кейін Шәймерден «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Қан майданда ержүректігімен ерекшеленіп, «Жауынгерлік еңбегі үшін», кейін I дәрежелі «Отан соғысы» орденін омырауына қадаған қаһарман солдаттың наградаларының ішінде «Қызыл Жұлдыз» ордені бір төбе.

1945 жылдың 13 қантарында Шығыс Пруссиядағы Грюнхоф елді мекені үшін болған қиян-кескі ұрыс 15-інде Тракенен жерінде жалғасты. Бұл жолы Шәймерденнің взводы жаудың 20 солдаты мен офицерін өлтіріп, 2 немісті қолға түсірді. Қатардан шығып қалған взвод командирінің орнын басу қажет болғанда жаужүрек ер қаймықпай, взводка өзі ие болды. Жау қайта шабуылға басқанда жарапланса да, карулас достарын тастап кетпеді. Бұл жолғы ерлігі де лайықты бағаланып, «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылды. Соғыстан кейін Мәскеуде бухгалтерлік курсы тәмамдаған Шәймерден Шүкібаев «Майқайыналтын» руднигінде енбек етіп, 1988 жылы көз жұмды. Жұбайы Жазира Шайхина екеуі тоғыз бала тәрбиелеп, артында ұлағатты ұрпақ қалдырыды.

2016 жыл

Байланысшы Мәжит Айдарханов

Мәжит Айдарханов 1905 жылды Баянауыл ауданы қазіргі Жаяу Мұса ауылында туған. Колхоздастыру кезінде Егіндібұлақ ауылы үлкен бөлімшеге айналғанда, осында тұрактап қалады да, сол жерде өмірінің сонына дейін тұрып, 1969 жылды кайтыс болады. Мәжит атаның қызы Серікжан Шахметованың айтуынша, жауынгер 1940 жылды Фин соғысына қатысып, 1941 жылды Ұлы Отан

соғысына аттанады. Жаяу әскер полкі құрамында Мәскеуді қорғап, кейін Украина, Польша, Венгрияны басып өткен. Соғыс кезінде жау шебін бұзып өткен ержүрек сарбаздарға Сталиннің қолы қойылған алғыс хат табысталады. Солардың ішінде Мәжит Айдарханов та бар. Мәжит Айдархановты кейін 23-інші әскери бөлімшеге байланысшылыққа ауыстырады. Мұндағы міндет – қарша бораған оқтың астында радиостансалар жұмысын қалыпты ұстап тұру. Жанкешті азаматтың бораған оқтың астында еңбектеп жүріп сымдарды тіспен жалғаған кездері де болды.

Отан үшін от кешкен сарбаздың өнірінде орден-медальдар жарқырады. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1945 жылы Кенигсбергті жаулап алғаны үшін», Ұлы Жеңістің атаулы күндерінде «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы» медальдарымен марапатталды.

Бейбіт заманда еліміздің өркендеуіне улес қосып, совхоздың бригадирі болып жұмыс атқарды.

– «Біз ол кезде бала едік. Атамыз өгіз арбаны жегіп, бізді Қарашаттан Баянауылға апаратын. Соғыс басталған кезде ағамды Отан алдындағы әскери борышын өтеуге бүкіл ауыл шығарып салғаны есімде. Мен шамамен 5-6 жастағы баламын. Бәрі жылап, бір-бірін құшактағанда, «Ұлжендердің жылағаны несі?» деп қарап қалыптын», – деп, атамның карындасы Төкіжан апам айтып отыратын... – дейді бүгінде Мәжит атанаң шаңырағында тұтінін тұтетіп отырған немересі Бауыржан Мәжит.

Ұлы Отан соғысынан кейін Айдархановтар отбасы «Октябрь» колхозына қоныс аударады. Мәжит ата алты ағайынды болды, сол алтаудан Шахмет пен Мәжит қана тірі қалған. Төкіжан апа – Шахметтің кызы.

Мәжит ата көпшіліктің есінде өте қарапайым да елгезек, аққөніл әрі жомарт жан ретінде сакталып қалды. Ол 1947 жылдың басында Гүлжәкен апамен шаңырақ көтереді. Жарасымды отбасын құрып, 10 баланы өсіріп-жеткізді.

Егіндібұлак ауылына қарасты қазіргі Қарашат бөлімшесінде жұмыс істеп, ауылда трактор бригадасының бригадирі болды. Техниканың құлағында ойнайтын. Комбайнды да тізгіндейді.

Мәжит ата 1955 жылы 25 тамызда және 1957 жылы 26 шілдеде Мәскеу қаласында өткен Бүкілодактық ауылшаруашылық көрмеге қатысып, «Бүкілодактық ауыл шаруашылығы көрмесінің қатысушысы» медалімен екі рет наградталған. Атаның еңбек кітапшасында «Үздік еңбегі үшін» деген жазба да бар.

Бүгінде атаның ізі қалған Егіндібұлақ топырағында үрпактары тұрады. Мәуелі бәйтеректей жайқалған Мәжитовтер отбасының бір бұтағы – Даулет Мәжитов Ертіс-Баян өніріне танымал палуан, өнер саласында еңбек етіп жүр. Ал ата жолын қуған Бауыржан Мәжит «Богатырь Көмір» ЖШС-інде электрслесарь. Немере-шөберелері Мәжит атаның жауынгерлік жолын мактан тұтады.

«Киров» крейсерінің теңізшісі – Ақшиман Кенсарин

Екібастұз қаласындағы тарихи-өлкетану музейінің Ұлы Отан соғысы тарихына арналған бөлімінде «Киров» крейсерінің шағын ғана макеті бар. Атакты крейсердің 35 жылдық мерейтойына орай Ленинградта өткен шарадан естелік. Кәдесыйды музейге Ұлы Отан соғысының ардагері Ақшиман Кенсариннің жұбайы Құлкен Қалымкызы тапсырған.

– Алпысыншы жылдардың басында Ленинградта «Киров» крейсерінің 35 жылдығы атальп өтіліп, оған Павлодар облысынан төрт адам шакырылды. Сол сапарға мен жұбайым Ақшиман Кенсаринмен бардым, – деп еске алады Құлкен апай. – Шараға 1942 жылғы желтоқсан – 1945 жылғы қантар аралығында крейсер командирі С.Д.Солоухин өзі қатысып, тарихтан естелік шертті. Жұбайым өз еркімен крейсерге қызметке алынғанда небәрі 16 жаста екен. С.Солоухин жұбайым мен оның қаруластарына фуражка мен басқа да киімдер дәл келмегендіктен, кішірейтіп кигізгендерін сол кездесуде толғана әңгімеледі. Біз данқты қаладағы «Қазақстан» мейманханасына орналастық. Сол сапарда Писарев мемориалдық зиратына барып, 1942 жылы корабльге берілген соққыда шейіт болған жауынгерлер рухына тәу еттік. Ұмытылmas сапардан қалған осынау жәдігері бала-шағаның колында бүлінбесін деп, музейге тапсырдым.

Ал енді осы әңгімеге арқау болған «Киров» крейсеріне тоқталып өтелік.

«Киров» – Балтикадағы атақты әскери корабль. Суға 1936 жылы түсірілген. 1938 жылдың 26 қыркүйегінде өз қызметіне кіріседі. Соғысты Усть-Двин рейдінде карсы алған крейсер 1941 жылғы 22 маусымда тансәріде Ригаға шабуылдаған жау ұшактарына оқ жаудырды.

Гитлер Ленинградты қалайда басып алудың сан түрлі амалын ойластырығаны белгілі: осы мақсатта Балтиканың шығыс бөлігіне «Тирпиц» линкоры бастаған ірі корабльдер құрамасын да бағыттады.

«Айсштосс» (мұз соккысы) деп аталған операцияның көздеңені Невадағы кенестік корабльдердің көзін жою болатын. 1942 жылғы 24 сәуірде «Айсштосс», «Гец фон Берлихинген» операциялары кезінде крейсерге жаудың 40 бірдей ұшағы жұмылдырылып, дәл үстінен 4 бірдей бомба тасталды және бір артиллериялық соккы берілді. Корабльдегі 86 жауынгер опат болып, 50-ге жуығы жараланды. Соғыстың ауыр жолдарын бастан өткерген крейсер артиллериясы 1944 жылғы кантарда Ленинград-Новгород операциясына қатысты. Нак сол жылғы маусымда Выборг-Петрозавод операциясы кезінде Ленинград сауда портында крейсер өзінің соғыстағы соңғы соккыларын берді.

1974 жылға дейін «ардагер» – крейсер курсанттарға Балтық бойын арапатуға қолданылды. Флот тізімінен шығарылғаннан кейін оның артиллериялық мұнаралары Ленинградта ескерткіш ретінде қойылды.

Крейсердің әмбебап жарактарының бірі Алматыдағы 28 панфиловшылар гвардиясы саябағына да орнатылған. Ал жерлесіміз Ақшиман Кенсариннің крейсерде қызмет еткен жылдары оның Ленинград құрсауында болған кезіне тап келсе керек. Қазақстан комсомолдары шефтік қолдау танытқан «Киров» крейсеріне өзі құралыптас жастармен бірге аттаныпты. Матрос, зениттік батареяның командирі болған жалынды жас батыр қаланы құрсаудан шығаруға қатысқан. Ақшиман соғыстан аман-есен оралып, Павлодар қаласында, кейін Баянауыл ауданына карасты «Жосалы» кеншарында еңбек етті. Бейбіт жылдары карапайым ауыл еңбеккеріне айналған теңізші жігітке Ұлы Отан соғысы жылдары Қызыл Тулы

«Киров» крейсерінің командирі болған контрадмирал С. Солоухин мен корабль ардагерлері кеңесінің төрағасы, бірінші ранг капитаны А.Александровскийден құттықтау хат келгені бар. «Біз Қазан төңкерісінің бесігі құрсауға түскен қаһарлы жылдары Балтық теңізшілері қатарына өз ықтиярымен қосылып, жауыз басқыншылармен аяусыз құрсекен Қазақстан комсомолының даңқты тәрбие-ленушісіне қуана сәлем жолдаймыз. Шын жүректен, қандықөйлек жолдас, еңбегіне табыс, зор денсаулық тілейміз!». Сарғайған пәрәктағы осынау жалынды лебізді оқыған сайын Күлкен апайдың жүргегі ерекше шуакқа бөлөнеді.

Жәмила Жақанова, Баянауыл ауданы Жұсіпбек Аймауытов ауылының (бұрынғы «Жосалы» кеншары) тұрғыны:

– 1979 жылы Ленинградқа жолым түсті. Сонда соғысқа қатысқан даңқты кемелерге экскурсия жасадық, соның бірінен естелік тактаға ілінген екі казактың суреті көзіме оттай басылды. Елге келгесін сұрастырысам, екеуі де Павлодар облысынан екен. 1981 жылы оку бітіріп, Баянауыл ауданының Жосалы ауылына келгенімде, есепші болып ақырын ғана өзінің жұмысын атқарып отырған азаматтың сол екі теңізшінің бірі екенін біліп, тан-тамаша қалғаным бар. Бұл атақты «Киров» крейсерінің жауынгері Ақши-ман Кенсарин екен...

*2016 жыл

Зенитші Қабиден Қөпеев

Кызыләскер Қабиден Қөпееев Ұлы Отан соғысында атқыштар бөлімшесінің командирі болып еді. Зениттік артиллерияның дербес бөлімшесінде қызмет еткен ол «Зенитші қыздарға атуды үйреттім» дегенді жиі айтып отырады екен.

– Зенитші 5 қызбен бір күркеде жатушы едік, арамызды жұқа палаткамен бөліп қойып, тар жерде туыстардай күн көретінбіз, – деп тебіренетін қарт ардагердің үнінен карындастарындей болып кеткен нәзік зенитшілерге деген сағыныш байқалатын...

– Мәскеу тубінде соғысқан әкемнің соғыс кезінде басынан өткерген бір қызықты оқиғасы – оның немере інісі Қайырбекпен

(Қайырбек Назарбаев бүгінде Баянауылда тұрып жатыр) ойда жокта кездесіп қалуы. Кешкісін саптық түгендеу кезінде әкем мен інісі бірін-бірі дауыстарынан танып, шұрқыраса көріскенін ертегідей етіп әңгімелейтіні есімде, – деп еске алады Қабиден Қөпееvtің баласы Серік.

1916 жылы дүниеге келген Қабиден Қөпееvtі әкеден ерте қалғандыктан, анасы Қадиша ашаршылық тырнағынан құтқару үшін Майқайындағы балалар үйіне тапсырады.

Қабиден 1939 жылы мектепті бітіріп, Павлодардағы педагогикалық училищеде білім алды. 1940 жылдың 5 ақпанында Павлодар облыстық әскери комиссариатынан Қызыл Армия катарына аттанады. Петропавл қаласында жасакталған взвод Украинаның Конотоп қаласына түсіп, сол жерде олардан атты әскер жасакталды. Осында соғыс тәсілдеріне жаттыға бастады. Конотоп қаласының орналасқан жері Брест қаласынан алыс емес. Кейін оларды Брест қамалы арқылы Минскінің корғаныс шебіне қойды.

Алдымен 325-ші артиллериалық полк құрамында, ал соғыс басталғанда 162-ші дербес зениттік артиллерия дивизионы құрамында болған ол Минск, Баранович, Орша, Смоленск, Мәскеу үшін болған шайқастарда Отан үшін от кешкен.

– Әкем 1941 жылы 289-шы жеке зенитшілер артиллериалық дивизионының құрамында Мәскеуді корғауға катысыпты. Сол ауыр шайқаста Кенес әскері көп жауынгерінен айырылады. Тірі қалған жауынгерлерді жаңа жасакталған әскерге қосып, Горький қаласындағы автомобиль зауытын корғауға жібереді. 1942 жылы әкем сержант әскери шеніне ие болып, зениттік қару тілін менгереді. Мәскеудің арнайы бұйрығымен № 289 жеке зенитшілер артиллериалық дивизионы Правдинск қағаз шығаратын комбинатына өз бекінісін орнатады. Осындағы пулемет нұктелерінде қызмет етіп, 4 кыздан тұратын пулемет расчетында командир болыпты, – дейді Серік Қөпееев.

1943 жылы артиллериалық дивизион Спас-Деменскідегі Калинин майданына жіберілді. Неміс бекінісі сол жерде үш жыл бойы жайғасып алған екен. Спас-Деменск тубінде жауынгердің сол көліна оқ тиіп, ауыр жарапанып, госпитальға жіберілді. Алты ай бойы №№2833, 2869, 1025, 1827 эвакогоспитальдарда емделіп шығып, елге оралған.

Қабиден Майқайың алтын комбинатына есепшілік қызметке орналасты. Бірақ жергілікті әскери комисариат оның колының жарамсыздығына қарамай, қайтадан майданға жіберді. Әуел Семей қаласындағы 125-ші запастағы полкте, кейін Нижний Тагилдегі 39-шы конвой әскері қатарында қызмет еткен ол 1946 жылығана әскер қатарынан босатылды.

Терткүұйқ кен орнына кадр бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Бірнеше жыл сол жерде қызмет атқарып, Майқайың кентіне оралып, Бэтжамал Ыбышқызымен отау құрады. Зейнеткерлікке шықканға дейін рудниктің қосалқы шаруашылығында қоймашы болып, кейін материалды жабдықтау мекемесінде қызмет атқарды.

Отанды корғауға жастық жігерін арнап, бейбіт заманда елінің өркендеуі жолында тер төккен ардагердің бір арманы болса, ол арман «Мәскеуді корғағаны үшін» медалін тағыну еді. Өкінішке қарай, архивтік құнды құжаттар соғыс кезінде жойылса керек, жауынгердің Мәскеуді корғауға қатысқанын дәлелдеп шығу мүмкін болмалты. Мәскеу тубіндегі Подольск қаласында орналасқан РФ Корғаныс министрлігінің орталық архивінен де мардымды жауап алынбапты.

Алты бала өсіріп, ер жеткізген Қабиден Көпеевтен тараған ұрпактар бүгінде теміржол саласында енбектенуде. Өкінішке қарай, бір перзенті Отан алдындағы борышын өтеу кезінде ғауыздардың колынан мерт болды.

Ал сонындағы немере-шеберелері әрдайым зенит расчеті командирінің орден-медальдарын қеуделеріне тағып, атапарына елікеп өсіп келеді.

Маратттары:

«Жауынгерлік енбегі үшін» медалі;

«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі;

II дәрежелі «Отан соғысы» ордені;

Ұлы Отан соғысындағы Женістің мерейтойлық медальдары.

Самолёт жасауға қаражат берген Қайырбек Бәжeneев

Осылдан тура 82 жыл бұрын, 1943 жылдың 25 кантарында Баян-ауыл ауданы орталығында колхоз активтері мен кеңестік интеллигенцияның кеңесі ашылып, онда Қазақстан колхозшылары тарапынан танк колоннасына каржы жинау туралы Қазақ республикасының рапорты, басқа да мәселелер каралады. Бұл туралы сол жылғы 26 кантарда жарық көрген «Ленин туы» (қазіргі «Баянтау») газеті (№5 /1030/) арнайы мақала жариялаған.

Газеттің бірінші бетіндегі «Советтік Қазақстан» атты қуатты авиация эскадрильясын жасайық!» айдарымен берілген материалда кеңестің өту барысы егжей-тегжейлі жазылған. Екібастұз қаласының тұрғыны Оразбек Бәжeneев табыстаған «Ленин туы» газетінің көшірмесін оқып отырып, көз алдымға сол кеңесте сөз сөйлеген аудандық партия комитетінің секретары Қасымханов жолдастың бейнесі келді.

– Батыр Қызыл Армиямыздың жауға берген тегеурінді соқкысы бізді тылда жауынгерлерше істеуге шакырады. Біз өзіміздің барлық күш-жігерімізді майданға көмекті өрістетуге жұмсаймыз. Аудан жұртшылығы «Советтік Қазақстан» авиация эскадрильясын жасауға да асқан патриоттықпен қатынасып, абыроймен орындал шығады! – дейді ол қаскайып.

Бұдан соң ортаға азаматтар бірінен соң бірі шығып, авиация эскадрильясын жасауға өз қалталарынан қаражат қоса бастайды. Қазақ орта мектебінің директоры Қамал Саматов – 50 000 сом, «Сабындықөл» артелінің ұстасы Әбіш Алжанов – 10 000 сом, Саржал советінің хатшысы Оразалы Ыбраев – 155 000 сом, «Жаңа талап» колхозының төрағасы Максұт Бейсенбин – 20 000 сом, Төлеген Жабағин – 20 000 сом, Демеуов Үбірай – 15 000 сом, Кенжебек Піштібаев 15 000 сом ұсынып, бұл тізім осылай жалғасып кете барды. Сөйтіп бірер сағат ішінде авиация эскадрильясын жасауға 500 мың сом жиналады.

Майданға қаржылай көмек жолдаушылардың арасында жоғарыда аталған Оразбек Бәжeneевтің әкесі, өз қалтасынан 150 000 сом салған Қайырбек Бәжeneев те бар еді.

«Ленин туы» газетінің осы нөмірінің бірінші бетінде Қайырбек атанаң хаты да жарияланыпты. Онда былай деп жазылған: «Авиация эскадрильясын жасау қорына. Сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың Қазақстанның барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне өзінің туыскандық сәлемін жолдап, алғыс айтқан телеграммасы бізге жаңа күш, жана жігер берді. Көсеміздің телеграммасы әрбір совет патриоттарын майданға бұдан былай да көмекті қүшетуге шакырады. Мен Сталин жолдастың телеграммасына жауап ретінде жауынгер авиация эскадрильясын жасау қорына 150 000 сом беремін. Ал, фронтқа, Қызыл Армияға бұдан былай да продуктымен де көмектесіп отырамын. Егер отанымыз керек етсе, шыбындай жаным, касыктай каным қалғанша елімізді жаудан корғау жолында дайынмын. К. Бәженеев, «Жана ұйым» колхозының председателі».

Осы айткан сезінде тұрып, Қайырбек Бәженеев 1943 жылы Калинин майданындағы жауынгерлерге өз меншігіндегі 10 қойын сойып, сый-сияптау жолдайды. Және дәл осы жылы танк колоннасын жасау қорына 15 000 теңге жібереді. Сол үшін Жоғарғы Бас колбасшы И. Сталиннен алғыс жарияланған жеделхат, Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің секретары Скворцовтан алғыс телеграммасын алған. 1946 жылдың маусым айында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «За доблестный труд в Великой Отечественной Войне 1941-1945 гг» медалімен наградталған.

Қолына қару алып соғыспаса да, әскер тегеурінін арттыруға үлес косқан Қайырбек Бәженеевтің өмірбаянына аз-кем токталар болсақ, ол 1929 жылы колхоздың алғашқы ұйымдасуына катысып, қолындағы арба-сайман, жұмыс малын колхозға косады. 1934-1939 жылдары «Қызыл-Қоғам» колхозын баскарлып, 1941 жылдың казан айына дейін «Қызыл-Қоғам» ауылдық кеңесінде төраға боллады. Соғыс уақытында, яғни, 1941-1947 жылдар аралығында, Қызылшілік ауылдық кеңесіне қарасты «Жана ұйым» колхозының тізгінін ұстайды. Осы колхозға мүше болып тұрған кезінде орталыққа 6 тайынша, 1 жылқы, 9 қой-ешкі – барлығы 16 бас мал береді.

Колхоз жұмысына жан-тәнін салған Қайырбек атанаң еңбегі берекелі болып, ол баскарған шаруашылықтар алдыңғы катардан

көрінді. Өмірі колхоз шаруасымен өрілген қария 1963 жылы зейнетке шыкты.

Жұртына адал еңбек, азаматтық мінезімен өнеге болған Қайырбек Бәженейұлы саналы ұл-қызы тәрбиелеп, адал еңбекке баулыды. Оның ұлдары Баянбек, Манаrbек, Оразбек, немересі Тұрлыбек өз ортасында сыйлы, айналасы ардақтайтын азаматтар болып ержетті.

Өнірінде «Ұлы Отан соғысының женісіне – 20, 25, 30 жыл», «Тыңның итерілуіне – 20, 25 жыл» медальдары жарқыраған қарияның өмір жолы – өшпес өнеге.

Медалін тағып ұлгермеген Шәктай Машрапов

Кан майданда отан қорғауға аттанған талай боздак жат жерде қопат болды. Олардың арасында тұяқсыз қалғандары қаншама. 1922 жылы Баянауыл ауданына қарасты «Қызыл қоғам» колхозында (казіргі Жаңажол ауылдық округіндегі Бүркітті ауылы) туып, 1941 жылы соғысқа аттанған.

Шәктай Машрапов та сондай жауынгердің бірі еді. Шәктай майданнан ағасы Сәкенге екі рет хат жазып, амандығын білдірген еken. Одан соң хат тыйылдып, хабар-ошарсыз кетеді. 1991 жылы Сәкен Машраповтың баласы Тастыбай Сәкенов ағайына іздеу салып, Литва ССР-і Шактей аудандық әскери комиссариатынан Шәктай Машрапов жайлы мәлімет алады. Дәл сол мәлімет 1994 жылы жарық көрген «Боздактар» кітабына да енгізілген.

Редакцияға Тастыбай Сәкенов әкеп көрсеткен Шактейдан келген анықтамада мынадай дерек келтірілген: «Қатардағы жауынгер Шахтай Машрапов (құжатында солай) 1944 жылғы 15 тамызда 63-ші атқыштар дивизиясының 116-шы жеке медициналық-санитарлық батальонында жаракаттан қаза болып, бастапқыда Бершаковичи деревнясында жерленген. Қазіргі уақытта Ш. Машраповтың сүйегі Литва ССР-і Шактей қаласындағы жауынгерлер зиратында. Зиратқа жету үшін Вильнюс қаласына немесе Каунасқа шейін пойызға, ары қарай автобусқа отырып, жергілікті аудандық әскери комисса-

риатқа бару қажет. Шакый ауданының әскери комиссары, подполковник Г. Винкшнайтис. 5 мамыр 1991 жыл».

Анықтамада жазылған Бершаковичи деревнясы туралы ғаламтордан іздестіріп көргенімізде, ондай атауды таппадық. Бірақ Литвамен көршілес Белорусь Республикасының Витебск облысында Бешенковичи қалашығы бар екен. Қалашық 1941 жылғы 6 шілдеден бастап 3 жыл бойы немістердің қолында болған. Тек 1944 жылғы 25 маусымда Бешенковичиді 1-ші Балтық бойы майданының жауынгерлері азат етеді. Бешенковичиді азат еткені үшін 150-дей жауынгерге Кенес Одағының Батыры атағы берілген.

Тастыбай ағаның айтуына қарағанда, ағайы Шәктай Машрапов әскерге соғыстың ен ауыр кезеңі – 41-42-ші жылдарда алынған көрінеді. Осыны ойлағанда, «1944 жылға дейін атамыз бірде-бір медаль алмады ма екен?» деген сұрақ туды. Сөйтіп РФ Қорғаныс министрлігінің орталық архивінің мәліметтерін қарастырдық. Міне қызық! Мұнда 1922 жылы туып, майданға 1942 жылдың маусымында алынған Шахтай Машраповтың «Ерлігі үшін» медалімен марапатталғаны жазылды. Медаль Брянск майданы 97-ші атқыштар дивизиясына қарасты 136-шы атқыштар полкінің 1943 жылғы 4 қыркүйектегі №4 бұйрығымен берілген. Осыдан бірер күн бұрын ғана соғыс тарихынан хабары мол редакторымыз Жассерік Сәдуақастың: «Ерлігі үшін» медалі екінің біріне берілетін наградалардан айрықша. Ол «Кенигсбергті алғаны» үшін немесе «Берлинді алғаны» үшін белгілері сияқты ортақ ерлікке емес, жауынгердің жеке ерлігіне беріледі. Бұл награданың мәртебесі өте жоғары» дегенін құлағыма құйып алғанмын. Олай болса, мұндай жоғары марапат біздің кейіпкерімізге не үшін берілді екен?

«2-ші атқыштар батальонының жауынгері Шахтай Машрапов Орлов облысы Волхов қаласының түбіндегі ұрыс кезінде қарсыластың құшті артминометтік оқ жаудыруына қарамастан сарбаздарды уақытылы ыстық тамақпен қамтамасыз етті, сонымен қатар, лейтенант Симоновтың өмірін сақтап қалып, ұрыс аланынан 3 жаралы жауынгерді алғып шықты» (РФ КМ ОА 33-коры, 686044 тізімдеме). Осы мәліметті көргенде «бұл біз сөз еткен Шәктаймен аттас жауынгер емес пе екен» деп күмәнданып, деректерді салыстырдық. Соғыс жылнамасына жүгінсек, архив құжатында атаптап 97-ші атқыштар дивизиясы (2-ші құрылған) 1943 жылдың

10 сәуірінде 83-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта күрылған. Дивизия 1943 жылғы шілде-тамызда Орлов шабуылдау операциясын, қыркүйек-казанда – Брянск, казан-желтоксанда – Городок операциясын, 1944 жылғы маусымда Витебск-Оршан, маусым-шілдеде Минск, шілдеде Вильнюс, шілде-тамызда Каунас шабуылдау операциясын жүргізді. Қысқасы, дивизияның соғысқан жері мен ұрыстар өткен уақыт Шәктай Машраповтың қаза болу уақытымен де, мәңгілік тыныс тапкан мекенімен де сәйкес келіп тұр! Яғни, ойда жоқта табылған «Ерлігі үшін» медалі – Тастыбай ағаның туысы Шәктай Машраповтікі! Ағайын-туысы үшін бүгінгі күнге дейін жауынгерлік баяны беймәлім болып келген ержүрек Шәктай жайлы мәлімет іздеу барысында біз Шакяй қаласындағы кеңес жауынгерлері зиратының суретін таптық. Суретте тіпті Шәктай Машраповтың есімі жазылған тақта да бар екен. Аумағы 200 *метрді қамтитын зиратта 2010 жылды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліпті. Сондай-ақ, зиратқа берілген сипаттамада «Зиратта 1944 жылы 215-ші атқыштар дивизиясының 344 жауынгерінің сүйектері көмілген» деп жазылған. Газетіміз 70 жылдық мерейтой қарсаңында ойда жоқта Сәкеновтер отбасына тосын сый жасап отыр. Мұны елі үшін қан төккен ерлер рухының алдында өтеген азғантай парызымыз деп білеміз.

2015 жыл

Соғыс сұрлеуі

Кім ұмытар сүм соғыс дүрбелеңін,
 Азаматын жалмаған бүкіл елдің.
 Арыстарым қалды ғой көмусіз де,
 Топырағы бұйырмай туған жердің.
 Кесілді ғой талайдың үміттері,
 Қырылды ғой қынадай жігіттері.
 Каратпады артына қыршын жасты
 Жаудың салған отанға бұлікттері.
 Көп құрбанның біреуі – Шәктай ағам,
 Сонына еріп әкемнің «ағалаған».
 Топырағын жамылды бөтен жердің,
 Ешкімі жоқ еске алып бағалаған.
 Бір хат кепті «жүрміз деп шет қияда,
 Қанды майдан, күні-түн «битвада».
 Басқа жұрт білмесе де, бізге ыстық,
 Сүйегі қалған мәнгі Литвада.
 Көп жыл өтті, еш дерек ала алмадық,
 Өлі-тірі екенін біле алмадық.
 Айтып-айтпай не керек, өкінішті,
 Туған жерден топырақ сала алмадық.

Тастыбай Сәкенов

ЖӘДІГЕР

Бауыржан батырмен кездескен

Бауыржан Момышұлының мына бір суреттерін құрбым әрі жерлесім Бақыт Аяшинованаң үйінен көрдім.

– Суретке марқұм анам Несібелді (жұрт Несау деп атаған) жас күнінде Сарыағаш шипажайында түскен. Бұл Бауыржан атамыздың өмірінің соңғы жылдары болса керек. Бала күнімізде мән бермеген болармыз. Анам қайткан соң ескі альбомдардың ішінен осы суреттерді таптық. Баға жетпес естелікті көргенімізде таң-тамаша қалып, әкемізге: «Анамыз Бауыржан батырмен не жөнінде әңгімелесті екен!» – деп сұраптарымызды жаудырдық. Сөйтсек, Бауыржан ата менің анамнан: «Ата-анаң сен үшін қалың мал алды ма?» – деп сұрапты. Анам: «Жоқ!» – дегенде, батыр ата: «Әттеген-ай!» – деп қалған көрінеді. Негізі, шипажайда жұрт Бауыржан атамен топтасып суретке түсіпті де, батыр әркіммен жеке-жеке суретке тусуден бас тартыпты. Бірақ анам марқұм өте өжет еді, батыр атамыз сол өжеттігін ұнагтты ма екен, әйтеуір жеке суретке түсуге көніпті. Ал анамның Бауыржан атаниң бөркін киіп түскен мына суретіне келсек, сол жолы ата: «Қызым, мына бөрікті мен кидім, содан соң киіп тұрған тек қана сенсің!» – деген екен! Тура осы тақылеттес әңгімені кейін өз басынан өткергендей етіп айтқан адамдар туралы естідім. Алайда сол жолы атаниң бөркін киген өзге емес, менің анам болатын, оның айқын айғағы – көз алдарыңызда!» – дейді Бақыт Қаражанқызы.

Әңгімеде аталған Несібелді Әбдікәрімкызы кезінде «Южный» кеншарында жолаушы тасымалы саласында еңбек еткен. Жұбайы Қаражан (Мұкәрам) сауда саласына басшылық жасады. Бұл отбасынан Еркеш, Сайран-Самал, Бақыт атты перзенттер түлеп ұшты.

Мың алғыс саған, фотограф!

Ақ-қара түсті,
Айтары құшті өткеннен,
Қағазға бізді,
Көшірген күзді, көктеммен.
Жастықтың әрі,
Сағыныш сазы – бір өзі,
Жүзіңе үңіл,
Ғажайып ғұмыр өткерген.

Байқаусыз басып
Албырттау уақыт ұзапты,
Альбомым көне
Елеспен көніл сыздатты.
Байсалды көніл
Әйнегін сол бір суреттен
Жан сыры мөлтек,
Ерке де тентек кыз қакты.

Әркімді таң қып,
Кірпігін қалғып қақпаған,
Уақыт патша
Жүйткіп атша шаппаған.
Ерен бір өнер –
Фотогер шебер жанары
Сиқырлы, сәнді
Бір сәтті мәңгі сактаған.

Балалық дәурен
Көмкерген гүлмен етегін
Қап қойып есте,
Ерте ме, кеш пе – өтетін.
Өзгерсе заман,
Мың алғыс саған, фотограф,
Суреті ғана
Ескіні жаңа ететін!

2010 жылы жазылған «Фотограф Бақытжан Сәрсенбаевқа» атты бұл өлеңімді еске түсіруіме 1990 жылы Женістің 45 жылдық тойында түсірілген көне сурет себеп болды. Ол күнгі мерекелік шара туралы осы кітаптағы Қабылтай Жанәділов туралы әңгімемде жазғанмын. Сурет бәлкім салтанатты жиыннан соң түсірілген болар.

«Южный» кеңшарының алғашқы және сол кездегі жалғыз фотографы Бақытжан Сәрсенбаев түсірген фотода тұрған майдангерлерді атап өтсек.

Бірінші катарда солдан онға қарай: Әлібек Қамашев, Тұрсынбек Жалбыров, Нұрмагамбет Шуакбаев, Төлепберген Шахметов, Мұхтар Сламбеков, Сейфолла Күмісбеков, Қамкен Жәнбеков, Қабиден Әлменбаев, Нәжмиден Сейітов, Қаби Кәлиұлы, Әбди Тенкіманов.

Екінші катарда: Сергей Дрозд, Серікбай Төленбеков, Бәйкен Әбліқасов, Ғалымжан Қыпшақбаев, Қабықеш Сәдігазин.

Үшінші катарда: Қанат Анафин, Марат Хасенов, Ораз Ди nabekov – Ауган соғысының ардагерлері; Жантұрсын Қоқымбаев, Назымке Шоханов.

Сол күні жиынға қатысқан Қабылтай Жанәділов суретке түспепті, бәлкім, мен атаған оқиғаға байланысты түспеді ме екен деген ой келеді...

Осынау сурет – күркелілік Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің топтасып тұскен жалғыз фотосы, тарихи құнды жәдігер. Жыл сайын Женіс мейрамында әлеуметтік желілерге жарқырап шыға келетін тамаша естеліктің маңызы жылдар өте арта түсетіні 1990 жылы Бақытжан ағаның түсіне де кірмегені анық. Фотограф атаулы датаны ел жадында қалдыру үшін «Женіске 45 жыл» деген жазуды шыныға жазып шығарған көрінеді. Күркеліліктерде бұл фотоның ардагерлердің ауылдың басқа да тұрғындарымен ақар-шакар болып топтасып тұскен нұсқасы да бар.

Осы мерекеде ардагерлердің бәріне лакталған ағаштан жасалған ашпалы «Алғыс хат» таратылды. Оның бірінші бетінә әр майдангердің жеке фотосы басылған – бұл суретті де ардагерлердің бірін кенсеге шақырып, енді бірін үйіне барып Бақытжан аға түсіріпти.

Ал алғыс хат мәтіні мынадай:

«Құрметті Нұрмамбет Шуақбаев!

Сізді Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Женіс мейра-
мының 45 жылдығымен құттықтаймыз.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін және Ұлы Ок-
тябрьдің ісін қорғап қалғаныңыз үшін сізге мәнгілік рахмет.

Сізге зор денсаулық, бақыт және жақсылық тілейміз.

Данқының арта берсін!

«Южный» атындағы совхоз әкімшілігі. 9.05.1990 ж.»
(алғыс хат суретін кітапқа Нұрмамбет атанаң немересі Нұрдос
Нұрмамбетов жолдады).

Бұл күні, сондай-ақ, барлық майдангерлердің иығына «Ұлы
Отан соғысының ардагері» деген жазуы бар лента тағылды. Осынау
есте қаларлық шара өткен жылы «Южный» кеншарында Ерахмет
Айтпышев (марқұм) директор, Мұрат Кәмәлиев жұмысшылар ко-
митетінің төрағасы, Ерсін Сәрсенбаев партия комитетінің хатшы-
сы болғанын атап өту ләзім.

Бүгінде Бақытжан Сәрсенбаевтың қолынан шықкан тарихи
жәдігерлер әрбір ардагердің ұрпактарының альбомында сактаулы.
Өткен күннің сәулелі шақтарын еске түсіріп, жан сарайын жылуға
толтыратын осынау естеліктер үшін ауыл жұрты фотографқа дән-
риза...

Енді оқырман қауымға фотографты жақынырақ танысты-
рып өткеніміз артық болмас: ол 1962 жылы 27 наурызда айында
бұрынғы Көкшетау – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Қызыл-
ту ауданының Жұмысшы ауылында дүниеге келген.

1966 жылы әкесі Төлеутай Әбліldaұлы, анасы Ұлиха Нұр-
мабетқызымен Баянауыл ауданы «Южный» кеншарының Шо-
манкөл ауылына қоныс аударды. 1969 жылы Шоманкөлде баста-
уыш мектеп табалдырығын атап, 1972-1979 жылдар аралығында
Большевик орта мектебінде онжылдық орта білім алды. 1979-1980
жж. механизатор болып еңбек етті.

1980-1982 жж. Кенес Армиясы қатарында болып, бір жарым
жыл үздік жауынгер ретінде құрмет тақтасында тұрды. Институт-
тың әскери кафедрасының толық курсын бітіріп, офицер атағын
алды.

1982-1987 жылдары Целиноград ауылшаруашылық институ-
тының агрономия факультетін тәмамдады.

«Южный» кеңшарында еңбек еткен жылдары: 1988-1992 жж. Жұбайы Кәмшат Бірлікқызымен 1984 жылы отбасын құрып, үш кыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді.

Қызы Гүлшаттың мамандығы әке шығармашылығына біртабан жақын – телевидениеде режиссер қызметін атқарады. Ұлы Нұрлан – ағаш ұстасы. Кенже қызы Алтынай әке жолымен аграрлық университетті бітіріп, мамандығы бойынша қызмет істеп жатыр. Өзге балалары да түрлі салада табысты еңбек етуде.

Жалпы, Бақытжан аға – сегіз қырлы жан. Осы кітапты әзірлеу барысында оның хабарсыз кеткен майдангерлерді іздеу жұмысына да араласқанын білдім. Ол аталас туысқаны Тасболат Қоятиновпен бірге Омбы облысында, атап айтқанда, сондағы Одесса, Азов, Волгоград аудандық әскери комиссариаттарында және Омбы қаласының өзінде соғыста хабарсыз кеткен Әділхан Қоятинов (Тасболаттың атасы) жайлы деректер іздестірген. Нәтижесінде Әділхан Қоятиновтың аты-жөні Одесса ауданы орталығындағы ескерткіш тақтаға хабарсыз кеткендер санатында енгізілгенін анықтаған.

Тағы бір ізденісі жайлы өзі былай дейді:

«Мен ес білгелі анам Ұлиха Қайыржан деген ағасының майданда хабарсыз кеткенін айтып жылап отырушы еді. Кейін сол кісінің қаза болған жерін таптық, Удмуртия Республикасының астанасы – Ижевск қаласындағы бауырластар зиратына жерленіпті. Онда 800-дей жауынгер мәңгілік тыныс тапқан. Нағашым ауыр жаракат алғып, госпитальда көз жұмған екен. Ол кезде шешем қайтыс болған. Аманат етіп қалдырған жоқ, бірақ аруактар риза болсын деген ниетпен зиратқа арнайы барып, Баянауылдың бір уыс топырағын салдық. Менімен бірге жұбайым Кәмшат, қызы Алтынай да барды...».

БЕЙБІТ ЗАМАН ШАЙИДТЕРІ

Сыктывкар қыраны: от кеуделі Мейрам дос...

Студент кезім. Павлодардың Торайғыров көшесі, 56 мекенжайында орналасқан жатақханамыздың 5-кабатында бір азамат біреуді іздең жүр екен. Тұр-тұлғасы көзіме оттай басылды. Бала қүнімде үйіміздің зал бөлмесінің төрінде ағам Суаттың (Сүйінбек) әскерден жолдаған суреті ілініп тұратын. Жатақханада көргенім – сол суреттегі төрт солдаттың бірі, Торайғыр ауылының тұмасы Мейрам Дәuletov.

Амандастып, «Сіз менің ағамның служагысыз ғой!» – дедім. Менімен емен-жарқын сөйлесті, ағамның атын айтып едім, қуаныш кетті. Көзінде от, бойында тасыған күш-қайрат бар. «Ал, қарындастым, көмек керек болса, хабарласып тұр!» – деді. Жылы сөзінен қанаттанып, осындаған ағам барына марқайып қалдым. Өкінішке қарай, 1996 жылы Мейрам ағам туралы жаманат хабар естідім.

Мейрам Тілекұлы Дәuletov 1965 жылы 4 қарашада Баянауыл ауданы «Александровка» кеңшарында туған. 1993 жылдан ішкі істер саласына қызметкес кірісіп, 1996 жылдан мемлекеттік тергеу комитетінің жедел уәкілетті өкілі болып тағайындалады.

Қылмыстық іздестіру қызметінде Мейрам Тілекұлы жедел қылмыстық іздестірудің озат тәжірибесін қолданып, жақсы қырынан танылады. Қызметтік міндепті тұрғысынан қылмыстың ауыр тұрлерін ашуға жауапты болыпты. Қызмет еткен бөлімшесінің қоғамдық өміріне де белсене араласады.

1996 жылғы 3 маусымда әділет аға лейтенанты Мейрам Дәuletov әріптесі – мемлекеттік тергеу комитеті Индустріалдық аудан бойынша қылмыстық іздестіру бөлімінің жедел уәкілетті өкілі, лейтенант Қанат Сармантаевпен бірге женіл көлікпен қызметтік тапсырманы орындауға шығады. Павлодардағы «Кристалл» дүкенінің маңынан кос сарбаздың назарына іздеуде жүрген адамға ұксайтын біреу шалынады. Сакшылар қылмыскерді ұстауға ұмтылғанда, әлгі тапаншасын алып шығып, екеуін де мерт етті.

Қос боздақтың қаза болған орны – «Кристалл» дүкенінің ғимаратына мемориалдық тақта ілінген. Сондай-ақ, Павлодар қаласы Оңтүстік полиция бөлімі ғимаратының кіреберіс аумағында гранитті плита орнатылған. ПБ Тарих және жауынгерлік даңқ мұражайында «Мәңгілік есте» атты стендте олардың өмірі мен ерлігі туралы материалдар берілген. 1999 жылы Павлодар облысы ПБ шығарған «Павлодар Ертісінің құқық тәртібінің сақшылары» атты кітабының бір тарауы қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлерге арналған, онда М.Т. Дәuletетін өмірі мен ерлігі баяндалған.

Жұлдыздай ағып түскен сарбаздың өміrbаяны осылай қысқа қайырылғанымен, достарының ол туралы естеліктері таусылмайды.

– «Ер шекіспей, бекіспейді» демекші, Мейрам екеуміз әскерге бара жатып пойызда ұстасып қалып танысқанбыз, – деп еске алады әскердегі жолдасы Сүйінбек (Суат) Қадыров. – Сосын тіл табысып, арамыздан қыл өтпестей дос болдық. Мейрам шылым шекпейтін, ішімдік ішпейтін, жолдастыққа берік, адад еді. Әскерде тым ширапқ, өжет болды. Ол кезде бізге сол жақта қалып, құрылышта жұмыс істеуге ұсыныс түсті. Мейрамға қалайық деп едім, «Біреуге жалшы болуға жаралмағанмын, керегі жок», – деді. Біз негізі үйге қайтарда тізімнің сонында, соңғы лекке қалып қойғанбыз. Мейрамға ертерек кету туралы ұсынысымды айтып едім, мені қолдан, жаныма ерді. Мейрам, Қайрат Кикимов – үшеуіміз әскерде үнемі бірге жүрдік, арамыздан қыл өтпес дос болдық, нағыз жолдас деп осындай жандарды айтады.

Суаттың айтуынша, 1984 жылғы 4 маусымда Отан қорғауға аттанған баянауылдық 46 бозбала пойызға бірге отырады. Тай-лы-таяғымыз қалмай сол уақытта үй-ішімізben ағамызды шығарып салуға Баянауылдың әскери комиссариатына барғанымыз есіме түсе кетті. Сол күні бәріміз дуалдың бер жағынан мойнымызды созып қарап тұрғанда, 5 жастағы бауырымның басы темір шарбаққа қысылып қалып, әрең босатқанбыз.

Баяннан аттанған болашақ жауынгерлер Пермь арқылы пойызбен сапар шегіп, Коми АССР-дің астанасы – Сыктывкар қаласына тоқтайды. Сыктывкар қаласынан келетін толассыз хаттар, әсемхаттың ішінен маған арналған сырғалар мен алқалар шыға-

тыны, сонымен катар, ағама хат жазғанда конверт ішіне бір сом салатыным есімде. «Қаһарман советтік қаланың біріне солдат боп барамын» деп әндегетін, ұл-қызымыз бірдей солдат болуға, Әлия мен Мәншүкке ұқсауға еліктейтін кездеріміз еді!

Бір қызығы, Сыктывкарда бірге қызмет еткен баянауылдық азамат саны 33 болыпты. 1986 жылдың 2 мамырында КСРО Корғаныс министрі С.Соколовтың бұйрығымен 6662 әскери бөлім автошаруашылық ротасының жауынгерлері: Сүйінбек Қадыров, Мейрам Дәuletov, Манаrbек Айтжанов және Ербол Жұсіпбаев, Теміржан Кишев, Темірболат Сапарбеков алғашқы лекпен елге бет алады. «Сыктывкардан Мәскеуге ұшақпен ұшып, Петропавл, Омбыны пойызben басып өтіп, Омбыдан суасты канаты бар «Ракета» кемесімен жеттік», – деп еске алады ұзақ жолды Суат. Төртеуінің жолшыбай бастарынан кешкен қызығы да баршылық екен, бірақ ауызекі әңгімеде айтқаны болмаса, олар жайлы газетке жариялауды ыңғайсыз көрді.

– Мейрамның «Ява» мотоциклі болды, сонымен ерінбей-жалақпай Торайғырдан «Южный» кеңшарына менімен бірге отырып бір шай ішу үшін келіп кететін, – дейді Суат. – Әкем: «Мынаған бола сонау жақтан келдің бе?» – деп қыжырта сұрақ қойғанында, «Бір нанды бөліп жеген досым емес пе!» – дейтін. Ол қызметте жүргенде саудамен айналысып жүрген менің басымнан бір қысылтаяң кездер өтті. Сонда Мейрам маған корған болды. «Қызметте көтерілсем, жолың әрдайым ашық болады, қолдаушың боламын», – дейтін.

Был Сыктывкарда әскери қызметтерін өтеген баянауылдық азаматтар Екібастұзда бас қосып, өткен күндерден естелік шертпекші. Олардың ішінде Суат Қадыров, Жанай Алпысбаев, Қайрат Кикимов (кәсіпкер), Темірболат Сапарбеков, Ербол Жұсіпбаев (кәсіпкер), Ерден Кәрібаев, Дүйсен Сексенбаев, Теміржан Кишев, Қайрат Байділдин (ұстаз), Нұрсағат Бейсенбин, Айтқали Тұяков, Болат Әусағитов, Сергей Подтабачный, Төлеген Сауырбаев (кәсіпкер), Манаrbек Айтжанов, Жылқыбек Әбішев, Аман Қалиев сынды азаматтар бар. Әскер кезінде бірін-бірі жете танып-білмегендер осы кездесу қарсаңында мән-жай сұрасып, жақындастып жатқан жайы бар. Олардың арасында жолдастыққа адал, қайсар, арманышыл Мейрамның болмайтыны өкінішті-ақ! Солдаттық ғұ-

мырдың киындығы мен кызығын бірге кешкен азamatтар аяулы досқа деген еске алу сағынышын басылым арқылы жолдауды өтінді. Өздері тай-құлышадай тебісіп алыс жолға аттанған маусым айының жаймашуақ кешінде, яғни, 36 жыл өткен соң, Мейрам жайлышталай сырдың қимастық сезіммен шертілері хак.

... Бала кезімде өзім хат жолдаған бейтаныс Сыктывкардан жеткен қызыл пүліш альбомды қолыма тағы бір алдым. Онда бейнесі жарқыраған бозбалалар Баянбек Қоятинов, Жұман Манапов, Тимоха Маханов және әскерден қара табытпен оралған Ертай Жакиманов марқұмдармен достары енді шүйіркелесе алмайды. Ал мынау – сол маған залдағы суреттен таныс болған жауынгер Дәүлетовтің нақ өзі. Жанарындағы жалындаған от жанынды қаритындей...

2020 жыл

Олар отбасына оралмады...

Күнтізбеде «7 мамыр – Отан қорғаушы күні» деген салмакты күн бар. Қуанарлық жайт, ескелең ұрпақ осы мерекенің салмағын сезініп өсіп келе жатқандай. Шынтуайтына келгенде, кенестік мереke – 23 акпанның дақпырты бұрынғыдай емес.

Әдетте біз мерекенің куанышты тұсына үңіліп, көлеңкесін естен шығарып аламыз. Әсіресе, «Отанды қорғау» ұғымының астарында талай қантөгіс, қайғы мен мұң көміліп жатқанын естен шығармауға тиіспіз.

Адамзатты тітіренткен II дүниежүзілік соғыстан соң, яғни, бейбіт өмірде де сан сарбаз сапқа тұрып, Отан алдындағы міндетін өтеуге аттанып жатты. Біз туып-өскен Жұмат Шанин ауылымда да бозбалалар әскерге аттанғанда шығарып салу кеші өтіп, ақ жаулықты аналар баласының алғашқы хаты келгенде құрбыларын шайға шақырысушы еді. Өкінішке қарай, аналар тілегі алғаусыз болғанымен, сағынған баласының орнына мырыш табыт құшкан қасіретті сэттер де калды ауыл тарихында...

«Әскерден оралмай қалған» дегенді естігендे, менің есіме Сәдіғазиндер әuletінің жалғыз ұлы, ауылын гитара сазына бөлеген

Тұрсынбек Сәдіғазин (1971 жылы туған) түседі. Жеті қыздың ортасында өскен Тұрсынбек марқұм 6 ай Колымада жаттығып, өске-ри борышын Магаданда өтеп жүріп мерт болды. Әкесі Қабыкеш Сәдіғазиннің, әлбетте, беделін салып жүріп жалғызын әскерден алып қалатын мүмкіндігі болып тұрды. Бірақ Қызыл Жұлдызызы барлаушы ардан аттамады...

Тұрсынбектің әкесі Күлбанның айтуынша, жауынгер мәйітін әкелгенде ауылға екі капитан еріп келіпті. Үй ішіне «тауда қарақшыларды қуып жүріп көлік аударылды» деп хабарлаған. Бірақ кейін сарбаздың Магаданда бұзақылар соққысынан опат болғаны белгілі болады. Тіпті сол жолы соккыдан көз жұмған жалғыз Тұрсынбек емес екен...

Тұрсынбектің анасы кешкен мұндай қасіретті ұлы Сағат Молдабаевты (1962 жылы туған) әскерге қара «Волгамен» әспеттеп шығарып салып, қара табытпен қарсы алған Күлшария Жапарқызы апамыз да кешкен. Сағат Мұқанұлы 1981 жылғы 3 қыркүйекте Амур облысы Зея қаласында әскери қызметі кезінде қайтыс болды.

Қос боздақ кеңестік әскер жүйесінің құрбаны болса, 1978 жылы туған Саят Шекеев егемен еліміздің Қарулы Күштері қатарында жүріп, 1998 жылы Аяғөздің №01221 әскери бөлімінде қыршынынан қылды. Саят Маратұлы (Сартайұлы) ұстазымыз Рымкеш Темірханқызының ең елгезек баласы болатын.

Азаматтық борышын атқарамын деп аңғал көнілмен аттанып, жер жастанғандардан бейбіт заман сақшысы Ербол Сембаевты (1971 ж.т.) бөліп-жаруға болмас. Германияда әскери борышын өтеп келген соң, Екібастұз қаласында МАИ инспекторы болып еңбек етіп жүрген Ербол Қабыкешұлы 1994 жылдың 3 акпанында қызметтік міндетін атқару кезінде қаскунемнің қолынан қаза тапты. Павлодар облыстық ішкі істер департаментінің әскери данқ музейінде және Екібастұздың ПБ-да Ербол Сембаевқа арналған мүйістер бар.

Атап өтерлігі, Тұрсынбек Сәдіғазин мен Ербол Сембаев бір сыныпта оқып, бір көшеде тұрған. Былтыр олармен тай-құлындау тебісіп бірге өскен ауыл азаматы Ерлан Әуелбаевпен ақылдасып, «Отан алдындағы борышын өтеу кезінде қаза болған азаматтарға арнап ауылдан ескерткіш ашылса» деген тілегімізді айтқан едік. Пандемия килігіп, жұрт киын жағдайда жүргендеге оны көпшілік-

тің талқысына сала алмадық, сөйтіп жүргенде Ерлан Әуелбаев та о дүниелік болып кетті. Ерлан марқұм әуелде «Ауыл әкімдігінің жанында Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіш бар, сол манға кою керек» деген пікір білдірген-ді. Мен: «Ауылымыздың жастары бертін аумағы атшаптырым саябак салды ғой. Сол саябақтың бір шетіне орнатып, әрқайсысының есімін жазса... Сол жерде кейінгі жастар гитарамен ән салып отырап еді және ол саябак Тұрсынбек, Ербол марқұмдар тұрған көшеге де жақын» деген ой айтқанмын. Бәлкім, біздің ойымызды боздактардың туған-туыстары, сыныптас достары іліп әкетіп жатса, ескерткіш орнатылып та қалар...

Әрине, аталған азаматтар жау оғынан өлген жок, кеңестік жауапсыз жүйенің күрбаны болды. Бірақ олардың бәрі де алыс са-парға «Отан қорғаймын!» деген адаптацияның адал ниетпен аттанды емес пе...

2021 жыл

Мазмұны

| | |
|-------------------------------------|---|
| Алғысөз | 3 |
| Біздің Шанин ауылының карттары..... | 5 |
| Боздақтар | 6 |

КҮРКЕЛІ САРБАЗДАРЫ

| | |
|--|----------|
| «Соғыстан қайтқан солдаттар...» | 8 |
|--|----------|

| | |
|---|----|
| Құжат: Южный ауылдық округі (казіргі Күркелі ауылдық округі – Ж.К.) аумағында тұрып жатқан Ұлы Отан соғысына катысушылардың 1986 жылғы 1 сәуірге ұсынылған тізімі | 8 |
| Соғыс мүгедектері | 8 |
| Соғыска қатысқандар | 8 |
| «Ленинград түбінде Ақмұқан аяқ баспаған бөлім жок»..... | 10 |
| Үш жұлдызды ұшқыш – подполковник Тұсіпбаев..... | 13 |
| Арман | 16 |
| Женісті Берлинде қарсы алған | |
| «Қызыл Жұлдызды» Қабыкеш Сәдіғазин | 17 |
| Әзілхан мен Мұзафар жыр арнаған ержүрек | |
| Ғалымжан Мақашев | 19 |
| Балдақты жауынгер – Әбди Тәңкіманов..... | 22 |
| Ашу Бәбиұлының «Ерлігі үшін» медаліне тіл бітірсек..... | 23 |
| Парасат бәйтерегі | 25 |
| Колхоз, кеншар бастауында тұрған Салық Сапабеков | 32 |
| Салық Сапабеков жайлы ұрпактары ұсынған | |
| ғұмырбаяндық деректер..... | 33 |
| Сұнғатбек Сапабековтің естелігі..... | 34 |
| Соғыска бір аяғын берген Қабылтай Жанәділов | 37 |
| Ғұмырдерек | 38 |
| Мектептің тұнғыш директоры – офицер | |
| Ғалымжан Қыпшақбаев | 39 |
| «Ерлігі үшін» медалін екі рет алған бөлімшесе командирі – | |
| Мұхтар Сламбеков..... | 40 |
| Колхоздың алғашкы шоғёры – Қаби Кәлиұлы | 41 |
| Майданнан мұғалімдікке шақыртылған Рахметолла Үрпеков ... | 42 |
| Зенбірек командирі – Бәйкен Әбілқасов..... | 43 |
| Нұрғали молдадан білім алған Кәрім Нұрбалаұлы | 44 |
| Ауыл шопаны – Айткен Бұқабаев..... | 45 |
| Жуков медалін такқан Нұрмамбет (Шөкалай) Шуақбаев | 46 |
| Омбыда оқыған ұстаз – Солтан Рұstemбеков | 46 |

| | |
|--|-----------|
| Барлаушы Темірхан Үрпекбаев | 47 |
| Мәскеу шеруіне қатысқан Сейфolla Күмісбеков | 51 |
| Қызыл Ту орденді Нәжімиден Сейітов..... | 52 |
| Зоотехник Жантұрсын Қокымбаев | 53 |
| Женісті Германияда карсы алған Тұрсынбек Жалбыров | 53 |
| «Данқ» орденінің иегері – Ақзам Айғазинов..... | 54 |
| Ауыл молдалары | 56 |
| Тайшық Қадыров | 56 |
| Құраны қорғаған Қабиден ата | 59 |
| Сұлеймен Баязитовтің Қабиден Әлменбайұлына арнаған «Молда» өлеңі | 62 |
| Садық Сапабекұлы | 63 |
| Садық Сапабеков жайлы ұрпактары ұсынған ғұмырбаяндық дерек | 65 |
| Төкен Эмірин | 67 |
| Ыдырыс Сарбасұлы..... | 69 |
| Тұтқында тозақ көргендер | 71 |
| Әди Шәріповтен хат алған Қамкен Жәнбеков | 71 |
| Қамкен атанаң (жиен) немересі | |
| Диана Темирбулатованың естелігі | 73 |
| Кеншар есепшісі – Серіkbай Төленбеков | 76 |
| Тамұқтан тірі келген Масғұт Әлинов | 78 |
| Неміс пен Кеңес азабын тартқан Сансызбай Сыздыков..... | 81 |
| Ауылда туып, алысқа самғаған | 84 |
| Майдан ветеринары – Сәмен Шалабаев..... | 84 |
| Ұлт намысы үшін офицерді аткан Шайхслам Есмағанбетов | 86 |
| Мина жинап, тығырықтан шықкан Мұқаш Ыскәқбекұлы | 87 |
| Құрсаудағы қалаға қару тасыған Зайныш Нұрмаганбетов | 89 |
| Хабарсыз кеткен боздақтар | 91 |
| Шәһіндегерді өзегіңнен өшірме! | 91 |
| Айтыш атам Қарсыбай батырмен бірге соғысқан..... | 92 |
| Төлеубек Қокымбаев | 97 |
| Әділхан Қоятинов..... | 97 |
| «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Женіс үшін!»: | |
| Тылда жүріп тірек болған | 99 |
| Ағайындылар тағдыры | |
| (Бимұхамбет, Соқырбек Жұманбаевтар) | 99 |
| Политрук Төлеутай Сәрсенбаев | 103 |

АҚБЕТТАУ ҚЫРАНДАРЫ

| | |
|---|-----|
| Құнды «тілді» қолға түсірген Мағаз Бірімжанов | 106 |
| Мағаз Бірімжановтың баласы Баянбек Мағазұлының естелігі. | 107 |
| Танк колоннасына ұлес қосқан Молша Шағалин..... | 109 |
| Бәкен Молшаұлы | 112 |
| Омар Молшаұлы | 112 |
| Жаңабай Молшаұлы | 113 |
| Майдан хаттары | 113 |
| Әнші Майрамен сапарлас болған Мұхамеджар Әбдіразаков.... | 114 |
| Мәскеуде оқыған минометші Шәймерден Шукібаев | 116 |
| Байланысшы Мәжит Айдарханов | 117 |
| «Киров» крейсерінің тенізшісі – Ақшиман Кенсарин | 119 |
| Зенитші Қабиден Қөпееев | 121 |
| Самолёт жасауға қаражат берген Қайырбек Бәженеев | 124 |
| Медалін тағып ұлгермен Шәктай Машрапов | 126 |
| Соғыс сүрлеуі..... | 129 |

ЖӘДІГЕР

| | |
|----------------------------------|-----|
| Бауыржан батырмен кездескен..... | 130 |
| Мың алғыс саған, фотограф! | 131 |

БЕЙБІТ ЗАМАН ШАҢИДТЕРІ

| | |
|--|-----|
| Сыктывкар қыраны: от кеуделі Мейрам дос..... | 135 |
| Олар отбасына оралмады..... | 138 |

Қадырова Жанаргұл

БАЯННЫҢ БАТЫР ҰЛДАРЫ

Автордың жеке еңбектерін кітапқа сілтемесіз
көшіріп басуға тыйым салынады.

Жобаны үйлестіруші – Рұстем Айгазинов.

Мұқабада:

Салық Сапабеков, Мағаз Бірімжанов, Балтабай Тұсіпбаев,
Кәрім Нұрбалин, Мұхамеджар Әбдіразаков, Төкен Әмірин,
Нәжмиден Сейітов, Сейфолла Күмісбеков, Бәйкен Әбілқасов.

ISBN 978-601-373-194-0

A standard barcode representing the ISBN 978-601-373-194-0. The barcode is composed of vertical black bars of varying widths on a white background. Below the barcode, the numbers "9 786013 731940" are printed in a small font.

20.04.2025 ж. басуға кол койылды. Қөлемі 43,5x62/16. Офсеттік басылым.
Каріп түрі Times New Roman. Шартты баспа табағы 9. Таралымы 400 дана.

ЖК «Сытин А.А.» баспаханасында басылған. Қазақстан Республикасы,
140000, Павлодар қ., 29 Ноябрь қ., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-13, 61-82-12.



Зайныш Нұрмаганбетов



Жантұрын Қокымбаев



Шәймерден Шүкібаев бейнеленген билборд
жанында – баласы Бақтыбай



Рахметолла Урпеков – жұбайы Зылихаш Көбешқызымен



Солтан Рұстембеков



Фалымжан Мақашев



Қабыкеш Сәдіғазин



Несая Әбдікәрімқызы
Бауыржан Момышұлымен



Жұмат Шанин ауылдың әкімдік ғимараты және
қабырғасындағы мемориалдық тақта



ЖАНАРГҮЛ ӘБДІКӘРІМҚЫЗЫ ҚАДЫРОВА (@zhanargulkadyrova)

Журналист, ақын, Екібастұз қалалық «Отарқа» газетінің редакторы.

1976 жылғы 22 қазанда Баянауыл ауданы Жұмат Шанин ауылында туған.

1997 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. Әлеуметтік ғылымдар магистрі (журналистика). Қазақстан журналистер және жазушылар одағының мүшесі. «Жетінші қабат» (2009), «Әкенің көзі» (2010) жыр жинақтарының, «Ер әкеме ескерткіш» (2021), «Астықтан алқа таққан Қарасу» (2012), «Өлкө тәжі – Өлеңті» (2022) деректі кітаптарының авторы. «Шорман би» (2025) кітабын құрастыруши.

2011 жылы ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Баянда тосам» атты кітабы жарық көрген.

Өлеңдері 2017 жылы Эзербайжан Республикасында әзербайжан тілінде жарық көрген «Қазіргі қазақ поэзиясының антологиясына» және Түркия, Қырғызстан, Татарстанның сол елдердің тіліндегі антологияларына енгізілген.

2023 жылы қазақ ақындарының Қазақстан Республикасының Франциядағы Елшілігінде өткен «Күзгі randevу» атты поэзия кешіне катысты.

Қазақстан Республикасы ақпарат саласының үздігі.